



Айтыс ақыны, дара дарын иесі Доскей Әлімбаев жайлы ең алғаш рет Қағазкең марқұмнан естідім. Бұл сексенінші жылдардың соңы еді. Әңгіме болып отырған кезеңде Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) аудандық газетінде қызмет атқаратынмын. Сол кездері зейнеткерлікке шыққан Қағазкең (белгілі журналист Қағазбек Сәденов) бүкіл аудандық газеттер басылатын «Полиграфия» өндірістік бірлестігінде аудармашы болып жүрген-ді. Жиі хабарласып, жүздесіп тұрамыз. Сондай кездесулердің бірінде ақсақал әріптесім: «Ермек шырағым, Ботақараға ауысып келгеніңе де бірер жыл болды емес пе?» «Бұл жердің тарихынан не білесің?» Осы өңірден Доскей Әлімбаев, Ілияс Манкин, Көшен Елеуов деген ірі айтыс ақындары шыққан. Солар жайлы неге жазбайсыңдар?» «Оларды сендер іздемесеңдер, кім іздейді, кім жоқтайды?» деген сауалдар тастады.

Шынында да бұл менің зер салмаған, сондықтан да білмейтін тақырыбым еді. Қатты ұялып қалдым. Аталған ақындар жайлы әдебиеттерді қарастыруға, әлі де ортамызда жүрген қарттардан тың деректер сұрастыруға уәде бердім Қағазкеңе.

Уәде — құдай аты. Соны орындау үшін біраз кітаптар парақтауға тура келді. Әйткенмен, Доскей ақын туралы тасқа түскен дерек мардымсыз екен. Ертеде шыққан кітаптардың бәрі тозған, жыртылған, жоғалған. 40-50 жыл бұрынғы мерзімдік басылымдардың жұрнағын тек мемлекеттік кітапханалардан ғана табуға болады. Ақын туралы барынша толығырақ мәлімет беретін «Қарағанды. Қарағанды облысы» атты энциклопедияның дерегі Қағазкеңнің әңгімесінен де жұпыны екен. Профессор Серік Негимов құрастырған Доскей Әлімбаевтың «Кенші жыры» жинағы, осы Серік ағамыз бен ғалым Ғазиз Ештанаевтың зерттеулері қолымызға кештеу ілікті.

Сөйтіп жүргенде, 1989 жылы, қыс маусымының соңында Бұқар жырау (бұрынғы Ульянов) ауданына қарасты «Победа» шаруашылығына жол түсті. Бұл — Доскей ақын ғұмырының соңғы жылдары өткен мекен. Жыраудың мұрдесі де осы ауылдың жанындағы қорымда.

Ол кезде аталған елді мекенде орналасқан үш ірі кәсіпорынды да өзге ұлт-



КӨРНЕКТІ АЙТЫС АҚЫНЫ ДОСКЕЙ ӘЛІМБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 175 ЖЫЛ

тың өкілдері билейтін-ді. Тек ауылдық Кеңестің төрағасы ғана қазақ Армия Сабалақов дейтін ағамыз болатын.

— Соғыстан кейінгі уақытта ауылдық Кеңестің өңірінде үш колхоз болыпты: Чапаев атындағы, «Трудовик», Доскей атындағы. Елуінші жылдары осы үшеуі біріктіріліп, ірілендіріліп «Победа» атанған екен. Доскей атауының жойылғаны сол кез. Шаруашылық орталығы Қызылқұлақ ауылы мен Доскей атындағы колхоздың орнына салынды. Ол кезде «Зеленая балка» деген атау жоқ еді. Бұл осы жерге кейінірек берілген есім. Тіпті кім шығарып жүргенін де білмеймін. Қазақ

сөзін құлағы тосырқайтын өктем ұлт өкілдерінің бірі болар, сірә. Ал ауылдық кеңес Ақжар деп аталады. Қазіргі кезде ауылдың Қызылқұлақ аты ұмытылуға айналды, анда-санда Доскей атын ауызға аламыз. Оның өзінде мына өзектің шығыс жақ қабағындағы ауыл туралы әңгіме болғанда ғана. Ал Доскей туралы толығырақ мәлімет алмақ болсаңыз, осы жерде оның туысқан ұрпағы тұрады, соған жолығыңыз, — деді Армия ағай ақынға қатысты қойған сауалдарымызға орай айтқан әңгімесінде.

(Жалғасы 5-бетте)

Медетбек батырдың 200 жылдығына арналған мүшәйра өтеді

Медетбек батырдың туғанына 200 жыл толуына арналған «Еліне қорған болған ер Медетбек» атты республикалық жыр мүшәйрасы өткізілмек. Төменде аталған байқаудың ережесі ұсынылып отыр.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Есебайұлы Медетбек батырдың туғанына 200 жыл толуына арналған республикалық жыр мүшәйрасы 2025 жылдың 10 қазан күні жарияланып, 2025 жылдың желтоқсан айы — Тәуелсіздік күні қарсаңында қорытындысы шығады.

ЖЫР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

Қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын Медетбек батырдың есімін жас ұрпақ санасында жаңғырту, ұлтжандылық қасиеттерін арттыру, ерлігін дәріптеу арқылы ұлт рухын аскактату;

Ұлттық әдебиетімізді рухты, тың туындылармен толықтыру, қазіргі қазақ поэзиясының талантты өкілдерін қолдау, жаңа есімдердің танылуына жол ашу.

ЖЫР МҮШӘЙРАСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ:

Байқауға екі тақырыпқа арнап жазылған шығармалар қабылданады;

«Еліне қорған болған ер Медетбек» атты Медетбек батыр туралы поэзиялық шығармалар;

Еркін тақырып;

Жыр мүшәйрасына қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды;

Үміткерлердің өлеңдері берілген тақырып бойынша қабылданады;

Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында (14 шрифт), жол арасы 1 интервал Times New Roman қарпімен ұсынылуы қажет;

Жыр мүшәйрасына бұрын еш жерде жарияланбаған жаңа шығармалар ғана ұсынылады;

Мүшәйраға қатысушы шығармасын бүркеншік атпен medetbekbatyr@gmail.com эл. поштасына жолдап, байланыс нөмірін ғана жазып жібереді.

Жүлдегерлердің жол шығыны жіберуші жақтан төленеді;

ЖЫР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ МЕРЗІМІ:

Жыр мүшәйрасына қатысатын шығармалар 2025 жылдың 5 желтоқсанына дейін қабылданады;

Қабылданған шығармалардың ішіндегі ең үздік өлең авторлары 2025 жылы Тәуелсіздік күні қарсаңында Алматы қаласында марапатталады.

ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ:

Қазылар алқасы танымал ақындардан құралады.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ:

I орын — 1 миллион теңге;

II орын — 500 мың теңге;

III орын — 200 мың теңге (екеу);

Арнайы жүлде — 100 мың теңге.

Ұйымдастырушы — Медетбек батыр қоры.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН!

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026

«Қазпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1918,53 т.
3 айға – 5755,59 т.
6 айға – 11511,18 т.
12 айға – 23022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 1720,82 т.
3 айға – 5162,46 т.
6 айға – 10324,92 т.
12 айға – 20649,84 т.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР: ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ БІРЕГЕЙЛІК
«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» ДИАЛОГ АЛАҒЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ



Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен «Ұлттық мүдде» диалог алаңының кезекті отырысы өтті.

Сенат Төрағасы тарихи кезеңде табан тірейтін құндылықтарды айқындап, оларды жаңа заманға бейімдеу және тың тетіктер арқылы уақыт талаптарымен үндестіру жолдарын анықтау маңызды міндет екенін атап өтті. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы үнемі осы бағыттағы идеологиялық жұмысқа баса мән беріп келе жатқанын айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Жолдауда Қазақстанды үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыру жөнінде нақты міндет жүктеді. Мұндай қадам ұлттық бірегейлігімізді одан әрі нығайтуға тың серпін береді. Кездесу барысында аталған бағыттар мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуде цифрлық технологияларды қолдану мәселелері жан-жақты талқыланып, тың ұсыныстар айтылады деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

«Ұлттық мүдде» диалог алаңында сенаторлармен

қатар Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, ҚР Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Баянғали Әлімжанов, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Жүдебаев, Жастар театрының көркемдік жетекшісі Нұрканат Жақыпбай, IT-визионер, CEO CodiPlay Данабек Қалиаждаров, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ бөлім меңгерушісі Салтанат Ермаханова, суретші Сырлыбек Бекботаев, Astana IT University «Жасанды интеллект» ғылыми-инновациялық орталығының директоры Бейбіт Әбдікенов, Сенат жанындағы Сарапшылар клубының мүшесі Жанерке Кочийгит және тағы басқа қатысушылар сөз сөйледі.

Сонымен қатар «Ұлттық мүдде» диалог алаңының отырысы аясында шығармашылық индустрия өкілдері, оның ішінде ÖzgeEric, лингвистер, студенттер, өнертанушылар, суретшілер және басқа да түрлі сала мамандары жаңа технологиялардың көмегімен әзірлеген жобалар көпшілікке таныстырылды.

АҚИЫҚ АҚЫННЫҢ 10 ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

14 қараша күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ақиық ақын, аруақты жырау Сүйінбай Аронұлының 10 томдық шығармаларының тұсаукесері өтті.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жоғары мектебі Ғылым академиясының академигі Қансейіт Әбдезұлының модераторлығымен өткен жиынды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев құттықтау сөзімен ашып, сәттілік тіледі.

Зиялы қауым өкілдері мен студенттер қатысқан жиында белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Нағашыбек Қапалбекұлы, белгілі ақын, филология ғылымдарының докторы, академик, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып, тағы басқалар сөз сөйледі.

Алқалы жиында Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкеновтің құттықтау хатын тапсырды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегмановты, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақыпты «FARABI» алтын медалімен марапаттады.

Кеш соңында Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармониясының өнерпаздары концерттік бағдарламасын ұсынып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады.



«ЗАМАН ЖӘНЕ ҚАЛАМҒЕР»



Шымкент қаласындағы Жастар ресурстық орталығында шымкенттік ақын-жазушылар мен оқырман қауымды рухани ортада тоғыстырған әдеби басқосу өтті.

Іс-шараның басты мақсаты — қалам ұстаған азаматтардың еңбегін дәріптеу, әдебиет арқылы қоғамның рухани әлеуетін арттыру және жас ұрпақты кітап оқуға баулу.

Кешке қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов, Шымкент қалалық мәслихатының төрағасы Бахадыр Нарымбетов қатысып, сөз өнерін серік еткен жандарға ізгі тілектерін арнады.

Кеш барысында Момбек Әбдіәкімұлының «Сыр шерткен өткеннен» атты естеліктер жинағы, Фатима Забурқызының «Тасжүрек» атты әңгімелер топтамасы мен Айгүл Қалтайқызының «Із» атты өлеңдер жинағы таныстырылып, тұсаукесер рәсімдері өтті.

Салтанатты жиыннан соң әдебиет пен заман тақырыбы төңірегінде өрбіген пікірталас еркін әрі шынайы өрнек тапты. Қаламгерлер бүгінгі қоғамдағы сөздің салмағы, жазушының жауапкершілігі мен жана заман талабындағы әдеби үрдістер жайында ой бөлісті. Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент қалалық филиалының төрағасы Момбек Әбдіәкімұлы кешті жүргізіп отырды.

Кеш соңында әдебиет әлеміне үлес қосып жүрген бірқатар ақын-жазушыларға қала әкімінің алғыс хаттары мен естелік сыйлықтары табыс етілді.

«ТАЛАС» ТАЛҚЫСЫ

Қараша айының 1-4 аралығында Түркияның Каппадокия аймағындағы Эрджиес тауының етегіндегі тарихи Кайсері қаласында түріктідес 14 мемлекеттен елуден астам қаламгер бас қосқан жиын өтті. Түріктідес әр мемлекеттің әдебиетін жеке дария десек, олардың арнасы Талас ауданында бір сағада қосылып, теңіздей толқыды.

Атауы Рим дәуірінен тамыр тартқан, гректің «кесардың қаласы» деген мағынасына ие Кайсері қаласы Түркияның Анатолия өңірінде орналасқан. Шартараптан шайырларды жинаған шаһар шыңында мәңгі ерімес мұз жатқан қарт Эрджиес тауының етегіне еркін жайғасқан екен.

Эрджиес тауы атауының бір ұшы түркі тілдеріне келіп тіреледі. Мұнда «эр» — батыр, ер адам дегенді білдірсе, ал «жиес» немесе «кйес» — биік, шың деген мағынада. Аңыздарда таудың биік шыңында батырлар жаттығып, ерлік сынақтарынан өткен деп айтылады. Сондықтан бұл Түркияның теңіз деңгейінен 3917 метр биіктікте орналасқан бесінші географиялық биік нүктесі ғана емес, түркі халықтарының мифологиялық ойында ерлік, күш-қуат символы, жергілікті халық үшін айрықша маңызды әрі қасиетті орын есептеледі.

Түркияның Мәдениет және Туризм министрлігі және ТІКА қорының қолдауымен Талас ауданы әкімдігі ұйымдастырған Түрік әлемі ақын-жазушыларының «Талас» кездесуі төрт күндік мәдени-әдеби мерекеге ұласып, гала концертпен аяқталды. Алғашқы күні-ақ келелі шараға төрткүл дүниеден — Маке-

дония мен Косово, Әзербайжан мен Қырғызстан, Өзбекстан мен Ресей, сондай-ақ Башқұртстан, Татарстан, Шығыс Түркістан, Молдованың Гагаузиясынан, Иранның Киркугі мен Туркменшахрынан жыр жалауын желбіретіп жеткен қонақтар ескі таныстай бір-бірімен шұрқырасып, селдей есе жөнелгені көңілге қуаныш сыйлады.

Қазақстандық делегацияны мемлекет және қоғам қайраткері, бауырлас халықтарды біріктіруге, тұтас түркі әлемінің рухани ұлыстығын нығайтуға теңіздей тер төккен бірегей тұлға Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов бастап барды. Делегация құрамында Абайдың 180 жылдығына арналған республикалық мүшәйраның бас жүлдегері, ақын Ұмтыл Зарыққан мен Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, жазушы Алмаз Мырзахмет те болды.

Төрткүндік мазмұнды бағдарлама аясында қазақстандық делегация бірнеше ғылыми конференция мен мәдениет орталығының ашылуында сөз сөйлеп, әдеби кештерде өлең оқып, Хидайет Айдоган атындағы әлеуметтік ғылымдар лицейіндегі Мағжан Жұмабаевқа арналған жыр кешінде басты қонақ болды.

Қорытынды кеште сөз сөйлеген Талас ауданының әкімі Мұста-

фа Ялчын түрік әлемін бір арнаға тоғыстырған ерекше кездесудің маңыздылығына назар аударма келе: «Біздің көкжиегімізді кеңейткен, жүректердегі жыр бұлақтарының көзін ашқан, Түрік әлемін нұрландыру үшін қаламызға алыс жолдан келген барша ақындар мен жазушыларға, ойшылдарға алғыс білдіремін!» — деді.

«Талас» жиыны қорытындысы күні қазақстандық қос қаламгер жазушы-зертеуші «Ахмет Кабақли» атындағы төсбелгі иесі атанды.

Іс-шаралар аясында Түрік дүниесінің мәдени көшбасшысы әрі алтынкөпірі Дүйсен Қорабайұлының Кайсері қаласының мэрі Гөкмен Шешек арнайы қабылдап, руханият, мәдениеттер тоғысы туралы әңгімелесті. Өз кезегінде абыз ақсақал әкімнің иығына қазақы дәстүрмен шапан жауып, алдағы уақытта тамыры бір елдер арасындағы байланысты одан әрі күшейте беру керектігін жеткізді.

Кайсері қаласында селдей көшіп, теңіздей толқыған түрік тілдес қаламгерлер бір-бірімен қимай қоштасып, бірге өткізген жақсы күндер жүректерге алау бергенін, елге жеткен соң соның жалынына ұзақ қарап, естеліктермен жылынатынын айтып тарқасты.



ӘДЕБИ БАСЫЛЫМДАР НАСИХАТТАЛДЫ

Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан облысында тұратын мүшелері соңғы кездері көркем әдебиет пен әдеби газет-журналдарды насихаттауды күрт күшейтті.



жандандыруға және әдеби басылымдарға мейлінше белсенді жазылуға шақырды. Аудан орталығында бұл шаруаға ақын Махмет Қажиахмет те атсалысты. Өткен аптада Б. Ғұбайдуллин аудан-ауылдарды аралау сапарын жалғастырып, Таскала ауданының орталығы мен Айнабұлақ, Мерей, Шежін ауылдарында әдеби шығармалар оқудың адам санасы мен бала тәрбиесіне игі әсері жөнінде келелі әңгіме өрбітті. Әрине, әдеби басылымдарға жазылу жайы да назардан тыс қалмады.

Таскала ауданында тұратын жас ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, білім саласының қызметкері Мендібек Лұқпанов соңғы жылдары батысқазақстандық қаламгерлердің көркем туындылары республикалық әдеби газет-журналдарда жиі жариялана бастағанын айта келіп, жерлестерін «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын» журналдарына өнімді жазылуға үндеді. Осындай мақсатпен аудан-ауылдарды аралау барысында Ақ Жайық атырабын мекендеген ақын-жазушылар әдеби-мәдени тұрғыдан көбіне назардан тыс қалатын елді мекендерге жиі ат басын бұруда. Жалпы, аудан-ауылдарды, үлкенді-кішілі елді мекендерді аралап, көркем әдебиетті насихаттау ісіне Сағынтай Бисенғалиев, Дариға Мұштанова, Қазыбек Құттымұратұлы, Бауыржан Халиолла, Елтай Бімұқанов, Әділет Орынбасар, Бауыржан Ширмеденұлы және Талғат Мықидай әріптестеріміз лайықты үлес қосуда.

Бауыржан ФАЙЗОЛЛАҰЛЫ,
Батыс Қазақстан облысы

СЫР СҮЛЕЙІНЕ ҚҰРМЕТ



Өткен аптаның жұмасында жыр елі – Сыр елінің ортаймаған қазаны қазыналы Қазалы өңірінде шын тұлпардың бірі, дүлдүл сөздің дүрі Қарасақал Ерімбет шайырдың (1850–1911) туғанына 175 жыл толу мерейтойы рухани серпіліс жағдайында аталып өтті.

Ақын есімі мен шығармашылық мұрасын қастер тұтатын, республиканың шартарабынан келген ұрпақтары мен сыйлы қонақтар, ең алдымен, Қазалы қаласы саябағындағы шайырға орнатылған ескерткіш бюстіне гүл шоқтарын қойды. Ғ.Мұратбаев музейіне бас сұқты. Мәдени шара Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы аудандық Мәдениет орталығында бастау алды. Жиналғандар Сыр сүлейінің асыл мұрасына арналған тағылымды кітап көрмесі мен тарихи-мұражайдың шайыр өмір сүрген көне жәдігерлермен танысты.

Мерейтойлық жиында аудан әкімі А.Есмаханов жан-жақтан келген ақ тілектер, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасы М.Құлқенов пен облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ж.Сейіловтің құттықтауын жеткізді.

Ғылыми-теориялық конференцияда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әдебиетші ғалымдары: ф.ғ.к., қауымдастан профессор Ұ.Жаңбыршиева мен Г.Оралова, К.Құдайбергенова, фольклор және музыкатанушы, ғалым Б.Жүсіпов өз баяндамаларында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында ғұмыр кешкен жыршылық өнер мен шығыстық үлгідегі жазба әдебиетінің көрнекті өкілі Ерімбет Көлдейбекұлының өмірі мен шығармашылық мұрасына кеңінен тоқталды.

Түстен кейін Сыр сүлейінің «Ғибрат ал, ақылың болса, көз жіберіп, жалғанның түбін ойлап күтіңдер!» деген тәрбиелік мәнді терме толғауы, айтысы мен қисса дастандарын насихаттауға арналған «Ұлағат жырым ұрпаққа» атты республикалық жыршы-жыраулар байқауы өтті. Байқауға танымал жыршы Б.Жүсіпов қазылық етті. Сахна түңілігін тасқынды жыр-термелер желпіді. Нәтижесінде бас жүлдені Ж.Жақсан (Қызылорда), бірінші орынды М.Сүгірбай, екінші орынды Алматылық Ұ.Нұртуған жеңіп алды. Жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Мерейтой аясында ақын рухын қастер тұтушылар Қызылдың қиясында Қуандария бойындағы шайырдың мәңгілік тұрағын тапқан қасиетті орынға барып зиярат етті. Бозкөл ауылындағы Қарасақал Ерімбет атындағы №96 орта мектебіндегі ел ардақтысы мұражайын тамашалады.

Караша ҚАРАМАН,
Қызылорда облысы

ЖАЙЫҚ ЖҰРТЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

Осыдан бірер апта бұрын Орал қаласына танымал жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, М. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері Нұрдәулет Ақыш келіп, Жайық жұртымен жүздесті.

Ақ Жайық атырабына табаны тиген күні қарымды қаламгер Батыс Қазақстан облысының орталығындағы абыз ақын Қадыр Мырза Әли атындағы өнер және мәдениет орталығында болып, Жайық жазба әдебиетінің өткені хәм бүгінгімен танысты. Ергеніне Нұрдәулет Ақыш Хамза Есенжанов атындағы

облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында әдеби қарым-қабілеті бар жеткіншектерге қоса, олардың ата-аналары және мұғалімдерімен, сондай-ақ кітапханашы қауыммен жүздесті. Әуелі үшбу кітапхананың бай тарихымен, құрылымдық ерекшеліктерімен, елішілік және халықаралық байланыстарымен кітапхананың бөлім меңгерушісі Гүлназ Хамзина таныстырып өтті. Содан соң әдеби астанамыз Алматыдан келген мейман кітап оқу мәдениеті, көркем әдебиеттің адам өмірі мен адамзат қоғамы үшін рухани мән-маңызы жөнінде ғибратты әңгіме өрбітті. Сосын жазушы мен Жайық жұртының жүздесуі сұрақ-жауап сипатында өрбіді.

– Жақында «Афанасий Латута» атты жаңа романы жарық көреді. Бұл шығарманың басты кейіпкері Афанасий



– Ақмоладағы ұлт-азаттық көтерілісін бастаған украин азаматы. Маған ол туралы роман жазуға танымал тарихшы Зиябек Қабылдинов ықпал етті, – деді оқырмандарының сауалына жауап беру барысында Нұрдәулет Бәбиханұлы. Емін-еркін әңгіме-дүкен түрінде өткен кездесу көпшілікке әдемі әсер сыйлады.

Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН,
Батыс Қазақстан облысы

ТЕМІРДЕГІ ҚОС МЕРЕЙТОЙ

Ақтөбе облысындағы Темір қаласы – қазақ тарихында айрықша орны бар тұлғалардың ізі қалған көне мекен. Сондай тұлғалардың бірі – қазақ әдебиеті мен журналистикасының дамуына өлшеусіз үлес қосқан, өз дәуірінің рухын терең танып, сол кездегі ел өмірін көркем тілмен айшықтаған көрнекті жазушы, драматург, журналист Жиенғали Тілепбергенов.



тарихи-танымдық конференция өткізілді. Қос мерейтойға арналған осы конференцияға Астанадан, Алматыдан, еліміздің басқа да қалаларынан белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері және Ж.Тілепбергеновтің ұрпақтары қатысты.

Іс-шара барысында Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлқеновтің арнайы құттықтауын Одақтың Ақтөбе филиалының директоры, облыстық мәслихаттың депутаты, ақын Бижан Қалмағанбетов табыстады. Сонымен бірге филология ғылымдарының докторы Серікқали Байменше «Ж.Тілепбергеновтің тарихи тұлғасы мен мұрасы заман зердесінде» деген тақырыпта баяндама жасап, жазушының өмірі мен шығармашылық мұрасын жан-жақты талдап, қазақ әдебиеті мен журналистикасындағы орнын атап өтті.

Темір ауданында өткен осы қос мерейтой әдебиет пен баспасөздің, тарих пен тағылымның тоғысқан мерейлі сәтінің айқын куәсі болды.

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының
Ақтөбе облысындағы өкілі

Ж.Тілепбергенов – XX ғасырдың басында ұлт баспасөзін өрге сүйреген буынның ең көрнекті өкілдерінің бірі. Ол Ақтөбеде 1924 жылдан бастап төте жазумен шыққан тұңғыш қазақ тілді басылым «Кедейге» (қазіргі «Темір» газеті) алғашында автор ретінде қатысып, кейін басшылық қызметке ауысып, өмірінің соңына дейін сол «Кедей» газетінің редакторы болды.

Осындай белгілі тұлғаның мұрасын ұлықтау үшін өткен аптада Темір ауданында облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен Жиенғали Тілепбергеновтің 130 жылдығы мен «Темір» газетінің 95 жылдығына арналған «Темір үні: тұлға және тағылым» атты

«ЖҰЛДЫЗ» ЖУРНАЛЫНА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Құрметті оқырман! Қазақ руханиятына ғасырдан астам уақыт бойы қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан «Жұлдыз» журналына 2026 жылға «Қазпошта» арқылы жазылу науқаны басталды.

«Жұлдыз» – қазақ әдебиетінің алтын ұясы, ұлт сөз өнерінің рухани ордасы. Журнал бетінде қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясының озық

туындылары, әдеби-сын мақалалар, танымдық эсселер мен зерттеулер, әлем классиктерінің шығармашылық тәжірибелері мен құпиялары, сондай-ақ жас қаламгерлердің шығармалары тұрақты түрде жарияланып тұрады.

«Жұлдыз» – өткеннің мұрасын, бүгіннің үнін және болашақтың үмітін тоғыстырған рухани әлем! Осы рухани әлемнен қол үзбеңіз. Қолданыңыз, жазылыңыз.

Жеке адамдар үшін	Қала	Ауыл	Мекемелер үшін	Қала	Ауыл
Индекс: 75685	Бағасы	Бағасы	Индекс: 25686	Бағасы	Бағасы
1 айға	1183,86	1183,86	1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58	3551,58	3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16	7103,16	6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14206,32	14206,32	12 айға	17394,24	16846,32



**Қансейіт
ӘБДЕЗҰЛЫ**

«Жүрек — теңіз, қызықтың
бәрі — асыл тас»

Абай

Қазақтың біртуар перзенті, ұлы ойшылы, ғұлама ақыны Хакім Абай 1886 жылы бар болғаны қырыққа енді толған жасында әлдеқашан өтіп кеткен көне заманалардың абыздарындай терең толғана отырып: «Жас қартаймақ, жоқ тумак, туған келмек, Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек. Басқан із, көрген қызық артта қалмақ, Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек...» — деп терең күрсінеді.

Өмірдің ащы-тұщысын қатар татқан, қалың елі қазағы үшін жүрегі өртеніп, жаны күйген, елінің тірлігін көріп, мінезі мен мініне қабырғасы қайысқан, бірақ ұлтының болашағына сенуақытта үмітін үзбеген, елінің ертеніне сенген, сене тұрып аяусыз сынаған аяулы ақын «бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек» деп өсиет тастапты.

Он тоғызыншы ғасырда тағдыр кешіп, ағайынымен айтысып, тартысып ғұмыр сүрсе де соңына мәңгілік өлмес, мәңгілік өшпес мұра қалдырған данышпан, кемеңгер адам осылайша жиырмасыншы ғасырдың басталар тұсында өмірден озыпты...

...Жақында ғана қолыма тиген жаңа кітап сол Абай жете алмай кеткен, Абай көре алмай кеткен жиырмасыншы ғасырға арналыпты. Жиырмасыншы ғасырда ғұмыр кешіп, жиырмасыншы ғасырдың аласапыран оқиғаларына куә болған, қалың ортасында жүрген, басынан кешкен, миллиондаған қазақтың шеккен азабы мен көрген қиянатын жүрек көзінен өткізген бір шоғыр тарихи тұлғалардың өмірбаянынан өрбітіп кітап жазыпты. Автор кітабын «Менің ағаларым» деп атапты. Авторы көрнекті мемлекет қайраткері, руханият жанашыры, қарымды қаламгер, тарихшы, академик Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Қайран ағалар... Қайран арыстар... Алты алашқа есімдері мәшһүр, алыстағы, жақындағы түркі жұртына жақсы атағы тараған, қала берді тұтас қазақтың жақсылары мен жайсаңдары түгел танытын, түгел құрметтейтін ел ағаларының асыл бейнесі мен ғазиз дидары біртіндеп көз алдымынан өтіп жатты...

Бірақ кейіпкерлерінің барлығы бұл өмірде жоқ. Мезгіл, мезгіл жыл құстарындай, алыс сапарларына шығарып салғанбыз...

Тұлғалары алыстан мұнартып көрінетін тау шыңдары іспеттес бірінен кейін бірі биіктей түсетін осынау есімдер туралы жаңа кітап қолыма тиген сәттен бастап бас алмай, бір деммен оқып шықтым.

Бір беттен бір бетке ауысқан сайын асыл ағаларымның тағдыры, арпалыспен өткен өмірлері мені де тереңіне тарта берді, тарта берді.

Кітапқа кейінгі жиырма жыл аралығында, яғни 2005—2025 жылдары жазылған, мерзімді, үлкен басылымдарда жарық көрген, қазақ қауымының ыстық ықпалы мен ризашылығына ие болған халқымыздың аса көрнекті мемлекет пен қоғам, ғылым мен мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлері туралы қаламгердің таңдаулы эсселері енгізіліпті. Жазылу мерзіміне және баспа жүзінде жариялану уақытына сабақтастырып, әрбір тұлғаның тарихи-танымдық, әдеби портреттері бөлек-бөлек берілген. Барлығының қазақ та-

рихындағы, қазақ қоғамындағы орны мен сіңірген еңбегіне терең тоқталатын автор, олардың ел өміріндегі өмірі мен тағдырына, еліміздің дамуы мен өркендеуіндегі баға жетпес үлестері мен ерліктерін де бір сәт көзден таса қалдырмаған.

Олар кімдер еді... Академиктер Салық Зиманов, Өмірбек Жолдасбеков, Шаһмардан Есенов, Зейнолла Қабдолов, Манаш Қозыбаев, Төрегелді Шарманов, Рымғали Нұрғали, Халық Қаһармандары Қасым

абзақта автор ойының мәйегі көрінеді. Бүкіл ғұмырын, тағдырын ұлтына арнаған, Алаш арыстарын ақтап алу жолында жан-кешті еңбек жасаған, күрескенмен күресіп, алысқанмен алысып, бір елі шегінбей өткен тарихшы-ғалымның, ғұлама ғалымның тұлғасы көз алдымызда биіктей береді, биіктей береді...

Тап осындай әсерді басқа да тұлғаларға арналған эссе-портреттердегі бейнелі суреттеулерден, бедерлі баяндаулардан

бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, сол алмағайып кезеңде тік тұрып, кеудесін оққа төсеп, ұлттың қамы үшін, ұлттың болашағы үшін өліп кетуге дайын тұрған перзенттік адалдығы мен бабалар қанымен келген батырлығы болмағанда, күніміз не боларын түсіну үшін керек.

Бұл — бізге, әсіресе жас ұрпаққа тарихтан сабақ алу үшін, болашақта да алмағайып заманның қармағына түсіп қапыда қалмау үшін, сан ғасырлар бой-

АЙ ҚАНАТТЫ АРҒЫМАҚТАР

Қайсенов, Рақымжан Қошқарбаев, әйгілі сәулетші, өнер қайраткері Шот-Аман Уәлихан, профессор Темірбек Қожақеев, қаламгерлер Камал Смаилов, Қалтай Мұхамеджанов, Абыз, асыл әке Абрар Құл-Мұхаммед, ғұлама ғалым, қаламгер, зияткер Мұрат Әуез. Әрқайсысы бір-бір шын. Бөлек-бөлек биіктік.

Бірде-бір тұлғаның мәнді және маңызды дейтіндей өмір деректерін, еңбек жолының тағдырлы тұстарын кітап авторы бір сәтке де назардан тыс қалдырмайды. Асыра айтудан үнемі сақтанып отыратын қаламгердің өз кейіпкерінің кісілік келбетін, қайраткерлік, күрескерлік тұлғасын суреттейтін тұстарда тізгінді еркіне жібереді. Ағыл-тегіл, төгіле сөйлейтін беттеріне келгенде кітапты тебіренбей оқу мүмкін емес. Осынау тұлғалардың ел жадындағы, ел тарихындағы өшпестей есте қалған бейнесін сөз күдіретімен қайта тірілтеді...

Әссе кейіпкерлері оқырманмен еркін сөйлеседі, қимас досындай мұңдасады, бір тұста сұхбат құрғандай сыр ақтарып, жанына жақын келеді. Осының барлығын сырлы сурет, жасандылығы жоқ, табиғи, шынайы көркем бояумен, құнарлы тілмен жеткізетін қаламгер қолтаңбасының өзіндік стилі дараланып көрінеді.

«Стиль қаламгердің өзі» деп жазып еді академик Зейнолла Қабдолов әйгілі оқулығы «Сөз өнері» атты еңбегінде. «Ешкімді қайталамайтын, өз стилін тапқан қаламгер ғана талантты туынды келтіреді» деген сөзді де Зейнолла ұстаз үнемі қайталаудан жалықпайтын. Демек, қаламгер Мұхтар Құл-Мұхаммед өз жазу стилі бар, ешкімді қайталамайтын, өзінің жолы, өрнегі, қолтаңбасы бар қаламгер. Бір сәт қаламының қанаты бар қаламгердің ой-толғамдарына, таным көкжиегіне, бейнелі суреткерлік баяндарына бір тоқтап өтейік.

Кітаптың беташар мақаласы «Ғұлама» атты эссесінде автор академик Манаш Қозыбаев туралы тосын тұстан оқырманға ой тастайды: «Ғұлама біткен дүниауи тірліктен ада, жан мен тәні тек тазалықтан, тұнықтықтан тұратын жан болмайтын ба еді. Академик Манаш Қозыбаев та сондай кіршіксіз сезім иесі болып өтті дүниеде.

...Жақында Алматыда болдым. Президент резиденциясынан кештете шығып, буддалық шығыстың ұлы перзенті М.Ганди атындағы көшемен жоғары өрлеп, мұсылман шығысының ұлы ғұламасы әл-Фараби даңғылына қарай беттедім.

Оң жақтағы бірыңғай жарқыраған шыныдан салынған іркес-тіркес, ығы-жығы, иықтаса, шынтактаса салынған бейне бір футуристтік картинадағыдай жаңа архитектуралық кешенді тамашалап біраз тұрған соң, назарымды сол жақтағы жатағандау үйлерге аудардым. Оның қабырғасындағы «Академик Манаш Қозыбаев атындағы көше» деген сөз көзіме отпай басылды. Батар күннің қып-қызыл шапағымен алаулап жанып тұрған сияқты. Санама «е, о дүниеде жатып-ақ өркеніеттердің арасын жалғап жатыр екенсің ғой, қайран аға» деген ой оралды. Сол сәтте көз алдымағы жатаған үйдің өзі биіктеп бара жатты...»

Шағын ғана лирикалық шегініс. Суретті, бейнелі сөз. Бірақ көл-көсір мағына мен мазмұнды сыйғызып тұрған осынау



қалың оқырман терең сезініп отырады. «Ақсарағат» атты мақаладағы академик Салық Зимановқа арналған, «Алашұлы» атты мақаладағы академик Рымғали Нұрғалиге, «Арыстан» атты мақаладағы академик Өмірбек Жолдасбековке, «Шебер» атты мақаладағы академик Зейнолла Қабдоловқа, «Асылзада» атты мақаладағы Абырар Әктайұлы Құл-Мұхаммедке, «Жолаушы» атты мақаладағы Мұхтар Әуезов пен Мұрат Әуезовке арналған әрбір беттің салмағы, мазмұны ойлы оқырманды бейжай қалдырмайды.

Салық Зиманов ағасына арнаған өте көлемді портрет-полотносында көкжиектен көз салып, тарих мінберінен сөйлегендей ағыл-тегіл шешіледі. Шешендік тіркестердің тізбек-тізбегін жақұт шашқандай шашады. Іркіліс жоқ. Тереңдік бар.

«Биіктікті еңсегей бойлы ерлерінің тұлғасымен өлшеген халықтың ұғымында бұл «асқар тау», «көк аспан» деген мағынаны береді және ол Зимановтай нар тұлғаның болмыс-бітіміне жарасып-ақ тұр. Академиктің заңғарлығы асқар таудың өзін асқақтатып тұрған күз жартас сияқты. Сен жақындаған сайын ол аспандай түседі.

...Сәтбаевтай даналардың серігі болған Салық аға бір қарағанда текаппарлау болып көрінгенімен, пернесін тап басқан жағдайда хан мен қарашаның қолында бірдей күмбірлеп қоя беретін қоныр домбырадай қарапайымдығы басым. Әділет-шапқат жолындағы күрестерде қатуланып, қаһарланып кететін кездері де бар. Мұндайда көк семсердей өткір: сойып салады, тіліп алады.

Салық ағамызбен бүкіл өміріме жетерлік мол рухани азық сыйлаған Қазақ энциклопедиясында қызмет істеген берекелі белесте жақынырақ араластым» деп тебіренеді.

Қазақ үшін Алаш арыстарының соңғы сарқытындай көрініп, қан майданда жауын жеңген, арпалысып, тағдыр кешкен алып жанның әсіресе сонау тоқсаныншы жылы еліміздің егемендігі жолындағы тарихи мәні орасан зор декларацияны қабылдар тұстағы алты сағат бойы бір елі шегінбей, трибунадан түспей, алдында отырған ұлт тағдырына немқұрайлы қарайтындарға арнап сөз сөйлеп алысқанын, іштен шыққан сатқындар мен екіжүзділерге тоқтам айтып, тойтарыс берген ерлігін бейнелейтін беттерді оқыған оқырманның айызы қанады.

Бұл — Тәуелсіздік бізге онай келмегенін, Салық Зимановтай ел ағаларының бірігіп,

ында батырларымыздың қанымен, даналарымыздың ақыл-парасатымен бүгінге жеткен еліміздің бүтіндігі, амандығы үшін керек.

Ал енді кітаптағы Халық Қаһармандарына арналған «Қаһарман» (Қасым Қайсенов), «Жаужүрек» (Рақымжан Қошқарбаев) атты мақалалардың — тағылмы бөлек, ұлағаты ұшан-теңіз дүниелер.

Бұларды қазақ деген халықтың арасынан шыққан жаужүрек, жау алдында тізе бүкпейтін, тіке келген жебені кеудесімен тосып алатын жалаңтөс батырлардың мол шоғырын тарихи, ұлттық құндылық ретінде терең түсінуге, қадірлеуге, бағалай білуге бастайтын мәні зор, маңызы терең ой-толғамдар деп бағалаймын.

Екінші Дүниежүзілік соғыста адам сенгісіз, таңғажайып ерліктер жасаған, бірінші болып Рейхстагқа ту тіккен, бірақ сол ерліктері ескерусіз қалған даңқты қазақ офицері Рақымжан Қошқарбаев пен Украина ормандарында жасындай жарқылдаған жаужүрек партизан, ержүрек қол басшы Қасым Қайсеновтің шовинистік саясаттың құрбанына айналып, қаншама жыл азап шеккенін, шетқақпай болғанын оқығанда ішің удай ашиды.

Тарихи деректермен, майдан күнделіктерімен, шешуші шайқастарда жалғыз жүрегін оққа төсеп, көзсіз ерлік жасаған осынау қазақ батырларының майдан шебіндегі күндері мен түндерін тәптіштеп, санаға жеткізіп баяндап отыратын жолдарды оқығанда кітап авторының қаншама жұнат ақтарып, қаншама дерек жинаған қанкешті еңбегіне риза боласыз.

Бес жылға созылған алапат соғыстың, қырық миллионнан астам жазықсыз жандардың құрбандығына алып келген, тұтас бір ұлттың санасын фашизммен улап, әлемді билеймін, үшінші Рейх құрамын деп жер жүзін катастрофаға ұрындырған Гитлердің феномені бүгінгі адамзатты да ойландыруы керек. Осыны қайталамау үшін. Тағы да бір Гитлер шықпауы үшін. Мақала авторы осыны да еске салады.

«Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін елі сүйген ер Қасым Қайсеновке азат Қазақстанның ең жоғары наградасы — «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, оның бар қазақты сыйдырған кең кеудесінде «Алтын жұлдыз» жарқырады деген сөздермен нүкте қояды мақаласына.

Біз, қазақ деген халық асыл текті аталардың, батыр тұлғалы бабалардың ұрпағымыз. Рухы биік, жан дүниесі таза, арына, намысына шаң тигізбеген ұлттың ғұмыры ұзақ болады. Құрған мемлекетінің іргесі бекем, ішкі бірлігі мығым, заманалар көшінде барлық қауіп, қатерден аман-есен шығып отыратын мәңгілік ел болады. Осынау идеяны арғы атағы жер жарған, алты құрлыққа сес болған империя құрған, алтыннан ғана аккіреукелі киім киген, төріне ешкімді шығармаған текті ұлттың бұлақ бастауынан таратып, ататек, әулет, отбасы құндылығымен әдемі сабақтастырып әңгіме өрбіткен мақала-эссе, әрине, «Асылзада» деп аталатын автордың өз әкесі Абырар Құл-Мұхаммедке арналған дүниесі дер едім.

(Жалғасы 11-бетте)

(Басы 1-бетте)

Ауыл ағасы Армия телефон шалып, акынның туысы Мәпішкен Әупейсованы кеңсесіне шақырды. Үйі таяу манда болса керек, апай жылдам келді. Ұзақ жыл ұстаз болған, ұрпақ тәрбиесімен самайы ағарған ана бұл күнде зейнеткерлікке шыққан екен. Әйткенмен жүріс-тұрысы ширақ, тілі майда болғанымен, шешен, әңгімешіл адам көрінеді, бірден шешіліп сөйлеп кетті: — Шынында да Доскей акынның ең жақынымын, — деді Мәпішкен апай, — Доскейдің әкесі Өлімбай мен менің бабам Бейсембай бірге туады. Бейсембайдан — менің әкем Әупейіс, Өлімбайдан — Доскей. Доскейде бала болмады. Өзі көп жыл, мен есімді білген уақыттан бастап Қарағандыда тұрды, кейінде, әбден қартайған шағында ғана осы жерге келді. 1946 жылдың 12 қазанында қайтыс болды.

Доскей акынның Мәпішкен апай айтқан өмірбаяны газеттің көзіқарақты оқырмандарына жақсы таныс болуға тиіс. Әйткені кейінгі оншақты жылдың мұғдарында үлкен дарын иесінің ғұмырына, акындық ерекшелігіне қатысты еңбектер мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып келеді. Жыр алыбының (бұл арада қателесіп тұрған жоқпыз, Доскей өзінің акындық қуаты, көркем сөзден келісті кесте тоқуы жағынан Жамбылдан бір елі де кем түспейді) өз шығармалары да бірнеше мәрте қайталанып басылды.

Жоғарыда айтқанымыздай, әкеден өлі, шешеден тірі айырылған соң жетімдіктің зардабын тартқан Доскейдің қайғысы мен мұңын, арманы мен қиялын бөліскен серігі бойына біткен дарыны, ел ішіндегі өнерпаздарға әуестенуі болса керек. Қалың Қуандықтың ішінде әншілігімен аты шыққан Жауғаш деген жігітке серік болады. Әліне қарамай қаза суға да қаймақ бітеді дегендей, жетімдіктің тақсіретін тартып жүрсе де өзінше серілік құрып, жақсылармен жанасады. Сондай бір жиын-тойдың үстінде «сандаптып Орта жүзді әнмен қырған» Біржан салмен кездесіп, аузы дуалы ағаның назарына ілігеді, батасын алады.

— Доскей ағамыз Шорманның Мұсасына берілген асқа барып, айтысқа қатысқан екен. Ақан серінің қолын ұстап, үкілі Ыбыраймен сөз қағыстырған. Сол жолы атышулы Ажар (әйгілі соқыр Ажар) акынның сүріндіріпті. Ағамыздың атағы елге таралуына осы айтыс себеп болса керек, — дейді Мәпішкен апай. Сегіз қырлы, бір сырлы Доскейдің өлендері, әндері, айтыстары Арқа жұртшылығына кеңінен мәшһүр болғаны күмәнсіз. Әйткенмен, оның көпшілігі, әсіресе кеңес төңкерісіне дейінгі шығармаларының басым бөлігі сақталмаған. Оның ғұмырының соңғы ширек ғасырындағы туындылары түгелдей дерлік қағаз бетіне түсіп, бізге жетіп отыр. Ол негізінен мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген өлең-жырлары мен 1941 жылы басылған «Толғау» атты тұңғыш жинағы. Доскей Шашубай, Нартай, Нурпейіс, Жамбыл, Естай, Тайжан, Төлеу, Саяділ, Сапарғали, Қайып, Маясар, Ілияс, Қуат, Кенен, Жолдыкей тәрізді жыр сұлейлерімен қатар өмір сүрген, олардың талайымен айтысқа түскен майталман. Бәйгеге автокөлік, теледидар мен кілем тікпейтін, доллар шашылмайтын жыр додасына түсіп, шынайы өнердің өрісін кеңейткен өрелі акын. Доскей:

— Ақынның шықты шарлап ащы айғағы,

Жүректің түкпірінен шерді айдады.

Сан жылдар ойда жүрген кек алқынып,

Айтылды халық мұңы қай-қайдағы, —

деп өзі айтқандай, қашан да қалың елінің қасынан табылып, халықтың мұңы мен мұқтажын, билік басындағыларға арналған өтініші мен тілегін өз өлендеріне арқау етуден танбаған тарлан.

Өз уақытының перзенті болғандықтан және халықты бақытқа жеткізетін кеңес өкіметі деп сенгендіктен Доскей де басқа талант иелері сияқты қазан төңкерісінің жеңісіне, социалистік құрылыстың көсемдері Ленин мен Сталинге шабытты жыр жолдарын арнады. Соған орай өз кезінде сый-құрметтен де кенде болмады. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған тұңғыш қазақстандық болуы, 1939 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Қазақ КСР-ына еңбегі сіңген өнер

Халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілі Доскей Өлімбайұлының жарық дүние есігін ашқанына 175 жыл толып отыр. Доскей 1850 жылдың 23 шілдесінде (О.Құдышевтың мәліметі бойынша) Сораң деген (қазіргі Саран қаласы тұрған жер) өңірде дүниеге келіпті. Бес жасында әкесі Өлімбай қайтыс болып, екі жылдан кейін шешесі Үндеместі Тінәлі елінің болысы Айдапкел деген жуан өзінің моддасына алып береді. Жеті жасар Доскей әкесінің немере туысы Барғананың қолында қалып, анасы емшектегі баласымен бірге ұзатылып кете барады. Содан бастап жетімдік тақсіретін тартқан ол бойдағы дарыны қайнар бұлақтай қайнап шыққанда, ақын, әнші бозбала деген атпен ел аузына іліккенде ғана азап пен шерден құтылған тәрізді.



Дарыны дара ДОСКЕЙ

қайраткері» мәртебесін иеленуі сөзіміздің дәлелі. 1940 жылдың мамырында Доскейдің 90 жасқа толуын және шығармашылық еңбегінің 75 жылдығын бүкіл Республика жұртшылығы мерекеледі.

Бұрынғы Киров атындағы (қазіргі Сәттар Ерубаев атындағы) көше елуінші жылдардың басына дейін Доскей есімімен аталғанын көнекез қарағандылықтар жақсы біледі. Тіпті сол көшенің басынан арнайы үй салынып, қарт ақын біраз жыл ғұмырын сол құжырада өткізген болатын. Бертінірек, ол үй бұзылар кезде «Орталық Қазақстан» газеті мәселе көтеріп, әуелде Доскей, кейінірек Мақсұт Бәйсейітов сияқты дүлдүл ақындарға қоныс болған мекенді мұражайға айналдыру қажет деген ұсыныс айтқан екен. Әйткенмен кезінде ол пікірді еститін құлақ, назарға алатын ақыл болмапты.

Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театры, өнердің Қарағандыдағы қара шаңырағы да сонау қыркыншы жылдары Доскей есімін иеленгенін біреу білер, біреу білмес. Баба жыраудың атындағы колхоздың тағдыры туралы жоғарыда айтылды. Ғасырға жуық жыр мен ән төккен қарт жүрек соғуын тоқтатқан 1946 жылдың күзінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі театрға Доскей есімін берумен қатар кеңес Жазушылары одағы мен Қазақ КСР Ғылым академиясына акын шығармаларының толық жинағын шығаруды, кеңес Жазушылары одағы мен Қарағанды облыстық атқару комитетіне Доскей қабірінің басына ескерткіш орнатуды міндеттеген болатын. Сондай-ақ жоғарыдағы шешім бойынша қарт жыраудың жесірі Үміт әжеге 5 мың сом көлемінде бір мезгілдік жәрдем көрсетіліп, 300 сом көлемінде айлық зейнетақы тағайындаған екен.

Ал арада 5-6 жыл өтпей жатып жоғарыдағы шешімнің аяқсыз қалуының, тіпті аяқсыз қалып емес-ау, халық акынының қадірлі есімін жойып жіберу үшін науқан жүргізілуінің себебін қалай түсінеміз? Кеңестік билікті дүниеге әкелген қазан төңкерісінің жеңістерін, оның көсемдерінің «көрегендіктерін», «халықтар достығы мен кеңестік патриотизмді» шабыттана жырлаған Доскей есімін сонша қуғын-сүргінге ұшырататындай, қартыңды қабірінде тиыш жатқызбайтындай ол сонша не жазыпты? Доскей акынның шығармашылығын зер сала қарасақ, жоғарыдағы сауалдың жауабын табамыз. Отаршылдыққа жаны қас екен қартыңның. Орыс отаршыларына қарсы жүргізілген ұлт-азаттық күрестің көсемі Кенесары мен оның батыр інісі Наурыз-

байдың ерлігін жырлапты ол бүкіл ғұмыр бойы. Сондықтан да елуінші жылдардың басында «қазақ ұлтшылдығы» туралы кезекті шу көтерілгенде «феодализм мен хандық құрылымды аңсаған» сұлтандар жайлы дастанның авторы «сырттай жер аударылыпты». Оның есесіне киіз туырлықты қазакты аузы түкті кәпірге құл етпеймін деп тун ұйқысын төрт бөлген Кенесары мен Наурызбайды жат жұрттықтарға байлап берген Сыпатай сияқты батыр-сымақ сатқынды жырға қосқандар бұрынғысынша құрметке бөленіпті. Әбден сыннан өткен, бөлшекте де билей бер саясатының жемісі — бұл.

— Доскейдің сонында қалған үш белгісі бар еді, — дейді Мәпішкен апай, — фотоальбом, домбыра және портреті.

Альбомды Қазақстан ғылым академиясының Қаскенбай Жұмағұлов деген қызметкері сұрап алып, академияның қорына өткізіпті. Кейінірек Мәпішкен апай іздеп барып көрген екен, альбомның ішінде Доскейдің Жамбылмен, Күләшпен және Әбділдә Тәжібаевпен бірге түскен суреттері жоқ болып шығады.

Доскейдің шаңағы сопақша, әдемі домбырасының тағдыры да бұлыңғыр.

— Оны педагогика институтының оқытушысы, ұмытпасам аты — Күләш, фамилиясы — Құдабаева деген адам мұражайға тапсырамын деп әкетіп еді. Мұражай бұрынғы орнында тұрғанда Доскейдің домбырасы бар болатын. Жаңа орынға көшкеннен кейін іздеп барып едім, жоқ екен. Мұражай қызметкерлерінің №91645 мұрағат деп көрсеткендері қадімгі фабрикада жасалған домбыра. Қазір қолымда бары Доскейдің портреті ғана. Биіктігі 1,5, ені 1 метрлік бұл суретті Қамаш Шамов марқұм жазып еді. Қос Ғабеннің көзі тірісінде апарып көрсетіп, мемлекеттік мұражайға өткізем бе деп едім, реті келмеді. Қазір ешкімге бергім келмейді, үйде, көз алдымда тұрсын. Кейін соңымда қалған балалар не істейтінін өздері біледі, — деген еді акынның мұрагері.

Қарт ана Алматыға қайта-қайта барғыштай жүріп Доскейдің «Кенші жыры» атты өлеңдер жинағын шығартуға себепші болыпты. Бұл жөнінде ғалым Серік Негімов пен кезінде жыраудың әдеби хатшысы болған ақын Бүркіт Ысқақов көп көмек жасағанын ілтипатпен еске алып отырды.

Сол жолы, 1989 жылдың ақпанындағы жолсапар кезінде Доскейдің есімін ұмытпай, қастерлеп келе жатқан жалғыз адам Ақжар ауылдық кеңесінің тұрғыны осы Мәпішкен апай ғана екен деген ойдың болғаны рас.

Дегенмен, содан бастап акынның 140 жылдық мерейтойын еткізуге қызу дайындық жасалды. Аудандық газеттің редакциясы мен мәдениет бөлімі тарапынан болған ұсынысқа Ульянов ауданының сол кездегі бірінші басшысы В.Елизаров қолдау көрсетті. Деру арнаулы комиссия құрылып, ауылдық кеңес өңірінде орналасқан кәсіпорындар мен шаруашылықтың күшімен 1990 жылдың қазан айында дүбірлі мерейтой өткізілді. Оған облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы Н.Оразбеков, Ульянов аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі С.Шиббаева, аудандық Кеңестің жауапты қызметкері М.Қарасартов, кәсіпорын жетекшілері Н.К.Котов, В.В.Лим, Д.В.Рейслер тәрізді азаматтар белсене атсалысты.

Сөйтіп, ұлттық рухта өткен мереке үлкен ұлттың ықпалында жүрген жергілікті халықтың санасында саңылау ашылуға себепші болды. Бұрын Доскейдің кім екенін білмейтін жастар, әсіресе мектеп оқушылары ғасыр бұрын жасаған жыраудың мұрасымен танысу мүмкіндігіне қол жеткізді. Өздері білім алатын мектепке отызыншы жылдары халықты неубетке ұшыратқан Елтай Ернazarовтан гөрі ақын Доскей Өлімбаевтың есімі лайық екенін түсінгендей болды. Өткен, жергілікті атқарушы өкіметтің қырсыздығынан, ондағы шенеуніктердің жалтақтығы мен қорқақтығы салдарынан сол жылдары көтерілген бастама өрттің соңында қалған шаладай бықсып барып басылды. Тіпті сол мереке күндері, 1990 жылдың қоңыр күзінде, Ақжар ауылдық кеңесіне Доскей атын беру жайлы да ұйғарым жасалған болатын. Ол әңгіме сиырқұйымшақтанып барып, кейін ғана шешімін тапты. Алғашқы бетте ауылдағы орталық көшеге ақын есімі берілгеніне шүкір дедік. Сонымен бірге осындағы мектепті соғыстың алдында Доскейдің әдеби хатшысы болып, кейін немере қызының үлкені Мәрмәрге үйленген Бүркіт Ысқақовтың атына беру жайлы ұсыныс жасалған едік. Тамаша ақын, әдебиетші ғалым ұлт бостандығын ту етіп көтерген ЕСЕП қозғалысының жетекшісі, азаттық ойлары үшін саяси қуғын-сүргін құрбаны болып азап шеккен Бүркіт Ысқақовтың есімі көзіқарақты жұртқа таныс шығар. Бір жақсысы, соңғы уақытта ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының атына ауыстырылған екен.

Қазан айының алғашқы онкүндігінде Доскей аулының тұрғындары Бұқар жырау аудандық кітапханасының бастамасымен акынның 175 жылдық мерейтойын өз мүмкіндіктері аясында атап өтті. Оған ауыл кітапханасы қызметкерлері мен жергілікті белсенділер қатысты. Бұл, әрине, қуанышты. Мерекенің ортасында Мәпішкен апайдың тәрбиесін көрген жиені, Алматы қаласынан әдейілеп келген Айгүл Бүркітқызы жүрді. Бір жақсысы, жалғыз емес, Доскей жырынан нәр алған, ақын рухына бас иетін азаматтардың ортасында. Дарабоздарының туғанына 175 жыл тоған мерекесі қарсаңын да біраз жұмыстың басы қайырылды. Доскей есімін келер ұрпаққа жеткізу үшін Айгүл өз қаржысына шығарып әкелген, акынның өлендері топтастырылған кітапты таратты мұшайраға қатысқан жас таланттар мен жырқұмар жастарға. Ұлтының азаттығын ту етіп көтерген қаһармандарды дәріптеп, халықтық патриотизмді жан-жүрегімен жырлап өткен жампоздың, «Жүрегім», «Қос басқан», «Жалтарма», «Қалқаға», «Ел бірлігі» тәрізді сәулелі өлең жолдарын, «Кенесары», «Тоқа батыр», «Иман-Мағзым», «Қажымұқан» сияқты дастандар қалдырған шалқар ақынның рухын асқақтату үшін оның есімін иеленген ауыл тамаша қадам жасады. Игілікті істі жалғастыру мәдениет саласының жоғарғы сатысындағы мырзалар мен ханымдардың парызы шығар деп топшылаймыз.

**Ермек
БАЛТАШҰЛЫ,**
ҚР Мәдениет
қайраткері





Көлбай АДЫРБЕКҰЛЫ

Республика Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияласымен Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесіп, «Еңбек адамы – 2025» шығармалар байқауын жариялап жіберді. Елдің экономикалық әлеуетін көтеріп, арттыруда қашаннан бергі жұмысшылар еңбегі зор құрметке лайық. Кешеден бүгінге жалғасып жатқан ұрпақтар сабақтастығы десек, асылық болмас. Бұрынғылар: «Өткеннің парқын білмей, қазіргінің қадіріне жетпейсің» деген ғой.

Алматының тау жақ бөктеріндегі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ауқымды әрі күрделі құрылысын кезінде сол құрыш қолды жұмысшылар жүргізіп, ертегідей тамаша қалашықты өмірге алып келді. Иә, ҚазМУ-дың қалашығы қалай басталып, қалай жүргізілген еді. Кезінде жүз гектардай жерді алып жатқан бұл ауқымды құрылыстың алғашқы қазығын ректор, академик Өмірбек Жолдасбеков қағып, ұлттық жұмысшы табын тәрбиелеп қалыптастыруда, болашақ инженер мамандарын шығаруға себепші болған жанкешті еңбек жолында бүгінгілерге үлгі тұтар өнегелі істер аз емес. Осыдан он жылдай бұрын сол құрылыстың жай-жапсарын жақсы білетін елге танымал тұлғалармен және Қазақстан Республикасы Архитекторлар одағының құрметті мүшесі «КазГУградтың» бас құрылысшысы әрі директоры, инженер Тарас Сағмағанбетұлы Төлегенов секілді майталман жандармен бір емес, бірнеше рет кездесіп, әңгіме-дүкен құрғаным бар.

Тарас Төлегенов орта бойлы, ашаң өнді кісі еді.

— Мен Өмірбек Жолдасбековпен бұрын кездескен жан емен, — Тарас аға сөзін осылай бастады. — Алғаш рет Орталық теледидардан көрдім. Бұйра шашты, палуан денелі, келбеті келісті келген ректор отыздың үстіндегі жігіт ағасы екен. Ол университеттің болашақ қалашығы туралы сөйледі. Сол сөзте қызыққаным соншалық «шіркін, осы құрылысты мен жүргізсем» деп елітіп, арманға бой алдырдым. Іле-шала: «Әй, бірақ қалада мүйіздері қарағайдай құрылыс инженерлері тұрғанда, ол танымайтын мені қайтсын» деген үмітсіздік ой басып, лажсыздық танытқаным рас. Содан екі-үш күн өткенде күтпеген жерден Жолдасбековтің өзі үйге телефон шалып, қабылдауына шақырмасы бар ма. Төбем көкке жеткендей қуанғаным соншалық, құстай ұшып Бас поштананың жанындағы ғимаратқа қарай тарттым.

Ол жымия күліп, жылы шырайымен қарсы алды. Әңгіме ауанынан байқағаным, алдын ала мен секілді бірнеше құрылыс инженерлерінің құжаттарымен, еңбек жолдарымен, іс-тәжірибесімен танысып, сарапқа салған секілді. Орыста «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген тәмсіл бар емес пе. Ең соңында жүрек қалауы маған түсіпті. Менің Ресейде қандай институтты бітіргенім, нендей қызметтер атқарғанымды алдын ала біліп алғанын тәптіштеп сұрамағанынан ішім сезді.

Ол ҚазМУ-ге жаңадан қалашық салуға Мәскеуден рұқсат алынғанын, қала басшыларының тау бөктерінен жүз гектарға жуық жер бөлгенін, жаңадан «Университетстрой» тресінің құрылғанынан хабардар етті.

— Ал Тарас бауырым, менің тандауым

Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Еліміздің инженерлік саласының көшбасшысы болып саналатын Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесіп, «Еңбек адамы – 2025» республикалық байқауының тұсауын кесті. Бұл байқау әдебиеттегі жұмысшы инженерлер бейнесі, қалың өндірістің ортасында табанақы, маңдай термен ел игілігіне ерен еңбегімен олжа салып жүрген мыңдаған еңбек адамының тыныс-тіршілігі бейнеленген шығармалардың байқауы болатыны хақ. Бұл жолы «Қазақ әдебиеті» газеті «Еңбек адамы – 2025» байқауына арналған кезекті материалды оқырман назарына ұсынады.

ЖОЛДАСБЕКОВ ЖӘНЕ

саған түсіп отыр. Құрылысты сенімен бірге жүргізсем деген ойым бар. Құрылыс жөніндегі орынбасарым болуға қалай қарайсың? — деп ұсыныс жасады. Жай инженерлік емес, лауазымды қызмет ұсынатынын күткен жоқ едім. Әуелгіде абдырып қалдым. Мұндай мүмкіндіктің екінші рет қайталанбасы анық. Тез арада өзіме-өзім келдім де:

— Өмірбек Арысланұлы, мұндай қалашықты салу әр құрылыс инженерінің арманы ғой, — деп езу тартып, қуана-қуана келістім.

— Айлық еңбек ақыңның қанша болғанын қалай едің?

— «Сыны ма, шыны ма?» Ішкі ойыммен арпалысып аз ғана тосылып қалдым.

— Оны өзіңіз біліңіз.

— Екі жүз елу сом берсем жете ме? Егер өз міндетінді мінсіз атқарсаң, университеттің ғылыми жұмыстарына бөлінген қаржыдан тағы елу сом қосамын.

Мен жақ аспадым. Үнсіздік келіскеннің белгісі. Оның үстіне Өмекеннің бір сөзді жан екені көрініп тұрды. Сол кезде үш жүз сом еңбек ақыны министрлердің орынбасарлары алатын.

Өмекен сөзін жалғады.

— Әзірге астына қызмет көлігі берілмейді. Бірақ кейіндеу болады. — Ол үстел үстіндегі университеттің сызба-жобасымен таныстырды. Содан соң әлдебір іс қағаздарын тартпасына салды. Әлдене есіне түсіп кетті ме басын шұғыл көтерді.

— Пәтерін бар ма?

— Елуінші жылдары салынған үйде екі бөлмелі баспанам бар.

— Ол үйлер бүгінгі күннің талап-талғамына сай келе бермейді. Университет қызметкерлеріне арнап үй де саламыз. Содан отбасына қанша бөлмелі пәтер тиесілі болса, соншасын аласың.

«Жақсы сөз, жарым ырыс». Ішім жылып қалды.

Ол сұрақтарын қазақ тілінде қойды. Мен қазақшаға шорқақ едім. Көп жылдарым Ресей жерінде өтті ғой. Кібірткіптеп қала берген соң көбіне орыс тілінде жауап бердім. Ол «Қазақшаң мәнітті емес екен ғой» деп бетіме баспады. Біртүрлі жымып күлді де қойды. Соның өзі маған ой салды. Тұрасы сабақ болды. Ана тіліме шорқақтығыма іштей қысылып, қорландым да. «Е-е бұл кісімен тіл табысу үшін өз тілімді жетік білуім керек екен ғой». Сол күннен бастап, көрші-қолаңмен қазақ тілінде сөйлесіп машықтана бастадым. — Тарас аға езу тартты. Жан қалтасынан шылымын алып, тұтатты да көк түтінді құмарта сорды. — Университет қалашығынан архитектурасы мен ғимараттары жобасын Мәскеудегі «Гипровуз» жоғары оқу орындары құрылысын жобалау институтындағы сәулетші В.П.Бондаренко бастаған ұжымы жасапты. Біз құрылыстың алғашқы қазығын Биология факультетінің оқу ғимараты тұрғызылатын жерге қақтық. Сонымен бірге бес және тоғыз қабаттан тұратын жатақхананың да іргетасын құюды бастап жібердік.

Бір жылдан соң Жолдасбеков пайдалануға берілген тоғыз қабатты жатақхана құрылысы толық бітіп, университет құрылысындағы пәтер жалдап жүрген жұмысшыларды уақытша қоныстандырды. Олардың көбісі өзіміздің қарақөз жастарымыз.

Өмекен шұғыл шешімнің адамы еді. Кейде қимыл-қозғалысынан, сөйлеген сөз-

дерінен әлденендей асығыстықты байқаушы едім. Бірақ бүгінгі істі ертеңге қалдырмайтын. Көңілі бәрін уақытында тиянақты істелгенін қалайды. Бір жолы құрылыс нысандарын аралап, көріп жүргенімізде ол маған:

— Тарас, құрылыс қарқынын екі еселеп арттыруымыз керек. — деді. Мен:

— Өмеке, университет қалашығын Үкімет екпінді құрылыс деп жариялаған. Осы екі ауысымдық жұмыста да күндік, айлық жоспар уақытында орындалуда. Бұдан артық не істеуге болады? — дедім аңтарыла қарап. Ол:

— Құрылысты қалайда үш ауысымда жүргізуіміз керек, — деп өз ойын ашып айтты. Байқаймын, бүгінгі жұмыс қарқынын місе тұтпайтын сыңайлы.

Мен іштей күмәндандым. «Бұған министрлік пен Бас мердігерлер, құрылыс трестері қалай қарайды? Келісе қоя ма? Әй, қайдам!». Лезде дұдалап туғызған ойымды меселін қайтарып алам ба деп, ашып айта алмадым. Әліптің артын бағып, үнсіз қалдым. — Тарас Төлегеновтің сөзін бұрыштағы телефон қоңырауы бөліп жіберді. Ол орнынан тұрып, солай қарай беттеді.

«Іс тетігін кадр шешеді». Жолдасбеков оның да жолын тауыпты. Қалашық құрылысының Бас мердігері «Алматы құрылыс басқармасының» Құрылыс индустриясы Бас басқармасының жауапты қызметкері Ұзақбай Қарамановты әйелі Ұлдаймен мамыр мерекесі күндерінің бірінде үйіне қонаққа шақырған. Шай үстінде Жолдасбеков:

— Ұзақбай, университет құрылысы бір жылдан бері екі ауысымда жүргізіліп келеді. Соны үш ауысымға көшіруге қандай кеңес берер едің? — деді оның қонырқай жүзіне барлай қарап.

Ұзақбай ілкім сәт ойланып отырып:

— Өмеке, меніңше, құрылыс жоспарлы түрде жүріп жатыр. Ал неге үш ауысымға көшіргіңіз келеді?, — деп сұрақта төтесінен қойды.

Жолдасбеков:

— Алғашқыда Николай Константинович Байбаков төрағалық еткен Одақтық Жоспарлау комитетіндегі шіренген шен-шекпенділерді көндіру оңайға түскен жоқ. Олар университеттің оқу корпусы Алматының әр көшелерінде бар деген желеуді ұстанып, қаржының тапшылығын айтып, салған жерден ат-тондарын ала қашып, қарсы болды. КОКП ОК Саяси Бюроның мүшесі Дінмұхамед Қонаевтың КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Алексей Николаевич Косигинді көндіріп, құрылысқа жол аспағанда, мені өзіме етене таныс аты әлемге мәшһүр академиктер қолдамағанда, бәрі де аяқсыз қалар ма еді, — деп бір қойды да қалың қабағын шытып, сөзін қайта жалғады. — Кім біледі, алда әлі қандай жағдай болатынын? Мәскеудің беті бері қарап тұрғанда құрылыс жұмыстарын тездетуді жөн көріп отырмын, — деді ішкі ойының шет жағасын шығарып.

Қараманов:

— Өмеке, сіздің арғы ойыңызды енді түсіндім. Бірақ екі ауысымдық құрылыстарда әрқалай тосын жайлар болып жатады. Ал үш ауысымның түн мезгілінде жұмысшылар үшін қауіпті екенін мен айтпаса да білесіз. Өйткені олардың көбісі кәсіби маман емес. Ауылда мал бағып, оқу-білім іздеп келген, уақытша жүрген жастар ғой.

Жолдасбеков:

— Біздің жастар қашанғы мал соңында

жүреді. Ұлттық жұмысшы пролетариатын да қалыптастыруымыз керек шығар. Ертең солардың арасынан айтулы құрылыс мамандары, білікті әрі білімді инженерлер де шықпасына кім кепіл. Оларды алдын ала кәсіпке дайындап, қауіпсіздік курс сабақтарынан өткізіп алсақ ше? — деп оның қонырқай жүзіне барлай қарады.

Қараманов:

— Ол үшін арнайы оқытушы мамандарын шақыру керек. Бірақ олардың кәсіби шеберлік дәрістеріне төленетін қаражат қажет-ақ. Жолдасбеков:

— Бұл жағын шешу маған аса қиындық тудырмас. Қаржы министрлігімен келісермін.

Қараманов:

— Ендеше ұсынысыңызды қолдауға болады. Тек ертең сіз екеуіміз «Алматы құрылыс басқармасының» Құрылыс индустриясы Бас басқармасының бастығы Ораз Мақайұлы Бейсеновтің қабылдауына барып, келісімен алайық, — деді байсалды үнмен.

Жолдасбековтің жүзіне қан ойнап шыға келді.

Ораз Бейсенов олардың ұсыныстарын мұқият тындап қолдады. Қаржы министрлігінен кәсіптік курсқа ақша бөлініп, жұмысшылар біліктілігін арттырды. «Университетстрой» үш ауысымдық жұмысқа көшіп, құрылыс барынша қарқын алды. Есентай өзенінің шығыс жақ бетінен университеттің оқытушылары мен ғалымдарына арналған үйлердің құрылыстары да бой көтере бастады.

Төлеген Тарасовпен сенбі күні тағы кездестім. Ол:

— Ауқымды құрылыс алаңында түні бойы қуатты шамдар жарқырап, жұмыстар таңға дейін тынбайтын. Қай кезде барсаң да қайнаған еңбек. Сол кездегі Өмірбек ағаның қажыр-қайратын, іске деген құлшынысын айтсайшы. Ғылыми жұмыстарынан да қол үзген емес. Студенттерге дәрістерін де беруде. Әйтеуір, бәріне үлгеріп, бәріне уақыт табады. Ойласам, әлі күнге таңмын. Мәскеудегі не шетелдердегі ірі ғылыми симпозиумдарға қатысып, Алматыға түнгі сағат екі-үштерде ұшақпен ұшып келсе де, үйіне соқпай бірден қалашықтың құрылыс алаңына келеді. Қыстың қақаған аязында қар кешіп, көктемнің жауынында ми батпақта тайғанақтап, аумағы ат шаптырмын жерді алып жатқан құрылыс нысандарын жаяу аралайды. Жұмыс барысын өз көзімен көріп, прораб, бригадирлермен жолығып, қажетті материалдар тізімін қойын кітапшасына түзіп, ертеңіне таңертең сағат сегізден өте «Киров» пен «Панфилов» көшелерінің қиылысындағы кеңсесінде отырады. Басшының жұмсақ креслосына байланып отыра бермей, құрылысшылар ортасынан көрінгенінің өзі неге тұрады. Дәтке қуат қой. Құрылысшылар оны сол қасиеті үшін «Бас прораб» атап кеткен.

Әлі есімде. Биология факультетінің негізгі құрылысы бітуге айналған. Ішкі әрлеу жұмыстары қызу жүруде. Екеуіміз ғимарат қабаттарын түгел аралап шықтық. Сонда тағы бір байқағаным, көзі өте қырағы екен. Әккі инженер мен байқамаған тасадағы сәул ғана кемшін жерді мұлт жібермей түзетуді талап етеді. Жолай маған сұрақтар қояды. Мен жауап беремін. Орынды жерде әзілдейтіні де бар. Ғимараттан былай шыққан соң ол мені қолтықтап тұрып: «Тарас, менің мамандығымда сен мақұрымсың, ал сенің мамандығыңда мен мақұрыммын», — деп ой қарқ-қарқ күлсін бір. Еш қитұрқысы жоқ шын ықыласты, шынайы таза күлкі. Менінде ішек-сілем қатты. Бұл кезде оның әзіл-қалжыңды жақсы көретініне, ашық-жарқын мінезіне мен де қалыптасып қалғанмын. Өмекеннің: «...сенің мамандығыңда мен мақұрыммын» дегені жай сөз. Маған қатты сенетінін әзілмен жеткізгені ғой. Шындығына келсек, ол құрылыстың қыры мен сырын білдей бір инженерден артық білмесе, бір мысқал да кем біледі дей алман.

Ал Өмекеннің табиғаты, талғамы басқа.

Сырт пішіні адуынды, айбарлы көрінгенмен ішкі дүниесі мейірімге толы, өте сезімтал, бірақ анау айтты тым жұмсақ та емес. Қай жерде мәселені қалай қозғап, қалай шешетінін жақсы біледі. Ондайда ішкі ойын тартынып қалмай, ашып айтады.

Жолдасбеков маған шалт бұрылып: — Тарас, өткен аптада сенбілікті ұйымдастыру жайында кеңесіп едік қой. Дайындық қалай? Оқу корпустарына, жатақханаларға хабарландырулар ілініп пе еді? — деп сұрады. Мен:

— Бір апта бұрын плакаттарға жазып, жа-

күндіз-түні жүргізіп жатқан солар емес пе? Сіз ертеңгі күні немереніз не шөбереніз осы университетте оқымайтынына кепілдік бере аласыз ба? Біле білсеңіз, осының бәрі ұлтымыздың ұрпағы үшін жасалынып жатқан игілікті іс қой. Солардың болашағы үшін бір күн сенбілікке шықсаңыз, қолыңызға күректің шаң-тозаңы жұғып қалмас. Ертең сенбілікке факультет оқытушыларын сіз бастап шығасыз. Мен сізді солардың алдынан көретін болайын, — ол соңғы сөзін анаған мірдің оғындай қадап айтты. Залдағылар ду қол шапалақтап, ректорды қолдады.

сызба-жобаны табан астында өзгертетінін қайтерсің. Ондайда құрылыс басшыларының шыр-пыры шығады. Бас мердігердің жауапты қызметкері Ю.К.Красиков ашынып:

— Өмірбек Арысланұлы, бұл Мәскеу бекіткен жоба. Енді мұны солардың ғана өзгертуге құқы бар, — деп күйінсе, екінші бір қызметкері В.Р.Краснянский:

— Өмірбек Арысланұлы, сіздің нұсқауыңызбен біз жобадан ауытқи алмаймыз. Өйткені басымызбен жауап береміз. Оны өзіңіз де жақсы білесіз, — деп азар да безер болды.

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР



тақханалар мен оқу корпустарының жұрт назары түсетін жерлеріне ілгенбіз, — дедім. Ол: — Жақсы, университеттің бүгін болатын жалпы жиналысында көпшілікке тағы ескертеміз, — деді.

Бұл мамырдың соңғы күндерінің бірі еді. Ректор барлық факультеттердің оқытушылары мен ғалымдарын түстен кейін, сағат үште үлкен залға жинап, әуелі оқу-тәрбие, жазғы сессия мәселелерінен қозғап, істің жай-жапсарын пысықтап шыққан соң ертең сенбілік болатынын тағы да естеріне салып, соған бір кісідей қатысуды өтінді. Жас оқытушылар жағы құп алып, құлшыныс танытуда. Сол екі арада алдыңғы орындыққа жайғасқан Заң факультетінің жас шамасы алпыстың бел ортасынан асқан мол денелі профессоры орнынан ыңырситырып, ректорға ежірейе қарап, орыс тілінде зілдене сөйледі.

— Өмірбек Арысланұлы, біз ғылымның адамдарымыз. Студенттерге дәріс оқу үшін күні бұрын дайындалуымыз қажет. Соның өзінде бізге уақыт тапшы. Сонда, сіздіңше, біз қолымызға қалам ұстап дәріске дайындалудың орнына шаң басқан күрек ұстап, сенбілікке шығыуымыз аса қажет пе? Осы екеуінің қайсысы біздің міндетіміз? — демесі бар ма аузынан қағынып.

Мен оның түйеден түскендей сөзіне тіксініп қалдым. «Қап, мынаны-ай! Жұрттың көңіл күйін бұзды-ау. Сенбілікке шыққысы келмесе үндемей-ақ жайына қарап отыра берсе етті».

Жолдасбеков сабыр сақтап, басқалар да осылай ойлайды ма екен дегендей, залдағылардың бәрін көзімен шолып шықты. Аз үнсіздіктен кейін қонырқай өңі сәл күрентіп, қазақ тілінде.

— Сіз осы университеттің жалғыз профессоры емессіз. Мен де солардың бірімін. Анау жаныңызда отырған Тарас: «Құрылысқа шеге жетпей жатыр десе» мен соны іздеп, өндіріс орындарын кезіп, жоқты тапқанша табанымнан тозып, бүкіл қаланы шарлаймын. Ал сіз екі сағат күрек ұстауға жоқсыз. Анығы, арланасыз. Күрек ұстаған жұмысшының намысына тиіп, қорлап тұрғаныңызды білесіз бе? Олардың сол шаң басқан күректен сіздің анау жылы үйіңізді салып бергеннен басқа қандай айыбы бар еді. Қала берді осы университет құрылысын

«Әп, бәрекелді! Өмекең не айтарын біледі! Тұлданған неменің қақынан бір шықтың-ау, аға». Мен бар демімді бір-ақ алдым. Бойым ауыр ойдан арғылып жеңілденіп қалды. Қазақ «Андамай сөйлеген ауырмай өледі» демей ме. Профессор сонда ғана өзінің артық кеткенін сезіп, пұшайман халде келідей басын төмен салды.

Академик Көпжасар Нәрібаев сұңғақ бойлы, қонырқай өңді кісі. Бертінде университетті он жылдай басқарды. Менің сауалыма құлақ қойып алды да тамағын кенеді. — Мен сол кезде Ғылым және білім министрі едім. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев телефон шалды.

— Көпжасар, университет қалашығына барып құрылыс жағдайымен танысып қайтайық. Бізбен бірге облыстың, бірнеше министрлер және тиісті мекемелердің қызметкерлері болады, — деді биязы үнмен.

Межелеген күні танертеңгі сағат онда бәріміз қалашыққа бардық. Бізді Өмірбек Арысланұлы алаңқайда күтіп алып, құрылыс нысандарына қарай жол бастады. Қай нысанға қанша қаржы көлемі игерілгенін, қанша пайыз жұмысы орындалғанын жатқа айтады. Бірқатар нысандардың құрылыстарымен таныстырған соң экспериментальды-тәжірибе зауытына алып барды. Мұндай зауыт сол кезде Одақ көлеміндегі жоғары оқу орындарының ешбірінде жоқ еді. Биология факультетінің құрылысы толық біткен кезде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қалашыққа тағы келіп, ғимараты мұқият қарап шықты. Атқарылған іске көңілі толып, құрылысшылармен кездесіп, хал-жағдайларын сұрады. Құрылысшы мәртебелі мамандық екені жөнінде ұлағатты сөздер айтып, рухтарын көтерді. Содан соң Жолдасбековке бұрыла қарап:

— Ректор жолдас, озат жұмысшыларды мемлекеттік наградаларға ұсыну қаперінде болсын, — деп ресми түрде ескертті. Жолдасбеков басын изеді.

Пәтер есігі сықырлай ашылып, ішке Тарас Төлегенов енді.

— Тарас аға, жұрт Жолдасбековті құрылыста реформатор деп жүр. Сіз бұған қалай қарайсыз?

Иә, реформатор демекші кейде құрылыс жұмыстары жанталаспен жүріп жатқанда,

Өмекең сасқан жоқ. Оларды сабырға шақырып, сабасына түсірді.

— Бұл жобаны өзіміз секілді жұмырбасты пенделер жасады. Олар да қателескен. Жобаның жетілмеген жақтары құрылыс барысында көрініс беруде. Кейін бармақ шайнап, өкініп қалмас үшін соларды дер кезінде түзеткен жөн. — Солай деп сызба-жобаларды қолтығына қыстырып, жүре берді.

Жолдасбеков Мәскеуге шұғыл тартып, университет жобасының авторы Александр Потокинмен кездесіп, бір аптадан соң жобаның өз қалауы бойынша түзетілген жаңа нұсқасын алып келді. Жұмсалатын қаржыда өзгеріс жоқ. Оның түзетулері орынды болып шықты. Ал танданбай гөр! — Төлегенов маған қарап, дауысын көтере сөйледі. — Білсең айтшы, бұрын-соңды мұндай бас кететін батылдық қай басшының, қай ректордың қолынан келіп еді?! Көрегендігі болмаса мұндай жүрек жұтқан іске кім барар еді? Тек, Өмірбек Жолдасбеков! — деп ол, сұқ саусағын жоғары көтерді.

Он жеті қабаттан тұратын Ректорат ғимаратының құрылысын бастар кезде, Жолдасбеков мені Германия мен Польшаға іссапарға жіберді. Сәулет өнерлері дамыған елдер ғой. Биік-биік сәнді ғимараттары алыстан көз тартады. Көрсен көзің ашылып, көңілің тояды. Бірқатар құрылыс нысандарын аралап, азды-көпті тәжірибе жинадым. Тіпті мен үшін бұл іссапар өте пайдалы болды.

Шетелдерден оралысымен ректорат ғимаратының жобасын қайта қарадым. Жоба бойынша төбесі көк тірейтін бас ғимараттың сыртқы және ішкі негізгі қабырғаларын монолитпен тұрғызу керек. Ал монолит ішке ауа өткізбейді. Сондықтан да бастапқы сызба-жоба біздің талғамымызға келмейді. Енді не істеуім керек? Қалайда ғимараттың негізгі сүйегін металл-рамалармен тұрғызып, қабырғаларын шлак-бетонмен өргізген абзал. Ал балқандарға қойн сәулесіне тосқауыл болатын қалқандар қойған жөн. Нартәуекелдің атына мініп, Өмекеңнің алдына бардым.

Жолдасбеков ұсынысымды мұқият тыңдады.

— Тарас, сол металл құрамалары жоғары балдық жер сілкіністеріне төтеп бере ала ма? — деді сынай қарап. Мен кірдім.

— Өмірбек Арысланұлы, жоғары сапада құйылған металл-рамалар бар және оларды бір-біріне дәнекерлеп қою аз. Қосымша болттармен қатырамыз. Тек жерасты жарылыс күші жойқыны орасан зор болмаса, анау-мынау жер сілкіністеріне былқ етпейді, — дедім сенімді түрде.

Өмекең тағы да бірнеше сұрақтар қойды. Әбден көзі жеткен соң Мәскеудегі Кеңестер Одағы жоғары оқу орындары құрылысын жобалау институтының директоры Александр Алексеевич Потокинді арнайы шақырды. Потокинге жобаға тағы да өзгеріс енгізу керектігін ашып айтып, өз ұсынысымызды дәлелдеуімізге тура келді. Бұл жолы да Жолдасбековтің беделі көп көмегін тигізді. Ұзаққа созылған пікірталасудан соң, біздің ұсынысымызды қолдады. Біз сол өзгерістер енгізілген жоба бойынша ректорат құрылысын бастадық.

Құрылыс нысандарын аралап, түс әлетінде кенсеме оралдым. Телефон безек қақты. Тұтқаның арғы жағынан Өмекеңнің күмілжіген дауысын естідім. Өзіне шақырды. Жабырқау үнінен бір ыңғайсыздықтың болғанын ішім сезді.

— Тарас, КОКП Орталық Комитетінің идеология хатшысы Михаил Андреевич Суловқа біздің үстімізден арыз түсіпті. «Жолдасбеков бастапқы сызба-жобадан көрсетілмеген қымбат металл-құрамаларын жөнсіз пайдаланған. Құрылыс мамандары мұндай ғимарат жер сілкінісіне шыдас бере алмай шашылып қалатынын айтуда. Құрылысты тоқтатып, Жолдасбековке қатаң шара қолдану керек» деп шағымданыпты. Осы арыз бойынша Сулов бізге арнайы тексеру комиссиясын жіберері анық, — деді ол.

— Өмеке, жобаға өзгерісті әлемдік тәжірибеге сүйеніп, орынды енгіздік. Потокин де көзін жеткізіп кетті.

— Тарас, инженерлік ұстанымыңды дәлелдеп, Суловтың атына арнайы хат жаз. Ғимараттың фотосуретін де қосып жіберейік, — деді көңілсіздеу үнмен.

Мен инженер ретінде ректорат құрылысының мықтылығына кепілдік беріп, оны нақты дәлелдермен ақ қағазға мұхият түсірдім. Потокиннен қолдау тапқанымызды да бүгіп қалғаным жоқ. Өмекең хатты оқып шықты.

— Өте жақсы. Соқырға таяқ ұстатқандай екен, — деп қолын қойды. Ол шырылдаған телефон тұтқасын көтеріп, әлдекіммен сөйлесіп жатқанда кабинетінен шығып кеттім. Хатты пошта арқылы салып жібердім. Көңіл шіркін аландаумен күпті болды. Ректорат құрылысын тоқтатқанымыз жоқ. Ғимарат күннен күнге биіктей түсті.

Сондай алаң күндердің бірінде Мәскеуден Суловтың жеті-сегіз білікті маманнан құралған комиссиясы да сау ете қалды. Олар аз болғандай «Госстрой» бастығы Юрий Николаевич Пастухов та өз комиссиясын жіберіпті. Университетте күбір-сыбыр әңгіме жайлады. Әлдебіреулердің жайылған езулеріне қарағанда, айыздары қанған сияқты. Комиссия мүшелері қонақүйге жайғасып, ректорат құрылысын апта бойына асықпай тексерді. Назарларынан ештеңе қалыс қалған жоқ. Бір аптадан соң үн-түнсіз Мәскеуге қайтты.

Арада бірнеше күн өткен соң Өмірбек Жолдасбековтің қолына тексеру комиссияның қортындысы тиді. Өмекең көңілді.

— Тарас енді тыныш ұйықтауына болады. Бәрі де дұрыс! — ол хатты қолыма ұстатты. Көз жүгіртіп оқып шықтым. Ректорат құрылысының талапқа сай жүргізіліп жатқанын жазыпты. Аздаған жеңіл-желпі ескертулері де бар. Менің зіл тартқан алаң көңілім сонда ғана орнына түсті. Ол:

— Тарас, айналайын сенің өз міндетіңе, адалдығыңа қылаудай күмәнім жоқ. Тек өтінерім, құрылыстың бірде-бір шіріген шегесіне дейін жоғалтып алмағайсың. Ал егер жоғалса, артына қонырау ілетіндер жетеді. Осы кезге дейін тірнектеп жинаған бар беделімізден сен де, мен де бір-ақ сәтте айырыламыз. Ар мен абырой саған да, маған да өте қымбат! — деп ескертті.

— Күрен қызыл шай көңіл ашады, інім, — Тарас Төлегенов буы бұрқыраған шәуғім мен ызындаған шәйнекті үстел үстіне қойды.

— Университет қалашығын тек трестердің құрылысшылары ғана салған жоқ. Сотта кесімді жазаларын алған неше алуан қылмыскерлер де жұмылдырылды. Өмекең бұл шешімге қол күші жетіспеуінен барды. Әуелгіде Бас мердігердің басшылары қарсы болды.

— Өмірбек Арысланұлы, сотталғандар жұмыс істейтін құрылыс нысандары биік етіп қоршалыды. Қауіпсіздік үшін жүк көліктері мен адамдар кіретін және шығатын жерлерде қарулы жасақ тұруы керек. Университет қалашығы ашық құрылыс алаңы. Мұндай жағдайда оларды пайдалану мүмкін емес, — солай деп жауапкершіліктен бастарын алып қашты. Өмекең:

— Отыз жетіде қазақтың талай «мен» деген азаматтары жазықсыз сотталып, жапа шеккен жоқ па. Солардың бәрі адами қасиеттерінен айырылып қалған деп кім айта алады? Аса қауіпті қылмыскерлер болмаса, былайғысымен тіл табысуға болады ғой. Тап қазір бізге қол күші ауадай қажет. Сондықтан ондай жандарды да пайдаланайық. Бар жауапкершілікті өз мойнымызға аламын, — деп табандап тұрып, талап етті.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы 2025 жылдың тамызында белгілі ақын-жазушылар, әдебиет танушылар, сыншылар, тіл ғалымдары, ведомство өкілдері, оқытушылар, оқулық авторлары және БАҚ өкілдерінің қатысуымен «Қазақ әдебиеті, қазақ тілі оқулықтары мен бағдарламаларындағы елеулі кемшіліктер және оларды шешу жолдары» атты форум өткізген болатын. Сол форумда осы саладағы қордаланған мәселелер төңірегінде айтылған сыни ойлар негізінде қабылданған қарар мен ұсыныс-пікірлер Үкімет басшысына, Мемлекеттік кеңесшіге, Оқу-ағарту министріне жолданған болатын. Осы хатқа байланысты ҚР Оқу-ағарту министрінің Орта білім беру комитетінен жауап хат келіп түсті. Біз төменде сол хатты оқырман қауымға таныстыруды жөн санадық.

Қазақстанда білім беру стандарттары мен бағдарламаларын әзірлеу және оқулықтарды сараптау тек мемлекеттің құзыретінде, яғни бұл жұмыстар мемлекеттік монополия болып табылады («Білім туралы» ҚР Заңының 8-2-бабы).

Жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) (бұдан әрі – Стандарт), Үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) мен Үлгілік оқу бағдарламаларына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

Анықтама: А. Құнанбайұлының шығармалары 2-11-сыныптар аралығында қамтылған: 2-4-сыныптарда «Әдебиеттік оқу» пәнінде жазба әдебиет үлгісі ретінде; 5-9-сыныптарда «Мен жазбайтын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері және кейбір қара сөздері; 10-11-сыныптарда бірнеше өлеңдері, қарасөздері және «Ескендір» поэмасы.

«Абайтану» курсы мектептер оқу жоспарының вариативтік бөлігінен дербес енгізіледі. Сонымен қатар «Абай мектептері» желісінде және қазақ тілінде оқытатын мамандандырылған сыныптарда «Абайтану» курсы міндетті пән ретінде оқытылады.

Бүгінгі таңда әлем әдебиетінің озық үлгілері 5-9-сыныптарға, сонымен қатар 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында қамтылған. Сонымен қатар жаңартылған Стандарт (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы) бойынша «Әлем әдебиеті» пәнін оқыту Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінде (таңдау бойынша) жүзеге асырылатын болады.

Анықтама: соңғы 15 жылда мектеп бағдарламасына аптасына бір рет оқытылатын 8 жана пән енгізілді. Зерделеу барысында елімізде бастауыш мектепте оқу пәндерінің саны 10-11 болса, ЭЫДҰ (ОЭСР) елдерінде ол 7-8 пән аралығында. ЭЫДҰ елдерінде апталық орташа оқу жүктемесі 30-33 сағатты құрайды, ал Қазақстанда – 35 сағат; бастауыш мектепте Беларусьте – 23 сағат, Қазақстанда – 26 сағат. 5-9-сыныптарда ең көп жүктеме Қазақстан оқушыларына тиесілі (35 сағат), Ресейде бұл көрсеткіш – 33 сағат, Беларусьте – 30 сағат.

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖАУАБЫН ОҚЫҒАННАН KEЙІН

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің орта білім беру комитетінен жоғарыда аталған форумда қаралған мәселелерге байланысты жауап хат алғанымызда ішіміз жылып қалғаны рас. Алайда жауап хаттың мазмұнымен таныса келе көңілге кірбің ұялады. Форум ұсынған келелі ұсыныстар қолдау таппаған тәрізді. Мәселен, ел мектептерінде «Абайтану» пәнін жаппай міндетті пән етіп енгізу ұсынысы қабылданбады. Абай Құнанбайұлының шығармалары 2-11-сынып аралығында қазақ әдебиеті пәні аясында оқытылып жүр-

ОРТА БІЛІМ БЕРУ КОМИТЕТІНІҢ ЖАУАП ХАТЫ

Осылайша, әртүрлі елдердің оқу бағдарламаларына жасалған салыстырмалы талдау Қазақстанда ТМД және ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда оқушыларға түсетін апталық оқу жүктемесінің ең жоғары екенін көрсетті. Мемлекет басшысы 2021 жылғы 26 қаңтарда өткен Үкіметтің кенейтілген отырысында мектептердегі шамадан тыс оқу жүктемесіне алаңдаушылық білдірді. Сондай-ақ Президент өз сөзінде оқушылардың оқу әрекеті мен олардың дамуының басқа да бағыттары арасында теңгерімді сақтаудың қажеттігін атап өтті.

Білім алушылардың «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) және «Орыс тілі мен әдебиеті» (Т2) пәндері бойынша білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар шет тілін меңгеруін бағалаудың жалпыеуропалық жүйесіне сәйкес енгізілген (CEFR).

Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын сыныптарда (орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік) «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытудың тиімділігі бірнеше ғылыми және практикалық негіздерге сүйенеді. Біріншіден, CLIL үлгісі бойынша тіл мазмұн арқылы меңгеріліп, оқушылардың уәждемесін арттырады және тілдік құзыреттілікті жылдам қалыптастырады. Екіншіден, оқу мен жазуды қатар дамыту күрделі мәтіндерді түсініп, құрастыру қабілетін жетілдіреді, бұл CEFR деңгейлері бойынша B2-C1-ге жетуге мүмкіндік береді.

4-5. Қазақ тілі пәнінің басты мақсаты – оқушылардың тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдыларын дамыту, тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Сондықтан оқу материалдары бейтарап мазмұнға, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің құндылықтарына және өмірлік жағдаяттарға негізделуі дұрыс деп санаймыз.

Жетілдірілген үлгілік оқу бағдарламаларында қазақ тілінің грамматикалық жүйесі тіл салалары бойынша әр тоқсанға жоспарланып құрылды. Бұл бағдарламалар бүгінгі таңда мектептерде сынақтан өтуде.

6. 2004 жылдан бері оқу әдебиеттерін әзірлеу және басып шығару бәсекелі ортаға берілген. Осыған орай, қазіргі уақытта авторлық ұжымы қалыптасқан баспалар мектеп оқулықтарын әзірлейді.

Елімізде оқулықтарға сараптама жүргізу жұмыстары мемлекеттік монополия болып табылады («Білім туралы» ҚР Заңының 8-2-бабы). Қағидаларға («Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдесіндегі № 344 бұйрығы) сәйкес оқулықтың сараптамасына бейіні бойынша ғылым кандидаттары мен докторлары, жоғары біліктілік санаттына ие педагогтер («педагог-зерттеуші», «педагог-шебер»), «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», «Үздік педагог» конкурстарының жеңімпаздары, сондай-ақ мемлекеттік және ведомстволық наградалардың иегерлері іріктеуден өтіп, сертификат алған жағдайда республикалық сарапшылар

базасына енгізіліп, сараптама жұмысына қатыса алады. Ол үшін Орталықтың ресми сайтында (<https://bmsso.kz>) «Сарапшы болу» бөлімі арқылы тіркелуге болады.

7. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу қағидаты оқулықтарды әзірлеу және сараптау барысында міндетті түрде ескеріледі. Сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету үшін әзірленген Талаптар («Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы) баспаларға да, сарапшыларға да нұсқаулық болып табылады. Онда оқулықтарда Отан мен ұлттық мәдени кодқа құрметті қалыптастыру, мәдениетаралық диалогты дамыту, халық пен мемлекеттің мүдделерін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қамту көзделген. Сондай-ақ батырлар, фольклорлық кейіпкерлер және ғылым, мәдениет, спорт сияқты салаларда жетістікке жеткен тұлғалардың үлгі болатын өмірлік сәттері берілуі тиіс.

8. Жоғарыда баяндалғандай Үлгілік оқу бағдарламаларын мемлекеттік монополист болып табылатын Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанынан құрылған жұмыс тобы (педагогика саласындағы жоғары оқу орындарының профессор-ғалымдары, үздік педагогтер, тәжірибелі әдіскерлер мен сарапшылар) әзірлейді. Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларына Қағидаларға («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламаларына сараптама жасау және оларды сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 мамырдағы № 221 бұйрығы) сәйкес сараптама жасалып, сынақтан және қауымдастықта талқылаудан өткізіліп, бекітуге ұсынылады.

Үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында оқытуға арналған көркем шығармаларды іріктеу МЖМБС-ның талаптарына, пәнді оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне, педагогикалық тәсілдерді (құндылыққа бағдарланған, тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілікке негізделген, конструктивтік, іс-әрекеттік, коммуникативтік) іске асыру ерекшеліктеріне, пәнаралық байланыстарға, шығарманың өзектілігі мен танымдық мәніне, сондай-ақ білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар сауалнама нәтижесі мен пән мұғалімдерінің ұсыныстарын ескере отырып, «Балалар кітапханасы» бағдарламасында («Балалар кітапханасы» бағдарламасын және көркем әдебиеттің түрлі кезеңдері мен жанрларын қамтитын кітаптардың арнайы тізімін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 368, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 511-НҚ және ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 633 бірлескен бұйрықтары) ұсынылатын көркем әдебиеттер тізіміне сәйкес шығармалар ірік-

телініп алынады.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 917 Жарлығына сәйкес тіл саясаты саласындағы функциялар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне берілген.

Орта білім беру жүйесінде 1-сыныпқа арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында әріптерді үйрету реті А. Байтұрсынұлының еңбектеріне және тілші, әдіскер ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп жасалған.

10. Балаларды кітап оқуға қызықтыру мақсатында ҚР Оқу-ағарту, Мәдениет және ақпарат, Ғылым және жоғары білім министрліктері бірлесіп, «Балалар кітапханасы» бағдарламасын жүзеге асыруда. Бағдарлама аясында көркем әдебиеттің түрлі кезеңдері мен жанрларын қамтитын 2580 аталымнан тұратын кітаптар тізімі бекітіліп, 2024–2025 оқу жылында мектеп кітапханаларына 767 мыңнан астам кітап сатып алынды. Бағдарлама кітапханалардың материалдық базасын нығайтуға, цифрландыруға және әдеби қорды жаңартуға ықпал етті. Мектеп кітапханаларының қызметі 2016 жылғы № 44 бұйрықпен бекітілген Қағидамен реттеледі. Қағидаға сәйкес, кітапханаларға қажетті әдебиеттер тізімі педагогтер мен әдістемелік бірлестіктердің өтінімі негізінде анықталады.

11. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, еліміздегі оқу бағдарламаларын орталықтандырылған түрде әзірлеу үрдісі дамыған мемлекеттердің білім беру жүйесіне тәуелді (Финляндия, Франция, Жапония, Сингапур және т.б.). Бұл үрдістің басты мақсаты – ұлттық қауіпсіздікті, білім беру сапасының біртұтастығы мен қоғамдағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету.

Үлгілік оқу бағдарламаларын қабылдар алдында қоғаммен кең талқылау үшін «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 18-бабына сәйкес ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жария талқылауға орналастырылады, онда кез келген азамат жария талқылауға қатысып, ұсыныстарын жолдай алады.

Өтініш иесіне 2025 жылғы 16 қыркүйекте (№3Т-2025-02895160) және 18 қыркүйекте жауап хаттар жолданды (№3Т-2025-02895313, №3Т-2025-02896090).

Жоғарыда баяндалғандар негізінде елімізде білім беру стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқулықтарды сараптау толықтай мемлекеттік монополия ретінде Заңмен бекітілген. Оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұны кәсіби мамандармен, сарапшылардың қатысуымен әзірленіп, ғылыми, әдістемелік және ұлттық құндылықтар тұрғысынан бағаланады.

Сонымен қатар жобалар ашық жарияланып, қоғаммен кенінен талқыланады және оған кез келген азамат ұсыныс бере алады. Бұл үрдіс халықаралық тәжірибеге сүйеніп жүргізіледі және білім беру сапасының біртұтастығы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Осы бағытта жұмыстар жалғасады.

ҰСЫНЫСТАР ҚОЛДАУ ТАППАҒАН

гені айтылған. Абайтану пәнін таңдау пәні деңгейінде емес, міндетті пән сапасында оқыту көптеген оң өзгерістер әкелер еді.

Мектептерде әлем әдебиеті пәнін енгізу ұсынысы да қолдау таппады. Әрбір сыныпта қазақ әдебиеті оқулығында бір шетел әдебиеті тұлғасының шығармасы ұсынылып жүргені шындық. Тұтас оқу жылында бір әлемдік тұлға шығармасымен танысу әлем әдебиетінің озық үлгілерінен хабардар болу деңгейіне жеткізбейді.

Ұлт сыныптарында «қазақ тілі мен

әдебиеті» деп кіріктіріліп оқытылып жүрген қос пәнді дербес пән есебінде оқытуға қатысты ұсыныс та аяқасты болған. Қазақ тілін өзге тіл сапасында оқытын мектептер тіл мен әдебиетті қатар меңгеріп, тіл үйренудің B2, C1 деңгейіне жетіп жүр дегенге көңіл иланбайды.

Оқулықтарда барлық бөлімдер, тіпті әрбір тақырып ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге бағытталуы тиіс. Осы орайда білдірген ұсынысымызға ұлттық құндылықтар тиісінше ескеріліп жүргені хабарланған.

Оқулықта меңгеруге берілген көркем шығармалар оқушылардың танымдық деңгейлеріне, жас ерекшеліктеріне сай таңдалып алынатыны ескертілген. Мадақ жырлар оқушылардың танымдық деңгейлеріне сай келетініне сену қиын.

Өскелен ұрпақтың келешегі мен ұлттың болашағына тікелей қатысты білім саласын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарымыздың қолдау таппағаны өкінішті-ақ.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы



Талгат ТЕМЕНОВ,

Қазақстанның Халық артисі,
кинорежиссер

Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа, батыстан шығысқа қарай жөнкіліп жатады...

Ерболаттың мына суретіне қарасам, полотноның сыртынан пойыздың жүрісі мен алыстан талып жеткен ысқырығы естілгендей болады. Ойпырай, а, суреттер де сөйлейді екен ау! Дүрс-дүрс, дүрс-дүрс...

Боз далада бозінген бар, бозторғайы жоқ...

Фариза ақын:

«Бозінген сүйреп бұйдасын,
беткейге бозаң белге асты.
Боздаған сәтте қимас үн,
Жанына тиіп жел қашты.

Артында қалды жон-жота,
Анадан үміт сөнген бе?

Қалды ма дейді-ау боз бота,
Бошалап барған сол жерде», — деп жырласа, Есенғали Раушанов:

«Бозаңға біткен боз жусан,
Боқыраудың күні болғанда.
Бозарып барып солар ма?
Мен бозаңды құшып көз жұмсам,
Қара жер, қойның толар ма?..» — деп тебірене толғаған екен.

Төлепбайдың жұмысына қарадым, қарадым да бозамық күнге тап болдым. Бозамық емей немене? Боз далада Шыңғыс отыр.

Мұндағы кейіпкерлер екеу ғана. Олар — Айтматов және кішкене бала, дұрысы Ерболаттың өзі. Таудай дана Шыңғыстың қасында отырған бала

Ерболат Төлепбай. Бұғанасы қатпаған, жұртқа әлі танылып үлгермеген. Сондықтан бала бейнесінің көрерменге, халқына, болашаққа бетімен толық бұрылмаған әрі ашылмаған кезі. Бар көңілі жаңа ғана Шыңғыс байкесі айтқан әңгімеге, эпосқа еліткен, елжіреген. Ал ар жақта Айтматов қалдырған кейіпкерлер бейнеленген. Ұзын бойлы Танабай ма, болмаса Байтемір ме? Әлде мынау отырған Авдий Калистратов па?

Шыңғыстың сол жағында түйе же-

еске алатын күнім еді, — дейді Толғанай...

— Білем, білем. Мен де күтін жатқанмын, япыр-ау, бұл жолы да жалғызбысың?»

Ұлы Шыңғыс жер-ана мен Толғанайдың кездесуін, сөйлесуін қалай көрсеткен десеніңші! Құдды көне таныс адамдардай тіл-



Боз далада ШЫҢҒЫС ОТЫР...

Суретші Ерболат Төлепбайдың Астанадағы Ұлттық музейдегі көрмесінен кейін туған ой

телеген мәнгүрт жүр. Анық емес. Оның бет-жүзін ажырата алмайсың. Иә... мәнгүрттерде сурет болмайды, бейне жоқ. Олар көп... Сондықтан Шыңғыс олардың сыртқы образын емес, ішкі дүниесін берген. Ерболат осыны меңзейді. Аты-жөні белгісіз біреулер. Құдды Айтматовтың өзі сөйлеп тұрғандай... Мәнгүрттер — өзінің кім екенін, әке-шешесінің кім болғанын, руын, ата-бабасының тарихын, тағдырын, тілін, ділін, дінін білмеген пенделер.

О, тоба! Бүгінде мәнгүрттер өзгерген, өскен, өркендеген екен. Олар сонау заманда түйе мінсе, бүгінде джиппен, мерседес, майбах, ломбарджинимен жүретін болыпты. Дүние, уақыт, қоғам — бәрі өзгерген. Өзгермеген Мәнгүрт қана! Себебі Мәнгүрт мәнгі... Олар ертең бастық болып шыға келсе, таңғалма...

Ал ана бір әйел Толғанай ма? Не дейді екен?

«— Уа, армысың, киелі далам!
— Дені-қарның сау ма, Толғанай! Өзің бе келген?»

— Бүгін шейіт кеткен бауырларымды

деседі... Иә, жер-анада тіл жоқ, жүрек бар. Жердің тілін ұғу үшін ана болу керек. Айтматов болып туу қажет. Жер-анаға тіл бітірген Шыңғыс отыр мінкей...

Бүгінде жер-ананы былай қойғанда, өз анасын ұқпайтындар қаншама?.. Ана тілі... Ана тілден ажырағандар тап бір анасынан айрылғандар секілді екен-ау.

Мына оң жақта отырған кім?.. Танабай ма? Хош бол, Гүлсарыдағы кейіпкер ме?

«...Сен менің қанатым едің, Гүлсары. Менің ең жарқын жылдарым, өмірімнің ең шұрайлы кезеңі сенімен бірге кетіп барады, Гүлсары. Сен менің көз алдымда сөніп барасың, тұлпар туған Гүлсары. Бір кездері о дүниеде кездесерміз, Гүлсары. Бірақ әзір менің көзім тірі тұрғанда сен өлмейсің. Өйткені сен менің есімде мәңгіге қалдың, Гүлсары...»

Қандай қоштасу! Бейне бір әлемдегі ең қимас жақыныңмен, жаның сүйген адаммен қоштасу тәрізді. Танабайдың сүйікті аты Гүлсарымен емес, Шыңғыстың Бибісарамен жылап тұрып қоштасуы іспетті... Бірақ оны

мына жұртқа көрсетуге болмайды. Заман солай... Иә... бұл — азамат Шыңғыстың, пенденің қимасын, махаббатын, он төрт жыл бірге жүрген асылын, қымбаттысын өлімге қия алмай еңіреген ессіз кезі... Бибісарасынан

айрылған Шыңғыс... Қайран байке... Ұлылар да жылайды екен-ау... Сенің сонау Сицилияға бара жатқан кемеді палубаның үстіндегі аспанға қарап жылағаның Тасшайнардың сыңарын іздегеніндей-тін. Ол әңгіме әлі күнге жақсылардың жадында. Сондықтан болар, Ерболаттың Шыңғысы мұңлы. Көз жасын жаңа сүрткен, өксігін енді басқан кейіпте.

Полотноның оң бұрышында қайық тұр. Үстінде отырған бала секілді... Балыққа айналып суға кеткен бүлдіршін... Тағы да Шыңғыс күбірлейді...

Мен саған не айтайын енді, сен өзіңнің бейкүнә сәби, мүбәрак жаныңның, адал жүрегіңнің дегенін істедің. Сен айдын аспанның төсінде бір жарқ етіп сөнген найзағайдай болып кете бардың. Найзағайдың иесі — тұңғыық, шексіз аспан ғана... Аспан мәнгі-баки...

Иә, осыны айтып тұрған Шыңғыс... Тек қырғыз-қазаққа ғана емес, әлемдік руханиятқа, әдебиетке ізгілік нәрін шашып өткен Айтматов. Ұлы тұлға!

Кімнің не ұққанын білмеймін... Ерболат Төлепбайдың суретінен мен осыны ұқтым, түсіндім, ой түйдім. Сосын... сосын ешкіммен сөйлескім келмей қалды...

ӘДЕБИ КЕШ ӨТТІ

ҚР Ұлттық кітапханасында жазушы, драматург, сыншы, өнертанушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Асқар Сүлейменовті еске алуға арналған әдеби кеш өтті.



Іс-шара аясында жазушының түрік тілінде жарық көрген «Бесатар» романы мен «Парасат падишасы» атты екі томдық естеліктер жинағының тұсауы кесілді.

Әдеби жиынға Қазақстаннан қаламгер қауым, сыншылар, түрік тіліндегі кітаптың аудармашылары Абдулқадір Өзтүрік пен Қарлығаш Қабай қатысты.

Жиында қаламгердің замандастары мен әріптестері жазушының тұлғалық келбеті мен рухани мұрасы жайлы сыр шертті.

ҚОС КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Ұлттық кітапханада поэзия мен прозаға қатар қалам тербеп жүрген «Ана тілі» газетінің бөлім редакторы, қаламгер Дағжан Белдеубайдың қос кітабының тұсаукесері өтті.

Іс-шараға кітапсүйер қауым мен қаламгердің қаламдас әріптестері қатысты. Кітаптардың аты да ерекше — «Сұрқылтай» және «Жасыл сөздер». Бірінші кітапта — «Сұрқылтай» романы мен он екі әңгімесі жарияланған. Ал «Жасыл сөздер» жинағында өлең, баллада, толғаулары бар.

Жиынды академик Қансейіт Әбдеуұлы жүргізді.



«ҚАРҒАШ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Жуырда Абай атындағы Опера және балет театрында қазақ операсының дара дауысты теңдессіз теноры Амангелді Сембинге арналған Қали Сәрсенбайдың «Қарғаш» кітабының тұсаукесері өтті.



Кешті қарымды қаламгер эссеист-жазушы Қали Сәрсенбай ашып еңбектің маңызын атап өтті. Іс-шараға Асанәлі Әшімов бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері мен Сембиннің шәкірттері қатысты. Кеш барысында ұлы тенордың

өмірі мен өнер жолын еске алып, шәкірттері мен өнер академиясының студенттері оның репертуарындағы туындыларды орындады. Шара соңында кітап қонақтарға тарту етіліп, кеш жоғары деңгейде қорытындыланды.

КІТАПҚҰМАРЛАР КЛУБЫ



Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңесінің жанынан қыркүйек айынан бастап «Кітап талқы» деген оқыр-

мандар клубы құрылып, жұмысын бастады. Айына бір рет Алматы қаласының түрлі саладағы жастары одақ кітапханасында бас қосып, қазақ балалар әдебиетінің үздік туындыларын оқып, талдап, шығарма авторымен кездеседі. Оқырмандар Ыбырай Алтынсарин, Спандияр Көбеев, Молдахмет Қаназ, Сәуле Досжан т.б. белгілі жазушылардың шығармашылығын талдады. Кеңес төрағасы жазушы Елдос Токтарбайдың айтуынша, осындай әдеби клубтар Астана, Шымкент қалаларында да өз жұмысын жалғастырып, балалар әдебиеті туындыларын жан-жақты талдап, қоғамға кеңінен насихаттауға ықпал ететін болады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, әскери қаламгер, журналист, отставкадағы полковник Құмарбек Омаров туралы бір үзік сыр.

Жас кездегі мақсатың мен арманыңның орындала бермейтіні рас. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» деп бекер айтылмаған ғой. Адам өскен сайын арманы да асқақтап алыстарға жетелейді.

Құмарбектің де бала кезден аңсаған арманы — дәрігер болу. Оның себебі де жоқ емес. Әкесі Кәмәли аншылықты кәсіп еткендіктен, үй қарасын көрмей үнемі түзде жүреді. Үйдегі бар жұмыс анасы Мақаштың мойнында еді.

Анасы орта жастан аскалы науқастанып сырқаты сыр бере бастаған. Бала қиялы сан саққа жетеледі. Бірде дәрігер, бірде мұғалім болғысы келді.

Ол кезде Құмарбек тұратын шалғай ауылда төрт-ақ сыныптық мектеп бар еді. Төрт сыныпқа бір ғана мұғалім сабақ береді. Шамасы келгендер балаларын одан әрі интернаттарға, орталықтарға жібереді. Ал оған мүмкіндігі жоқтар сол төрт сыныптық білімді қанағат тұтып, ауылда қалатын. Төртінші сыныпты бітірген соң Құмарбектің де оқуды жалғастырғысы келді. Сөйтіп, қанша жерден туыс болса да ағайынның үйінде тұрып білім алды. Шетқакпайлықты көре жүріп, ширьға түсті. Өмірдің алғашқы қиындықтарымен де сол бала күнінде бетпе-бет келді. Көп балалы отбасы болғандықтан ауылдағы ата-анасынан да жиі ақша келмейтін. Киімі тозып, шалбарының әр жері тесіле бастаса да, қысылып жүріп оқуын тастамай табандылық танытты. Сондай түрлі қиындықтарға шыдауының себебі — ата-анасына көмектесіп, бауырларына қамқор болуға жарасам деген ниеттен туған еді.

Зымыраған уақыт зулап өтіп жатты. Тарыдай болып кіріп, таудай болып мектепті тамамдап, Семейдегі құрылыс техникумына түсіп, оны үздік бағамен бітіреді.

Енді алда үлкен асу тұр еді. Ол — Отан қорғау. Бұл қай дәуірде болсын әрбір азаматтың қасиетті борышы болып келген. Өзін ер-азаматпын деп санайтын кеудесінде ар-намысы, бойында ерік-жігері, жүрегінде оты бар әр жігіт үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет. Сонымен Құмарбек азаматтық борышын өтеу үшін Мәскеу түбінен бірақ шықты.

Жат жерде жүріп Құмарбектің айы оңынан туды десек, артық айтқандық емес. Осындағы әскери бөлім командирі капитан Василий Егоров деген жерлесі болып шықты. Егоровтың әкесі Парк Черновинский ауылда басқарма бастығы болған көпшіліктің құрметіне бөленген еңбеккер жан еді.

Василий Құмарбекті қорғап-қолдап жерлестік қамқорлығын аямайды. Ақыл кеңесін айтып, партияға өтуге ұсыныс жасайды. Әскери бөлімде қалуына штаб бастығы полковник Караванский де күш салады. Елге, ауылына, ата-анасына деген сағынышы сарбаздың қара шаңыраққа оралуына түрткі болады.

Шинелдің буы кетпеген Құмарбек сол кездің тәртібі бойынша қара шаңыраққа асықса да Үлкен Нарын аудандық партия кеңесіне кіріп партиялық тіркеуге тұрды. Аудандық комсомол ұйымының хатшысы Құмарбекті танып:

— Жолдас ефрейтор Омаров, әскерден оралуыңызбен! Мені танымдадың ба? Мен Алексей Кириллович Федоровпын, — деді.

— Менің кабинетіме жүр, — деп Құмарбекті соңынан ертті. Шағын кабинетте Құмарбекке, Үріл совхозы комсомол ұйымының хатшысы бол деген өзінің ұсынысын айтты.

Сонымен не керек, сағынып жеткен қара шаңырағына, ата-анасына Үріл совхозы комсомол ұйымының хатшысы болып табалдырықтан аттайды.

Әскерден келген соң Үлкен Нарын

ауданындағы Үріл совхозында қызметке жүрген кезі еді. Бірде сол ауылға Тұрсын-най деген қыз институт бітіріп, мұғалім болып келді. Сол қызбен тіл табысып, 1973 жылы отау құрды. Екеуі содан бері өмірдің ашы-тұщысын қатар татып, бірге келеді. Сол жылдары аудан орталығында өткен комсомол конференциясында баяндама жасайды. Мәслихаттан шығып келе жатып, дәлізде бір кісімен қарсы келіп қалады. Қараса, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Құмарбек Боранбаев екен.

ЖОЛЫ АШЫҚ, ЖАЙСАҢ ЖАН

«Әй, Омардың ұлы, сен қайдан жүрсің? Ертең маған келіп жолық», — дейді ол. Ертеңіне барса, ауданның жақсылары мен жайсандары отыр екен. Жас комсомолдарды жұмысқа шақырып жатқандарын айтып, Печи ауылдық аймағына ауылдық кеңестің хатшысы керектігін есіне салып, келісімін сұрайды. Құмарбек: «Хатшысы қалай, одан да неге төраға қылып бір-ақ қоймайсыздар», — деп қалжыңдайды. Отырғандар ду күледі. Екі-үш айдан кейін орталықтан қайта шақырту келеді. Ақыры басшылықтың ұйғарымымен 22 жасында аталмыш аймаққа өзі айтқандай ауылдық кеңестің төрағасы болып барады.

Келе сала ауылдағы қордаланып қалған мәселелерді шешуге күш салады. Әсіресе жол мәселесіне баса назар аударады. Балшыққа белшесінен батқан халықтың аудан орталығына жетуі мұңға айналған кез екен. Білек түре іске кірісіп кетеді. Бір жылдың ішінде аудан орталығына автобус жүретіндей етіп, жол салуды жүзеге асырады. Атқарылар шаруа шаш етекпен, бірақ оған бас ауыртып жатқан ешкімнің көрінбейтіні жанына батса да сыр білдірмей тәуекелге барады. Сонымен, жол төсеп, көпір салып, игерілмей жатқан ақшаның да ретін тауып, жатпай-тұрмай шаруамен айналысады. «Ауылға жап-жас бала келіп, өстіп жатыр екен» деген әңгіме жан-жаққа тарай бастайды.

Сөйтіп жүргенде, Үлкен Нарын мен Қатонқарағай аудандары екіге бөлінеді. Жаңадан құрылған аудан үшін Алматының жоғары партия мектебінің журналистика факультетіне оқуға бір орын бөлінеді. Соны ести сала Құмарбек дереу басшылыққа білім алғысы келетінін жеткізеді. Өтініші қабылданып, он бір адамның ішінен сол орын оған бұйырады. Ол кезде жасы жиырма төртте. Әйелі мен екі қызын алып, Алматыда пәтер жалдап жүріп оқиды.

Оқуды бітіріп, жаңа қызметке кірісе бергені сол, бір күні Орталық Комитеттен шақырту келеді. Түнімен не бүлдіріп қойдым деп қобалжып, ұйықтай алмай шыққан Құмарбек ертесіне мазасы кетіп Орталық Комитетке келсе, Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетіне қызметке шақырады. Үйге келіп қабырғасымен келіседі. Жұбайы: «Біз осы уақытқа дейін аз қиыншылық көрген жоқпыз. Сен олардан әуелі пәтер сұра, егер баспана мәселесін шешіп берсе, онда ұсыныстарын қабыл ал», — деп кеңес береді. Орталықтағылар өтінішіне құлақ асып, Алматының дәл ортасынан екі бөлмелі пәтер береді.

Осылайша, кадр бөлімінде аға жедел уәкіл болып жұмысқа кіріседі. 1994 жылы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) бөлім басшысы болды. Біртіндеп қызметі жоғарылай бастады. 1997 жылға дейін органда жұмыс атқарып, жасы елуге келгеннен кейін зейнетке шықты.

Енді мемлекеттік қызметтен босап, Алматыдағы қыздары мен жиендеріне барып, мауқын басайын деп жүргенде, Шығыс Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Виталий Метте «Алтын Төбе» металлургия зауытына директор болуын өтінеді. Жеті жыл сонда басшылық етіп, ақыры өз еркімен қызметтен босауға өтініш білдіреді.

Сонда Метте: «Мен талай басшыны көріп едім, бірақ дәл сіз секілді өз еркімен қызметтен кеткен адамды бірінші рет көріп тұрмын», — деп тандана басын шайқайды.

Ақырында, қыздарының өтінішімен Алматыға көшіп келеді, келгеніне үш ай толысымен оны Президенттің күзет қызметіне жұмысқа шақырады. Онда бас директордың орынбасары қызметін атқарады. Екі жылдан кейін денсаулығы сыр бере бастайды. Әуелі дәрігерлер «сырқатыңыз қауіпті, жаман ауру» деген диагноз қояды. Денсаулығын уайымдап

Өзіне өзі: «ал жаз, сонда нені жазамын? Көргенімді, естігенімді жазамын ба? Ауданым мен туған ауылым Чернованы ғана білемін. Ал оның талайын Оралхан мен Қалиқан жазып қойды. Енді не істеймін деп жүріп жолын тапты. Әкесі туралы жазбақ болды. Әкесі жай ғана адам емес, атакты аншы, соғыс ардагері. Демек, әкемнің өткені менің жаңа қадамыма апаратын бірден-бір жол деп ұйғарады». Біртіндеп қаламмен достаса бастайды.

Жазбаса тұра алмайтындай жағдайға жетеді. Соның нәтижесінде



жүргенде түсінде анасы Мақашты көреді:

— Құмарым, сен әлі жассың, көп ойлап уайымдама, әлі-ақ жазылып кетесің. Әкең борсықтың майын әкеліп емдеймін деп кетті. Кездестіре алмай жүрген болар. Аң аулауда оңай емес. Хайуан болса да өмір сүргісі келеді ғой. Кәмәли, мені ат деп мойнын созып қасына келмейді ғой, — деп анасы күліп, Құмарбектің шашынан сипап, мейірлене маңдайынан иіскеп, құшағына қысты.

Алғашында анасының күлкісін түсінбеген ол: «Иә, апа, аңның да миы бар шығар, — деп анасына қосыла күлді.

Мақаш болса күлкіден шыланған көз жасын сүртіп: «Менің саған айтарым, ботқаным, Алла тағала жолыңды ашық, ақ қылсын. Жаныңнан әрқашан тек жақсы адамдар табылсын. Қандай мамандық иесі болсаң да Отанына, еліңе адал қызмет жаса. Ойлаған арман-мақсаттарың орындалсын. Біз әкең екеуіміз сенің демеушің болып жүре берейік», — деп анасы ұзай бергенде оянып кетті. Түсін іштей жақсылыққа жорыды.

Кейін Швейцарияға барып, толық тексеруден өткеннен кейін, бастапқы диагноздың қате қойылғаны анықталып, сол жақтан өт қабана ота жасатып, оңала бастайды. Осыдан кейін ойға келеді.

Журналистика факультетін тамамдаса да жазушы боламын деген Құмарбектің үш ұйықтаса түсіне кірмеген. Бір күні газет қарап отырып, «Рудный Алтай» газетіне көз жүгіртсе, кезінде өзі басқарған Печи кеңшары туралы мақала жарық көріпті. Қараса, кейбір деректері шындыққа сәйкес келмейді. Кезінде өзі басқарып, аяққа тік тұруына мұрындық болған ауыл туралы жалған дерек бергендері жанына батып, дереу тілшіге хабарласады. Ол келіп, мән-жайды түсіндіргеннен кейін, онда сіз қарсы мақала жазыңыз деп кеңес береді.

Жарайды көрейін, қалай болар екен деп жүрексініп, қолына қалам алады. Кейін жазғандарын редакцияға алып барса, «мынауыңыздың көлемі газетке тым көп, сіз тағы біраз нәрсе жазыңыз, бәрінің басын құрап, кітап етіп шығарайық», — дейді. Бастапқыда «қолымнан келе қояр ма екен» деп жүрексінеді, бірақ қалам ұстаса болды, жүрек түбіндегі сезім сырлары өз-өзінен қағаз бетіне төгіліп қоя беретінін байқайды.

«Последняя охота», «Река начинается с ручьев», «Загадочная Бухтырма», «Обречение», «Катын-Карагай», «Стойбище Омара» атты кітаптары жарық көрді. Негізінен, орыс тілінде жазады. Бірақ кітаптарынан қазақтың өзіне тән иісі француз әтірінен артық шығып тұрады. Кітаптары еліміздің түкпір түкпіріне таралып жатса да, атак-дәреже қуып, жазушы болып, жұртқа танылсам деген ниеті болған емес.

Бір күні ары ойланып, бері ойланып Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкеновке екі-үш кітабын аркалап алдына барады. Төраға қабылдау күні болмаса да Құмарбекті жылы жүзбен қарсы алады. Ол келген себебін айтады:

— Мереке бауырым, мен шен, тон сұрап келгенім жоқ. Біреулер тойда шапса, біреулер босқа шабады демекші, осы мен босқа әуре болып жүрген жоқпын ба? Мына әкелген кітаптарымызды қолың тисе бір қауап шығып бағанды берсен екен, — деп өтінеді. Төраға қалай жылы қарсы алса, солай жылы шығарып салады.

Арада екі-үш ай өтпей қара шаңырақтың табалдырығын қайта аттайды. Бұл жолы төрағаның арнайы шақыруы бойынша келіп, кеудесіне «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін тағып, Жазушылар одағына мүше болып қайтады. Мүшелікке өткені туралы куәлік қолына дәл 13 шілде — Қауіпсіздік қызметкері күні тигені де әлі есінде. Қуанышы қойнына сыймай, алып-ұшып куәлікті алып, кәсіби мерекеге арналған салтанатты шараға барады. Әріптестері де қатты қуанды, сол күн оның жеке мерекесіне айналып кеткені қашан.

Бүгінде сексеннің ауылына таяған шағында табандылығымен, білімімен талай-талай биікті бағындырған зейнеткер, өз ортасының мақтанына айналған. Оның бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарында, жария болған мақалаларында адами қалпынан айнымағаны байқалады. Жолы ашық жайсаң жан отставкада болса да оншақты кітаптың авторы, ағайын-туғандарының әрі әулетінің қорғаны.

Жүніс ОМАР

АЙ ҚАНАТТЫ АРҒЫМАҚТАР

(Басы 4-бетте)

Әкеге деген сағыныш, әке деген ізет пен құрметті үлкен тағылымды тақырып етіп алып, бүгінгі жас буынға әсері, ұлағаты зор аталар аманаты, бабалар жолы деген қасиетті құндылықты текті әулеттің өмір, тағдырынан тарата отырып ұсынғанына қатты әсерлендім.

Ата-баба аруағын сыйлаған, әкенің, анаңның қадірін тірі кезінде білген, ардақтаған, көздің қарашығындай қадірлеген отбасының тарихымен таныстым.

Ислам дінінің тарихын, ондағы әйгілі пайғамбарларымыз бен сахабаларымыз, Мұхаммед пайғамбар (Оған Алланың мейірімі мен шапағаты болсын), оның ұрпағы туралы тағылымды, танымдық өңгіме өрбітетін автор ісі мұсылманға киелі саналатын тарихи деректердің барлығын асықпай баяндайды. Ұлы халифат құрған, дін таратқан ислам қайраткерлеріне бір-бірлеп тоқталады.

Өзінің тікелей ата-бабалары тарайтын Баксайыс қожалар тарихын, солардан өрбитін Қасиетті шежірені баяндайтын тұстарында бұрын білмеген, бұрын естімеген деректерге қанықтым.

«Маған ғұмыр сыйлап, атадан төртеу болса да, әкеден жалғыз өскен, он перзент тәрбиелеп, тұтас әулет қалыптастырған асқар таудай ардағымыз – Абрар Әкетайұлы Құл-Мұхаммед биыл тоқсанның төріне шығады. Бұл еңбегімді қолыма алғаш қалам ұстатып, «Әліппеден» бұрын қасиетті «Құранның» айттарын үйреткен, ата-бабаларының есімдерін жаттатқызып, халық әдебиетінің мол мұрасымен сусындатқан асылзада әкемнің торқалы тойына арнадым» деген арнау сөзден басталады мақала. Өнегелік мәні терең, ұрпақ тәрбиесінде әрбір оқу ордасының, әрбір мектептің, әрбір балабақшаның табалдырығынан бастап, оқу бағдарламаларына батыл енгізуге болатын қажетті дүние бұл.

Бұл ғана емес, автордың кітапқа енген барлық мақалалары туралы да осыны айтуға болады. Әрдайым оқырманға ой тастай сөз өрбітетін қаламгер жалаң фактілердің, құрғақ деректердің шеңберінде қалмайды. Оқырманын жалықтырмайды. Ой ауқымын кенге салады.

Ұлтымыз бастан кешкен, еліміздің тағдырына бетбұрыс әкелген барлық тарихи оқиғалардың сабағына, тағылымына алдымен ой көзімен үңіледі. Өзі зерттеп отырған немесе өзі тандап алған тұлғалардың өмірі мен тағдыры, қайраткерлік еңбегі арқылы елдің тарихын, мемлекет тарихын тұтастықта алып қарайды. Әрбір кейіпкердің жүріп өткен өмір жолы – еліміздің, ұлтымыздың жүріп өткен тарихымен, тағдырымен сабақтас, тамырлас, ішкі бірлікте сөз болатындығы кітаптың танымдық, өнегелік мәнін қол жетпес биікке көтеріп тұр.

Әрине, осында сөз болатын әрбір тұлғаның өз жекебасы да бір-бір тарих. Олардың әрқайсысының жүріп өткен жолы, тағдыры үлгі-өнеге. Автор, алдымен, осыдан бастайды. Ел тарихы дегеніміз – тарихи тұлғалар, тарихи қайраткерлер тарихы екендігін терең түсінетін оқырман үшін осынау кітаптағы әрбір кейіпкер бір-бір тарау.

Ең бастысы – ағалар аманатына адалдық жолында автор аянбаған, ақ сөйлеп, ағынан жарылған.

Жазушы, қаламгер, ғалым, зерттеуші, тарихшы Мұхтар Құл-Мұхаммед ұзақ жылдар мемлекеттік қызметте жүрсе де, уақыт тауып, осыншама құнды, құнарлы жазбаларын құнттап, іждихатпен жинап, шашау шығармай, шашасына шаң жұқтырмай, әбден пісіріп, ой елегінен өткізіп қалың оқырманға ұсынып отыр. Осынау құнарлы, құнды кітаптың бізге беретін олжасы мол болатынына, әрбір қазақтың төрінде тұратынына, жазу үстелінің үстінде жататынына сенімім кәміл.

Түйін. Абай сөзімен бастадық. Абай сөзімен аяқтайық.

«Көңіл аулап, сөз айтар, Білер ме екен бекзатым!» – дейді Абай өмірінің соңына жақындаған бір сәтінде...

Бекзат болмысты асыл ағаларына көңіл аулап, сөз айтқан суреткер қаламгерге біз де бір Алланың ризашылығы болсын дейміз!

түркі елдерінің ырым-жоралғыларын кеңінен пайдаланады.

Шығармада қайшылық жоқ. Қазақ ертегілерінің сюжеті мен мазмұны бір-бірімен қабыса кетеді. Бұл өзі тарихи жайттардың түп төркіні біреу екенін, жағрафиясының біртұтастығын білдіреді. Демек, автордың ойынша, екі мәдениеттің сыры бір. Әредік Қорқыт монологі келтіріледі. Кейде диалог алға тартылады. Әзірейіл де сөзге араласады. Қорқыт тәкаппарлық – Ібіліске тән астамшылық деген ой айтады. Пьеса тұтас бір сюжеттен емес, шағын-шағын эпизодтардан құралған. Пьесаның мақсаты – Қорқыт пен Білгамештің көркем бейнесін жұрт алдына тарту.

Эпостағы Энкиду – пьесалық нұсқаға

жазу тақталарын тұңғыш ойлап тапқан біздің бүгінгі өркениеттің ағайыны. Пьесадағы оқиға шиеленісі, қайшылығы персонаждар арасында емес. Олар – метафизикалық тарихи персонаждар, яғни кейіпкерлер күнделікті өмірді емес, мәңгілік тіршілікті образды түрде бейнелейді. Мұнда әрбір қаһарман – бір-бір идея. Шиеленіс идеялар арасында өрбиді. Көшпелі ел мен отырықшы елдің арасындағы мәңгілік күрес тарихы.

Автор адамзаттың екі үлкен қоғамы – отырықшы елдер мен көшпелі жұрттың қарым-қатынасы жайында сыр шертеді. Асылбек Ихсан эпостағы Энкидудың орнына Қорқытты қояды. Мұнда үлкен мәселе жатыр. Демек, Энкиду мен Қорқыттың культурологиялық бейнесі

ШУМЕР СӘУЛЕСІ

Әссе

кешті, ұрпағы бар ма? Өкінішке қарай, гуманитарлық сала, әдетте, идеологияға бағынышты келеді.

Шумерді ғұлама ғалымдар түрлі нәсілге бөледі. Бірақ ол жарқ етіп келді де, жалт етіп жоғалып кетті. Шумерді таныған сайын, таныс бола түсері сөзсіз. Тіпті Түбектің бос жатқан елсіз, иесіз жерін алғаш игерген, ел қондырып, қала салған көшпелі түркі тайпалары деген жорамал да жоқ емес.

Мен – Шумермін. Бойымда Тигр мен Евфрат, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия айбынды аймақтарын мекендеген көшпелілердің асқақ рухы бар. Жүрегім сен деп соғады, арамей жұрты, Гилгамеш, Қорқыт, Энкиду!

Топырағы құнарлы, суы мол өңірдің шаруашылығы қарқындап, өркендеп дамыған деседі.

Тілдік (лингвистикалық) тұрғыдан ғана емес, этникалық құрамын айқындаған антропологиялық кескіні көшпелі жұрттың бейнесіне келетінін аңғарамыз.

Бір Дінгірдің (Тәңірдің) перзенттері! Мынжылдықтар тереңінде тоғысатын тағы бір көмбе, ол – Қорқыт құбылысы. Ұқастық тұрғысынан екі персонаждың екеуі де туыстық деңгейде. Тарихи құпиясын аша алмаған екі жұрттың мәселесін Асылбек Ихсан пьесасы шешіп жатқан тәрізді.

Пьеса «Зор Білгамеш һәм Қорқыт ата» деп аталады. Гилгамеш – Білгамеш, дәлірегі «Білге – мес». Мүмкін, басқасы да болуы мүмкін.

Уақиғалар жол-жөнекей эпостағы сюжеттен ауытқып жеткен, өзгерген. Әдейі жасалған дүние. Фабула жана форма тапқан. Философиясы метафизикалық мазмұнға құрылған. Іргелі ұғымдардың мәнін ашады: өмір мен өлім, аспан мен жер, ақ пен қара.

Кейде бірыңғай сюжетті драмалық шығармаларды да табасыз, сондықтан композиция күрделі емес. Жалпы, менің бір байқағаным, кейде пьеса мәтіндері ашық келеді. Жабық мәтін сахна қимыл-қаракетін азайтады, бүгінгі театр қимыл-қаракетті сөйлетеді. Автор мәтінді ашып, мәнді танып, күллі мизансцена, эпизодтар, актілер ішіндегі уақиғаларды түсінікті етіп жазады. Күрделі-қойылымды бұл пьесаны қоямын деген режиссер автордың ізімен Шумер, Авеста, Заратуштра, Қорқытты зерттеуі, түркілік дүниетаным тереңіне бойлауы керек. Режиссер түсінбесе, пьеса сахнаға жете алмайды. Режиссер пьесаны қысқартам, кей сахналарының орнын ауыстырам десе жаңылысқаны, шығарма біртұтастығынан айырылады. Пьеса көріністері бір-біріне байланған. Бұл – түйін. Оны шешу қажет. Шығарма лейтмотиві – түйінді тарқату. Пьеса авторы қазақ фольклорын, сонымен қатар



енгізілмеген. Бірақ оның ролін Қорқыт ата атқарып тұр. Қорқыт та, Энкиду де – екі елдің тел өскен төл перзенттері.

Бүгінде ғалымдар Қорқытты жан-жақты танып отыр. Оны Шумер өмір сүрген дәуірде дүниеге келген деп санайды. Мәдениет әрі тарих мәселелерін талқылап, дүниетанымын қалыптастырады.

Шумер – мәдениет бастауы, адам баласының Жер бетіндегі соқтықпалы, соқпақты жолы. Ол бізге, жолымызға сәуле төгіп тұрады. Алапат жарылыстан кейін біртіндеп сөнген жұлдыздардың бір заманда жіберген сәулелері – біздің Күн жүйемізге енді ғана жетіп жатқан көрінеді. Шумер де – біздің көне тарихтан, ескі мәдениеттен нұр шашқан жұлдызымыз. Ғарыштан түскен сәуле төңірегіне шұғыла шашады. Қашықтан құйылған жарық адамзат бесігіне, Жер планетасына тақаған сайын жұлдыздай жарқырай түседі. Мәдениетімізге түскен жарық сәуле – Шумер жұлдызы бізге, бүгінгі өркениетке нұрын шашып тұр.

Пьесаның құрылымына келсек, автор кейіпкерлері туралы аялап жазады. Оның себебі де бар. Бұл қаһарман персонаждар – алғашқы өркениеттің кейіпкерлері. Жер өңдеуді, арық жүйесін алғаш үйренген, жазуды, музыка нотасын,

бір-біріне тең, бір шаңырақ иесі ретінде екеуі де бір мәдени тұтқа тұлға, яғни екеуі бір өркениеттің иегері, мұрагері, өкілі. Бүгінде түркі халықтары қолданып жүрген лексикалық қор, лингвистикалық негіз екі халықты туыстыратын тәрізді. Пьеса адамның тұрмыстағы образын ғана емес, оның метафизикалық сырын да ашады.

Бұл пьеса Қазақстанның мәдени, рухани кеңістігіндегі маңызды оқиға. Ертеде Олжас Сүлейменов тарихты поэзиямен шендестіре жазған болатын. Енді бүгін Асылбек Ихсан пьесасында Шумер тарихына терең бойлайды.

Автор ерекше пьеса жазып отыр. Кейіпкерлерін бағалай біледі, аялап жазады. Пьеса екі деңгейде жүреді. Бірінші, экзистенциалистік деңгейде өмір кешкен қарапайым тұрғындарды көрсетеді. Екінші, метафизикалық деңгейде әлемдік көлемде өмір мәнін айқындауға кіріседі.

Пьесада диспут көп. Философиялық мәселелерден туындаған дамудың түпкі мұратын танығысы, түсінгісі, елге ұғындырғысы келетін талпыныс. Эпостың өзін көшпелі және отырықшы елдердің қарым-қатынасының бір көрінісі ретінде түсінуге болады.

Ең қызығы, бұл пьеса сахналанған сайын шындала түсетінін, қосары бар екенін байқаймыз. Көрермен қауымның танымы кеңейеді, түсінігі тереңдейді, көзі ашылады. Қойылым отбасы, ошақ қасы төңірегінде қалмайды. Өмір мәнін, метафизикалық сырын ашуға тырысады. Автор пьесаны таным мәселелерін қаузытын әдіс-тәсіл тұрғысында түсінеді. Түсінген сайын түпкі мақсаты да айқындала береді. Жанашыл дүние екені анық. Автор таптаурын жолдан қаша отырып жазады. Асылбек Ихсанның бір мақсаты – таным көкжиегін кеңейтіп, ата-бабамызға тиесілі артефактарды зерттеу, зерделеу, халық сана-сезімін ояту.

Тарихи сана-сезімсіз өнер тарихы да, өмір тарихы да болмайды. Александр Блоктың «Біз скифпіз» деп ашық айтатыны сол. Әрине, адамзат мәдениеті бәрімізге ортақ. Алайда ұлттық сана-сезім тек қана тарихи сана негізінде қалыптаса алады. Ұлт мүддесі бәрінен биік, бәрінен зор, бәрінен асқақ. Оның анасы – тарих.



Жадыра ШАМУРАТОВА,
жазушы

Біз прозаны адам жанының ең терең иірімдеріне бойлап, ең терең қабаттарын сезіндіретіні үшін оқимыз. Проза осылай сезімге әсер етіп, жан дүниемізді қозғай алуымен, кейде жаңа ой айтып, бастан өткерген қателіктен сабақ алмағанымызды еске салуымен, кейде алда болуы мүмкін қауіпті болжайтын қасиетімен де баурайды. Жақсы шығарманың ең бірінші шарты – эстетикалық ләззат бере алуында.

Әрине, классикалық әдебиеттің кереметтігіне сөз жоқ, бұл туғанындай жақын, түсінікті, аяулы, мейірілі әдебиет. Айталық, біздің ұлттық әдебиетте бұған дейін жүріп өткен жолымыз, кешкен бейнет, тартқан азап, азғантай қуанышымыз... бәрі айтылды және оның көбі дәстүрлі үлгіде еді. Біз сол әдебиетті оқи отырып өзімізді сыртымыздан көрдік, бастан кешкен қайғы-қасіретімізді танып-білдік, егіліп жыладық, бәрі дұрыс. Бірақ ендігі жерде бізге эмпаттықтан гөрі, оқырманға сұрақ қалдыратын дүниелер керек. Бүгінгі жазушылардың міндеті – уақыттан қалмау, басқа жұрттың әдеби-



етінен іздегенін тауып, төл әдебиетінен алыстай бастаған оқырманның талабына жауап беру. Мәселе, «Бізге қандай проза керек» деген сол бір сұрақ қой. Егер бізде ойлау кеңістігін барынша жан-жағынан тартып кеңейтіп, сол арқылы оқиғадан ойға, сюжеттен философияға, шартты өлшемдегі тұжырымнан көпқабатты ойлауға құрылған, арты пікірталасқа алып баратын шығармалар көбірек жазылса, онда мақсатқа жақындау сол болмақ.

Иә, бізде үлкен, ауқымды ақыл-ой денгейін байқатар шығармалар болмады емес, болды, бірақ көп емес. Біз кейде қазақ әдебиетінде жаңа интеллектуалдық прозаның бет-бейнесі бар ма, болса ол қандай дегенде, Асқар Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Төлен Әбдік сияқты бірлі-жарым жазушыларды атаймыз да, ойланып қаламыз. Мысалымыз көп емес. Өйткені көркемдеп, кестелеп, әдебиеттің канондарына сай жазуды көбі білсе де, прозаны философиялық категория денгейіне көтеру екінің бірін қолынан келе бермейді.

Бүгін прозасы сырттай қарағанда қа-

рапайым, ал ішкі құрылымы күрделі, кейде көпқабатты мәтіннен тұратын, демек, басқаша жазатын жазушы Асылбек Ихсан шығармалары жайында сөз қозғамақпыз.

«Шәуішке шағылысқан күн сәулесі»

2019 жылы Мейірхан Ақдәулетұлы шығарған «Адырна» журналы «Алтын қалам» бөлігін жариялады. Сол кезде Асылбек Ихсанның «Шәуішке шағылысқан күн сәулесі» атты шығармасын оқыдық. Осы шығарма алабөтен ұнады. Бұл жаңа тынысты сезіндірген, өзгеше жазу мәнері байқалған, ішінен жасырын мағынаны іздеудің өз ләззаты

беті жоқ қыз...» деп абыр-сабыр болған журналистер мүсінді қоршап алып, операторлар мен фотографтар жанталаса түсіріп жатты. Жүрегін зіл қара тас салмақ жанышқан Адам Бегімайды жетелеп залдан шығуға асықты».

Деталь десең де, автор бұндағы бет-әлпетсіз мүсінді тек эстетикалық тәсіл үшін емес, адамның ішкі рухани күйзелісін бейнелеу үшін қолданған. Қисын бізден болсын, бұл адамның жан дүниесіндегі қайғысы, ар алдындағы ұяты. Журналистердің «беті жоқ қызды» өнердің жаналығы сияқты көріп, қабылдауы шығарманың ішкі мәнімен салыстырғанда үстірт қабылдау болғанымен, бірақ Адам үшін – жанын жаралаған ар соты.

ШЕБЕРЛІК СЫРЫ ЖАРЫҚ ПЕН



барын ұқтырған шығарма еді, біраз көлемді болды (айтпақшы, бұрын сөз қолданысымызда жоқ шәуіш дегеннің не екенін сонда білдік).

Басында Адам мен қызының диалогі әсіре ақылды көрінгені рас, бірақ бір нәрсе назарымызды аударды. Мысалы, кейіпкерлерінің образын толық суреттеп бермей, тек ишара арқылы таныстыратын автор үшін ішкі күй, психологиялық сынықтар маңызды екені. Автор өзі бейтарап бақылаушы рөлінде отырып, тақырып арқылы мәнді іздейді, диалогтен гөрі ішкі толғанғы, атмосфера алдыңғы орынға шыққан, бәлкім, осыдан да мәтіні көпқабатты болып келетін шығар. Екі достың балық аулауға баруы өте қарапайым оқиға болғанымен, шын мәнінде, философиялық траекториясы бар әрекет болып шыққан: мұз үстінде бірі әдейі құлайды, екіншісі көмектеспек болып батып кетеді, оны құтқару мүмкіндігі бола тұрып аман қалған досы қол ұшын созбайды. Оқиғаның өзегінде махаббат, қызғаныш жатыр, оның арты шындық пен өтіріктің шекарасы, ерік пен еркіндік мәселесіне ұласып кетеді. Түсінесің, автор бұл жерде оқиғаны баяндауды мақсат етіп отырған жоқ, ақиқат іздейді. Автор «бұндағы ақиқат осы» деп үзілді-кесілді тұжырым жасамайды, екіұшты, жасырын мағыналар арқылы өмірлік сұрақтардың жауабын іздей отырып, «бұл да бір қисын», «мынау да шындықтың бір парасы болуы мүмкін» дегендей ой салады, кейде күмән тудырады, оқырманды өз ішінен жауап іздеуге итермелейді. Кейіпкердің аты неге Адам? Өйткені бұл кез келген адамға тән оқиға болуы, әркімнің де өмірінде осындай әлсіздіктердің кездесуі, өзінің мейманасынан аттап кете алмай, кейін соған өкінген жағдайы болуы мүмкін. Біздің бастапқыда жеңіс деп қабылдағанымыз, шын мәнінде, үлкен жеңіліс, ішкі күйреу болуы да мүмкін, бұл – әрі-беріден соң символ. Мына бір үзіндіге тоқталайық. «Қаздың жұмыртқасындай ғана жұмыр иәуіштің ішінде мақпал қара шашы иығына төгіліп қыз бала тұр. Тізесінен келетін, шолақ жең ақ көйлек киген талшыбықтай қыз баланың... бет-жүзі жоқ. Ақшыл мәрмәр сияқты материалмен беттің орнын қуыс қылып қана беріпті. Айлин мөлдір мұз қабықшамен бет-жүзсіз қыздың әлемін мына әлемнен бөліп тастапты... Бегімай бар күшімен Адамның қолын қысып алды. Денесінің дірілі сезіліп тұр. Адам әйеліне көз қиығын салды – қос жанардан мөлтілдеген жас лақ еткелі тұр екен. Бет-жүзі жоқ қыз мүсінінің жанына жиналып қалған көпшілік Адам мен Бегімайды біртіндеп ығыстырып тастады. «Беті жоқ қыз...

Адамды басып кеткен құмырсақ

«Құмырсканы» да кезінде журналдан оқыған едік. Күлетін нәрсе емес, керісінше, адамның тағдыры еш маңызды емес, одан жасалған даңғаза мен жасанды шоу-дың қай жерге дейін баратыны шошытады. Несімен ерекше дейсіз ғой? Гротеск пен ирониясы алып тұр. Шағын оқиға, бірақ осының төңірегінде қоғамның ауруын әшкерелейді: түймедейді түйедей қылуға әуестік, ұраншылдық, әсірелік... Және ұнағаны – автордың кішкентай ғана тіршілік иесі құмырсканы ала отырып, символдық тәсіл ретінде қол-

данғаны. Өзіміз соқпақтап, पोшымын келтіріп құрып алған қоғам ғой, шынайы жанашырлықтың, нақты көмек пен жауапкершіліктің орнына пайдакүнөмдік, не нәрсені де саясатқа айналдыру, формализм, даурықпа сөз, ішінде жүрген баяғы өзіміз... бәрі айнадан көргендей.

Жас жігітті «Муравей» мотоциклі қағып кетеді. Ел ішінде бұл «құмырсақ басып кетті» деген жел сөзге айналады. Шындыққа ешкім үнілмей, бәрі сенсация қуып, «жедел жәрдем», полициядан бастап депутатқа дейін келеді, бірақ ешкім нақты көмек жасамайды, ең болмаса үш күн жатқан мәйітті былай алып қояйық демейді, қоғам белсенділері саяси ұран тастайды, тарихшылар мен ғалымдар ғылыми баяндамалар оқиды, Парламент қаулы қабылдайды. Ақырында, жігіттің мәйітінен гөрі, оның төңірегіндегі дау-дамай мен «ескерткіш қою» мәселесі маңызды болып шығады. Осы арқылы автор оқиғаны абсурд дәрежесіне жеткізіп отыр. Мысалы, қоғамдық ұйым өкілдерінің «жігіттің құмырсаққа басылуы жұмыссыздық кесірі» дегені, археологтің ұзақ баяндамасы, Парламенттің «ескерткішті қандай түске бояу» мәселесін көтеріп, түкке тұрғысыз шешім шығаруы – абсурдты шегіне жеткізеді. «Археолог жігіт екі жарым сағатқа созылған баяндамасында құмырсақ басып өлтірген жігіттің бабаларының қартайып, жағы түсіп төсекте өлмегенін, ат үстінде, шайқас даласында көз жұмғандарын, оған бас сүйектеріндегі, кеуделері мен қолдарындағы өткір, үшкір қарулардың шапқан, тескен іздері дәлел екенін айтты. Соңғы үш жүз жыл ішінде өмір сүрген аталарының зеңбірек добынан, мылтық оғынан, ту сыртынан салған қанжардан қайтыс болғанын дәлелді түрде жеткізді. Тек біреуінің ғана мойыны үзіліп кеткенін, арулап қойылғанына қарағанда, бейбіт кезде аттан құлап өлген болуы мүмкін екенін айтты.

Парламент жігіттің жетінші атасы даңқты батыр болған, сондықтан атаулы көмек төленсін әрі қапияда қаза тапқан ұрпағына ескерткіш орнатылсын деген қаулы қабылданды. Ескерткішке байқау жарияланды. Авторлар жігітті басып кеткен қара құмырсақ ма, жоқ әлде қызыл құмырсақ ма деп біраз айтысыпты. Ақыры «Қазақ халқының тұрмысындағы түс, реңдер семантикасының генезисі деген» тақырыпта кандидаттық қорғаған ғалымды шақырып, оқымыстының «ол жәндікті өз көзімен көрген ешкім жоқ, сондықтан ала түске бояйық» деген ақылы екі жаққа да жағып, ала түске тоқтасты. Соңынан, «Құмырсақ басып өлтірген жігітті қолдау» қоғамдық ұйымы құрылып, Парламент қаулысын бастарына көтерген олар, үкіметтің есігін таздырып

Досына жасаған опасыздығы оны, ең алдымен, өзінің көз алдында айыпты етіп көрсетеді, яғни ол өз бейнесін жоғалтқан, адамдық қадір-қасиеттен айырылған. Әйелінің көз жасына толы жанары бұл ауыр шындықтың екеуіне ортақ екенін аңғартады. Ол тек күйеуінің кінәсін сезіп қана қоймай, отбасылық сенімнің күйреуін, өмірлік тіректердің шайқалғанын да түсінеді. Ал кішкентай қыздың осы бос қуысты сезінуі – баланың да үй ішіндегі психологиялық ахуалды жан дүниесімен сезінетіндігінің белгісі. Оның бет-жүзі әркімге әртүрлі болып көрінетінінен, сатушы көрген сайын оған таңырқап қарайтынынан қыздың бет-жүзінде әлдебір табиғи ақау барын аңғарамыз. Бала жүрегі кейде ересектердің жасырған сырын да сезеді. Автор шығармадағы оқиғаны әдейі логикалық талдауға құрып отырған жоқ, парадокспен, ішкі қайшылықпен өрілген. Кейіпкерлер арасындағы үнсіздік – олардың ішкі монологінің жалғасы. Бұндағы диалогтерден кейде біртүрлі жалығу, шаршау, әлденеден қашу сезіледі. Өйткені қызғаныш, шындық пен өтірік, адалдық пен сатқындық... адамның жан әлеміндегі сынықтарды көтеріп жүру тіпті де оңай емес. Автордың тақырыпқа неге шәуішті, яғни су бетіне қататын жұқа қабыршақ мұзды алғанын өзімізше шамалаймыз.

Осы жерде атап өтейік, авторда жазуды енді бастап жүргендерге үйренетін тәсіл бар, ол – жазу мәнерінде бейтараптыққа жету. Мұны міндетті түрде үйрену керек. Әйтпесе біз өзіміз жазып отырып, өзіміз ішіне кіріп кете береміз, өзіміз үкім айтамыз. Ал автор Асылбек Ихсан айтып отырған жайға мүлдем қатыссыз сияқты жазады, оқиғаның мынауы әділ деп жақтамайды немесе зұлымды да ашық айыптамайды. Өйткені шындық еш уақытта біржақты болмайды, әркімнің өз шындығы бар, ол шындықтың көлемі, салмағы адамның өз ішіндегі «менімен» өлшенеді. Бұл – интеллектуалдық прозаның басты шарты.

жүріп, ескерткіш орнатты».

Міне, адам өмірі құнсыз, ақпарат шоуға айналған, билік пен белсенділердің көзбояушылығы, шын мәселелердің ескерусіз қалып, сыртқы даңғазаға мән берілетіні... осыдан келіп негізгі мәселенің шын мәнінен ажырап, қоғамның сөз қуып кететін бейнесі, мәңгісіз даурықпа... бұдан артық не керек!

Соңғы мамонт

«Соңғы мамонт» пьесасын оқыдық. Бұрын-соңды пьесаны түпнұсқадан оқымаппыз, проза оқығандай болмайсың, бірақ бірте-бірте миында шағын «сахна» пайда болып, «жарық» қосылып, дыбыстар шығып, оқиға ішіне ене бер...

менденіп, тек пайдалануды, қанын сорып, бітіруді ғана біледі. Демек, пьесадағы трагизм — бардың жоғалып, құндылықтың өліп бара жатқаны ғана емес, оны қорғауға ешкімнің талпынбайтынында. Қоғамдағы мағынасыз қарбаластың, өзара бакталастың, тойымсыздықтың түбі — құлдырау екенін автор осылай жеткізеді. Сондықтан пьеса бізге ауыр ой салады. Біз қай тараптамыз? Соңғы мамонттың қанын сорушы жақта ма, әлде оны қорғап қала алатын жақта ма?

Сарайшық трагедиясы

Шығармадағы түнде көрінетін айдан түскен беймағлұм елес-қыздың бейнесі



сезіп, көзді ашып-жұмғанша жетіп келетін елес — тек мистикалық бейне емес, әділет орнатушы. Автор қорқыныш пен

КӨЛЕҢКЕНІҢ АРАСЫН ЖАЗУДА

(Жазушы Асылбек Ихсанның әңгімелері жайында)



ресің. Бұнда ең бірінші көзге түсетіні қансорғыштар, шағатын жәндіктер болғанымен, біздіңше, басты образ — шығарманың басынан-аяғына дейін толық көрінбейтін, көзге түспейтін, шалажансар күйде жататын да қоятын мамонт. Көрінбейтіні — ол әлсіреген, өлі мен тірінің арасында, бірақ әлі тіршілік белгісін жоғалтпаған. Мамонттың айналасын бүрге, бит, қандала, кене қоршап алған (жарғанат та бар). Олар мамонтқа жақындау үшін бірімен-бірі егесіп, қырқысып, ентелеп, қызғанышпен, қанағатсыздықпен қан сорады. Қансорғыштардың сөйлеу мәнері, диалогтері тұнған мағынасыздық, шексіз құлқыннан әрі аспайды. Бұл көрініс оқырманға немесе көрерменге алғашында ерекше бірдеңе болып, тіпті назар аударарлық болып көрінуі мүмкін, бірақ артынша ішіннен қорқыныш сезімін тудырады. Өйткені тіршілігі тек қан сорумен шектелген мақұлықтардың осы беймаза тірлігі — адам болмысындағы таяздықтың, рухани жұтаңдықтың көрінісін қайталап тұр. Драматургтің аллегориясы айқын: бұл халық, мемлекет пен жемқорлар немесе қан — өмірдің, рухтың нышаны десек, қансорғыштар соның есебінен тіршілік ететін, бірақ ешқашан тоймайтын тоғышар, ашкөздік бейнесі, ал соңғы мамонт — сарқыла келіп әлсіреген, бірақ әлі де өмірді ұстап тұрған рухани негіздің символы болуы да мүмкін...

Автор бұл соңғы мамонт дейді. Неге соңғы? Мүмкін, бұл жерде ол табиғаттың, адамзаттың, тіпті өркениеттің соңғы күші болар? Байғұс мамонт әбден әлсіресе де, өзгелерді асырап жатыр. Бірақ қоршаған ортасы, қоғамы (қансорғыштар) оны қадірлемейді, қайта өші кеткендей өлер-

соңына дейін оқырманды жұмбақ күйде ұстап отырады. Бұл қыз кім, оның бұл оқиғаға қандай қатысы барын оқырман ең соңында біледі. Автор бұл шығарманы хоррор мен мифтік сарынды ұштастыра отырып, тарихи-әлеуметтік астармен береді, жанның мазасын алған қорқыныш сезімін ғана жазбайды, ар жағындағы әділетсіздік пен жазадан құтыла алмайтын адамдық күнә туралы ойға жетелейді.

Шығармада алма бағының тарихы ерекше мәнге ие. Ғалымдар еңбегімен өсіріліп, кейін халыққа қуаныш сыйлаған бактың тоқсаныншы жылдары кесіліп, отқа жағылып, күйреуі тек табиғат трагедиясы емес, рухани азғындықтың да көрінісі. Мұнда жазушы алмаға киелі сипат беріп, оның тағдыры арқылы адамзаттың әділетсіз істеріне табиғат пен тарихтың үнсіз қарсылығын көрсеткен.

Оқиғадағы аңыздық қабат та шығармаға арқау болып тұр. Хан қызы мен бағбан арасындағы қасіретті махаббат тарихы, ханның қатыгездігі мен бағбанның қорлықпен өлтірілуі әділетсіз биліктің сипатында көрінеді. Жазушы алма бағы оқиғасын жай тарихи дерек ретінде емес, бүгінгі күнге сабақ ретінде ұсынады. Ал бұндағы фантастикалық элемент — бағбан рухының алма ағашын кескен жігіттің бейнесіне еніп, кек алуы — хоррорлық әсерді күшейтеді. Тура фильм көргендей болып отырасың. Жігіттердің кеме жасап, үлкен теңіз арқылы алысқа, одан әрі ұлт тарихының бір кезеңдерінде болған салтанатты шағына, ескірген данқына ұмтылуы сияқты армандары да оған таңғажайыптық реңк қоса түседі. Ал енді алма ағашының «қанын» бірден

мистиканы қолдана отырып, әділетсіздіктің, ашкөздіктің, табиғатқа қиянат жасаудың түбі қайғылы аяқталатынын меңзейді. Осы тұрғыдан алғанда, шығарма тек мистикалық әңгіме емес, терең әлеуметтік-пәлсапалық ойға жетелейтін көркем дүние болып шыққан.

Форманы басқаша пайдалану... ол қалай?

Авторда кейінгі жазып жүргендерге үйренуге болатын тағы бір тәсіл бар. Керексіне дегеніміз ғой. Мысалы, автордың оқиға қуаламай, керісінше, кейіпкердің ішкі мазмұнын беруде диалог пен ішкі монологті қолданып, метафора мен контраст арқылы ой тудыра алатын тәсілі. Бұрынырақта жазушы Дидар Амантайдың «сюжетсіз шығарма жазғым келеді» дегенін естігенбіз. Біз, әрине, таңғаламыз ғой, ол мүмкін де емес сияқты. Бірақ бұл жерде форма мен мазмұнның бірлігіне қатысты айтылып тұр. Мысалы, шиенің сүйегін пытыр еткізіп басып, жаншып, езіп өткен сайын содан шығатын дыбыстан ләззат алатын «Аяқтың иесінде» форма ерекше, бірақ бұл тек сыртқы жағы емес, мазмұнының өзі осы. Сюжет бар деп те айта алмайсың, бірақ бұл басқаша көрінеді, оның өзі емес, оның орнында ырғақ пен такт арқылы идея беріліп тұр. Бұл адамның өзінен әлсізге қылатын әлімжеттігінің, мейманасының, біреуге үстемдігін жүргізгісі келіп тұратын табиғатының көрінісі, ең бір елеусіз әрекеті ғана. Егер оның қолына бұдан көп мүмкіндік берілсе не болады? Ал шексіз билік берілсе ше?!

Асылбек Ихсанның бұдан өзге «Автобус», «Британ мысығы», «Құмалак» деген шығармаларынан кей жерде форма мен мазмұнның бір-бірімен анық үйлесімін, ал кей тұста бізге тосындау кейбір ойлардың мүлдем басқаша мағына тудырып тұрғанын байқау қиын емес. Бұрындары оқып жүргенде бұл проза ма, философиялық эссе ме деп ойланған да кезіміз болған. Асылбек Ихсан ағамыз — пьеса жазатын драматург, оны қоюшы режиссер де емес, жаңашылдық пен мазмұн үндестігіне көбірек басымдық беруші автор. Содан да проза, драматургия жанрлары мен философиялық эссенің шекарасын бұзып, жаңа әдеби кеңістікке жол тартқан эксперимент үстінде көрінеді. Мысалы, «Автобус» әңгімесінде қарапайым көрініс қана — жолаушылар автобуска мініп, диттеген жағына кетіп барады, бірақ әр адамның

бір мезетте бір-біріне тым қатты ұқсап не ұқсамайтын ішкі драмасымен астасып жатыр. Былай қарасаныз, кәдімгі өзіміз ішінде жүрген күнделікті өмір, көз алдымыздағы мың ұсақ-түйек көріністер, бірақ автор соны бір жақындатып, бір бұлдыратып, бір алыстатып отырып, кеңістік құрылымы, микросюжеттері арқылы метафоралық деңгейге көтеріледі, мәтін біртіндеп әлдебір мағыналық қабатқа өтеді. Автобусты қоғам десек, оның ақыр аяғында басқа жаққа бағыт алып, адасып, батып, тіпті жүргізушінің көрінбей кетуі, адамдарының еш әрекетсіздігі, бойкүйездігі... міне, мұнда осы қарапайым оқиғаның астарынан терең мағына іздеу бар. Кейде интеллектуалдық прозаның басты ерекшелігі қарапайым детальдан философиялық тереңдікке бойлау сияқты көрінеді (мүмкін, бұл қате тұжырым болар, ол жағын әлі де анықтай түсу керек). Шынында, автор форманы басқаша пайдаланады — оны екінші орынға ысырмайды, бірақ оқырманды таңдандыруға емес, ойды жеткізудің көркем тәсілі ретінде пайдаланады. Осыдан келіп автордың ой ағынына ілесіп отырғын келеді, оның қалыптасқан прозалық құрылымға жабысып қалмайтынына көзін жете түскен соң, сен де өзіндік ішкі логика мен түйсігінді пайдаланғын келеді. Әрине, әдебиетшілер автордың бұлайша, өзінің интуициясын, логикасын тірек-қарауыл қылып жазуы баяғы Кафкада болған, бұл қалыптасқан модернистік ерекшелік, былайша айтқанда, бұрыннан бар үлгі деуі мүмкін. Бірақ бұл жерде автордың ерекшелігі — сол формалық еркіндікті қазақы болмыспен, ұлттық дүниетаныммен байланыстыра білуінде. Мысалы, «Құмалакта» да, «Сарайшық трагедиясында» да кие деген ұғымды өте жоғары көтереді. «Құмалак» пен «Британ мысығын» бір оқығанда түгел түсіну мүмкін емес, бірақ қайтып айналып келсең тереңдік ашыла беретіндей. Оқырманға дайын ештеңе бермейтін, өзі ойлап отырған ақиқатын, түйінін тықпаламайтын, керісінше, әжептәуір ауқымды сұрақтар тастайтын бұндай дүниелерді әдебиет пен философияның түйіскен жері деп атауға болатын да шығар.

Бізге интеллектуалдық проза керек дегенімізбен, нені оқиды, нені таңдайды, әркім өзі біледі, әрине. Бірақ біз оқырман ретінде ойымызды әрі-бері қозғап, автор жасырып отырған нәрсеге назар аударып, шамамыздың жеткенінше түсінуге жетелейтін ауырлау, былайша айтқанда, «жеңіл оқылмайтын» проза оқуға үйренсек, бұдан тек өсер едік. Оқырман осындай авторды оқыған сайын көркем мазмұн мен терең философиялық қабаттың табиғи үйлесімін көре береді, біртіндеп соған үйренеді, оның миы да эмоциядан бұрын ойлауға әзірленеді. Бұл енді жеке пікір.

Егер оқырман ритм мен паузаға мән беретін болса, көру арқылы емес, жүреппен сезінудің бөлек екеніне көзі жетер еді. Ақ пен қараны қатар қойып, мынау ақ, ал мынау қара деп айырып көрсету оңай, ал шеберлік сыры жарық пен көленке арасын жаза алуға болса керек.

Қорыта келсек, Асылбек Ихсанды ой ұсынып, бірақ тап осыны қабылда деп мәжбүрлемейтін, ақиқатты нұсқап, саусағын безеп тұрып көрсетпейтін, оқиға ішіндегі күйді сезіндіретін, бірақ тәптіштеп, егжей-тегжейлі түсіндірмейтін автор ретінде таныдық. Ол классикалық проза мен эксперименттік форманың арасындағы тепе-теңдікті тапқан жазушы.



**Тұрысбек
СӘУКЕТАЕВ**

Тұрысбек Сәукетай – 1950 жылы 14 қарашада Алтай өлкесінде туған. 1968 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Күршім орта мектебін бітіріп, 1970 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түскен. Жазушы өзінің шығармашылық жолын өлеңмен бастаған және аударма саласында өнімді еңбек еткен. Көптеген әңгіме-повестер: «Сүткенже», «Айлы түн еді», «Қайыңдар, аппақ қайыңдар, «Көлеңкелер патшалығы» мен «Айқараңғысы», «Желқайық», «Эпилог», «Қызылбалақтың қазасы, «Мен – жыңдымын» романдарының авторы. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. 2017 жылы «Мен – жыңдымын» романы Жылдың үздік кітабы болып танылды. Меценат «KZ» байқауының жеңімпазы. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты «Қазақ әдебиеті» газеті Тұрысбек Сәукетаевтың мерейлі 75 жасқа толған күнінде оқырман назарына «Үрей» романынан үзінді ұсынуды жөн санады.

... Райкомның қазіргі дүркіреп тұрған дәкейі де көзтаным азамат. Көп жыл ауаткомды басқарған. Ауданға депутат болған кезінде талай мәрте жиында бірге отыратын. Сөзі орнықты, байсалды. Ел аралағанда үйге түсіп, төр көргені бар. Баяғыда, Алматыда болатын қойшылардың Үшінші слеті ме еді, бір үлкен жиынға да өзі бастап апарған. Сол жиында айналайын әулие Қонаев ақсақалды көзбе-көз көріп, сөзін тыңдаған. Қазақшасы төгіліп тұрған жорға кісі екен. Қонаев қазақша сөйлегенде, ауылдағы райком, исполкомдар өңкей малшы, тракторшының алдында малтасын езіп неменеге орысша оттайды екен деп таңғалған. Кісінің сұлтаны деген сол шығар-ау. Жүріс-тұрысы қандай биязы. Жүзінен нұры төгілген бір мейірбан бекзат. Сыртына көзін тойып, сөзіне жаның мейірленеді. Суретін ғана көргені болмаса, тірі Димекенмен бірінші рет дидарласып тұрған қойшы-қолаң топ-тобымен топырлап-үйіріліп қасынан шығар емес. Бәрімен қол алысып, басын иіп амандасты. Мұның қолын ұзағырап ұстап, омырауындағы қадалған қатырма қағазды көз қиығымен сыйпай, миығынан жымиды: – О, екеуміз аттас екенбіз ғой. Хал-жағдайыңыз қалай? Ауылдағы малшы ағайынның нендей мұң-мұқтажы бар?

Бірдене деп қала ма деп қорықты ма, осы жігіт лыпыл қағып, жаны шығып кете жаздаған:

– Димаш Ахметович, бұл кісі – біздің ең маңдайалды шабанымыз, – деп ауыз аштырмай зуылдай жөнеліп еді, Димекен басын шайқай, әдемі жымиып алды:

– Шабан болса, қалай маңдайалды боп жүр? Шабан емес, шопан деңіз!

– ...Иә, шопанымыз. Биыл жүз саулықтан жүз қырық қозы алып, облыс бойынша рекорд жасап отыр!

Сонда кеменгер Димекен бастықтың бетіне ойлана қарап:

– Сіз бұл кісіге тек еңбек озаты деп қана қараманыз, ең бірінші адам екенін ұмытпаған жөн! – деп еді-ау. – Малшы қауымның тұрмыс жағдайына, балаларының оқуына көбірек көңіл бөліңіздер, төраға жолдас!

Ауылға келген соң, райкомнан бастап: «Қонаев ұстаған мүбәрак қолыңыздан біз де ұстайықшы!» деп бәрі жапырлап еді-ау. Сөйткен қайран Димекенді де, міне, құстаналап ағашатқа мінгізіп жатқан жоқ па! Құбылмалы қайран дүние-ай! Өз басы оны ондай ғайбаттың бірине де кимайды. Ондай кісінің асылы ғаділеттен аттауы мүмкін бе? Бастан жыға қисайса, жоғарыдағы майысқақ жорғалардың жемтік андыған құзғындай шүйлігіп, қарғадай қарқылдап шыға келетін әзелгі әдеті ғой. Құдайдан артық құлдық ұрған Сталиндерінің сүйегін көрден сүйреп шығарып тастады.

Хрушевті тақтан тайған күні-ақ басын боққа батырды волонтарист, есерсоқ деп. Брежневті мынау, жиырма жыл жырлап, сонымен таңын атырып, күнін батырып еді, өлген соң бір-ақ күнде кәкәй болды да қалды... Бүгін – жақсы, ертең – жаман. Бұл үкімет шіркінін, елдің басын айналдыруға шебер ғой, қай құйтырқысына сенерсің...

Мұхаммед-Шәріп әр қиырды бір шалып, құйқылжыған қиялы құрғұрдың жетегінде отырып Самсоновқа қалай жетіп қалғанын білген жоқ. Шаңқай түсте аңылжып жатқан тасжолды бойлай екі қабатты, еңселі ақ үйдің жанына кеп тоқтады. Жолды жиектей қойылған екі-үш машинадан басқа аула маңында қарайған жоқ. Атын талдың көлеңкесіне қаңтарып, шап айылын босатты. Қамшының сабымен етек-жеңін қаққыштап, ішке енді. Екінші қабаттағы жалтыраған қоңыр, үлкен емен есікті сықырсыз ашқан. Тұмсығы біздиген, үкі көз, сары келіншек жымия амандасып, жылы қарсы алды:

– Аға, қандай мәселемен келдіңіз? Мүмкін, бөлімдегілердің біріне барарсыз. Жанғали Тастанычтің қауырт жұмыстары бар еді...

– Ой, қарағым, менің мәселем қиын. Тастанышыннан басқа ешкім шеше алмайды.

Белі үзілген майысқақ сары келіншек «сен шалға дауа жоқ екен» дегендей бір жымия етіп, орнына отырды. Алдындағы қалың журналды ашып, аты-жөнін сұрады.

– Қай совхоздансыз? – деді.

– Менің сапқозым да, ауылым да жоқ. Айдалада қаңғып қалған шалмын.

Келіншек көкжолоқ түкті кілемді былқ-былқ басып, бастығына еніп кетті де, көп аялдамай қайта шықты:

– Кіріңіз, – деп иіліп, алтын тұтқалы, жылтыр, қоңыр есікті айқара ашты. Бұл қаудырлаған сұрғылт брезент жадағайын шешіп, орындыққа көлденең асты да, үстіне қамшысын қойды. Бір аяғын сүйрете басып, алға аттады.

– Келіңіз, Шәке! – Жанғали төрдегі үстелді айналып келіп, жайдары дауыспен қолын алды. Айлапат ұзын үстелді қос жиектей қойылған күрпілдек, кара былғары орындықтардың ең жоғарғысына қолтығынан демей әкеп отырғызды. Денесіне май байланып, бұрынғысынан да шарғыланыпты. Жүрісі ауыр. Жылмита қайырған жирен шашының төбесі жиди бастаған ба қалай, түбі аққұйқаланып, селдірей шашырап тұр. Райкомға ауысқаннан бері жүздесіп тұрғаны осы.

– Жана қызметіңіз құтты-баянды болсын, қарағым!

– Рақмет. Партия сенім артқан соң, қадари-халімізше тырысып жатырмыз.

– Е, партия да бірдене біледі ғой. Қолынан іс келер өз азаматымызды өсіргені дұрыс болған.

Жанғали, бәрін білетін дана партияны «бірдене біледі ғой» деп нәумез ерін шүйіріп отырған малшы шалға «Әй, қазағым-ай» дегендей жымия қарап қойды. Хатшы келіншекті шақырып, шай алғызды. Қызылы көрлен тос-

ҮРНИ

тақтың жиегіне жұққан ыссы шайдың иісі мұрын жарып барады. «Пай, райком болған жақсы-ау, баяғыда Алматыға жиынға барғанда ішкен үнді шайының дәмі ғой!» Төр иесі қарияны асықтырған жоқ. Шөлін қандырып алсын дегендей, өзі де алтын жиекті қаракөк тостақтың шетінен анда-санда сораптап қойып, өткен-кеткеннің жайбырақат әңгімесімен отыр. Жүзіне қараған сайын көңілін аяныш биледі. Серейген сом денелі, ақсары, ажарлы кісі еді, әбден шөжіп, тозып кетіпті. Ауырудан тұрған-ау, шамасы. Совхоз директоры боп жүрген кезінде дастарқаны таза деп үйіне таңдап түсетін. Талай сырбаздың басын мүжіген. Таңды-таңға ұрып «Бура» сызатын еді-ау совхоздың бетке шығарлары бірігіп ап. Қарабайыр қойшыға ұқсамайтын бойында бір сахилық бар. Сөзінен де, байыпты мінезінен де тегін кісі емесі аңғарылып тұратын.

Қария Жанғалидың ілтифатына дән риза. «Алды кең, сөзі биязы. Ел басқарса, осындай азамат басқарсын!» деп күпті көңілі әлдебір жақсы үмітке емексіп, тоғайып қалды. Оны-мұны әңгімемен аз-кем отырған соң, әлгіндегі есік көзіндегі келіншектің «Тастаныштың қауырт жұмысы бар» дегені есіне түсіп, келген бұйымтайына көшті:

– Қазақта «бауырым» дегеннен жақын сөз жоқ. Жәке бауырым, сіздің көп уақытыңызды алмай, шаруамды айтайын... «Буденный» калкоз болғанда да, сапкоз болғанда да табандап жиырма сегіз жыл қой бағыппын. Қандай қойшы болғанымды өзіңіз білесіз... – Пенжағының ішкі қалтасынан қобыратып, бүктелген бір уыс қызыл ала, алтын мөрлі қағаз алып, үстелдің үстіне қойды да, бір-бірлеп қаттауын жазды. Бағана Жанғали болмай қалып, танымайтын бір бастыққа кірер болса, «мені танымасан, мынаған қара» деп айдынтып көрсетермін деп әдейі ала шыққан. – Міне, Қазақстан Верховный Сәбеттің сегіз Гірәмитасы. Оның үстіне, талай рет ауданға депутат болдым. Басқа емес Қонаев ақсақалдың алдында рекорд

жасаған қойшымыз деп өзіңіз мақтағансыз!

– Ой, Шәке-ай, сізді білеміз ғой. Сіз біздің ауданымыздың мақтанышы емессіз бе!

– Білсеңіз, сол мақтанышыңыз қартайғанда сирағын қақпан шапқан қасқырдай ұлып далада қалды.

– Қалай?

– Міне, көріп отырған шығарсыз, бір жылдай сал боп жатып, басымды көтергенім осы. Ауырған соң малдарын айдап алды да, итпісін, кісімісін демей айдалаға тастап кетті. Не сібеті, не суы жоқ. Ауыру кемпір, ауыру шал, жұдырықтай екі баламен төртеуіміз ескі қораның жұртында отырмыз көң иіскеп, бүргеге таланып. Балалар сонау көш жердегі стансыға барып оқып жүр. Осы қыста қасқыр қамап жеп қоя жаздады...

– Ойбай, сұмдық қой мынау! – хатшының шағыр көзі жарқ етіп шатынап кетті.

– Бұл өкіметке мал керек те, адам керек емес екен.

– Олай деменіз. Бәрі адамының игілігі үшін емес пе...

– Әй, мына қылықтарына қарағанда, біз, жүдә, адам емес шығармыз осы!

– Ой, ақсақал сіз де... біз бірінші кезекте адамдардың жайын ойлаймыз!

– Ойласаңыздар, міне, жағдайымды айтып келіп отырмын. Ел ішіне көшкіміз келеді. Мектебі бар жерден баспана тауып беріңіздер. Ауыру кемпір-шал алай-бұлай боп кетсек, айдалада жұдырықтай балалардың күні не болмақ?

– Апыр-ай, сіздей кісінің әлі күнге үйсіз-күйсіз жүргені ұят екен! – хатшының көзінің алды жыбырлап, шықшыты ойнап кетті. – Совхоздың басшылары-ақ шеше салатын шаруа емес пе. Ана Байғарин мен Өтешев не қарап жүр?

– Олар шаруа бітірсе, сіздің алдыңызға келіп басыңызды қатырардай ешек мия жеген жоқ шығармын.

– Көрбілтеге салып, бұлары не бассыздық! Мен қазір звандап... – деп, Жанғали алдында көгенделген көп телефонның бірине қол соза беріп еді, қария ұшатын құстай копаңдап, екі қолын бірдей сілкіледі:

– Әуре болмаңыз... Енді көрмегенім сол екі иттің алды болсын!

– Қатты кеттіңіз ғой, Шәке. Әбден көңіліңіз қалған-ау, шамасы? – хатшы уысында қылғына қынсылаған қара трубканы тұғырына қойды.

– Қысты күні жанымызды бағып отырған екі-үш қарамыз тілін тістеп аш тұрғанда көргеміз олардың әуселесін. Әке-көкелеп алдарына барғанда, бір шана шөп беруге жарамай безірейген ол иттердің қай жері кісі?

Кенет Байғариннің бір қылығы хатшының есіне түсіп: «ескі өкпені кек тұтып, істеп жүрген қысастығы ма?» деп ойлады. Жүзін көлегейлеп, назарын

төмен сала еріксіз бір жымып алды. Ол кезде бұл — совхоздың директоры болатын, Байғарин — піштірілген бұқа мен қошқардың енін қуырып жеп, гүжілдеп жүретін веттехник білдей. Қойшылардың беті қызыл қатындарына қырғидай тисіп, «сарауыз Садық» атанған ауылдың жә деген Донжуаны еді. «Пәленшенің келіншегімен ымыртта маяның қалқасынан тізесін қағып шығып келеді екен!..» «Әлгі түгеншенің бітік көз, сары пұшығы Байғариннің аузынан түсіп қалғандай!..» деген сылқ-сылқ сыбыр қатын біткеннің аузында жел шайқаған қамыстай сусылдап сумаң қағатын. Бір күні көзі тұнған Байғарин оңашада Шәкеңнің үйіндегі жеңгейдің білегінен ұстай алады. Пай, пай, Нұржамалдың ажар-көркі бұл маңда жоқ, бұлықсып тұрған шағы еді-ау. Қуат тепсініп, сәмбі талдай солқылдаған дене бітімі қандай. Қыр мұрын, жәудіреген аялы көкшіл жанар, үлбіреген акторғын жүзінде сәт сайын шалқи толқып ұят сәулесі лыпыл

(Романнан үзінді)



қағып тұрғаны.
«Замандас, ғашықпын сізге! — дейді артист Байғарин алқына сыбырлап. — Көптен көңілімді жеткізе алмай зарығып жүрмін!!!»
— «Қой, айналайын, ондай сөзді айтпа, — деп келіншек қолын жұлқа тартып, босатып алады. — Мен өзімнің Шәкеме ғана ғашықпын!»
— «Шалды қайтесің жас өміріңді қорғып. Жаман шал жалпылдап қойын бағып жүре берсін. Керек болса, оны депутат жасайын, герой қыламын. Тірі қойларыңа өлді деп акті хаттап беремін. Шылқып отырарсың... Тек екеуіміз былай нетіп...» — дей бергенде, асау келіншек шарт еткізіп жақтан тартып кеп жібереді:
«Не оттап тұрсың, хайуан! Ол пейішінді сарып тастап жүре беретін ана салдықтарыңның басына орнат. Жоғал, кәне!»
Тенселіп барып бойын өзер тіктеген Байғарин өңмендей ұмтылады:
— «Өй, әкенді... қаңғып келген қаншық! Мен сені сатқын байыңмен қоса көзінді бұл жерден құртамын!..»
Өжет келіншек саспайды, ошақта ұшы қызара түтіндеп жатқан шаланы жұлып алып, аузы қисаландап, жұдырығын білеп, дірілдеп-қалшылдап төне берген оспадардың құйрығына басып кеп алады. Байғарин бақырған күйі үйден атып шығып, сайдағы өзенге күмп ете түседі... Бұл сығыр сол қорлықты әлі ұмытпай жүр ме екен? Соған бола қиянат жасап жүрсе, азамат болмағаны.
Жанғалидің ашуы қабынып ішіне сыяар емес:
— Бұлары қызық екен! — деді қалың,

сарғыш қастарының құйрығы шекесіне қарай тік шаншылып. — Сонда олар не сылтау айтады?
— Не деріңіз бар ма... Біздің атымызды естесе, бастық біткен қорасан шыққандай қорқатын болды ғой бүгінде. Бәрі Әзиз-Сұлтанымыз бетімізге салық қылады. Балаларың — бүлікші, Сәбет үкіметіне қол көтерген саяси қылмыскер дей ме-ау. Оның әке-шешесіне қамқор боп өбектеп жатсақ, партия не дейді? Басымыз екеу емес, аулақ жүр деп оттайды, бір шана шөпті партиясы сығалап көріп тұрғандай!
Әзиз-Сұлтанның атын естігенде, Жанғалидың жүрегі солқ ете түсті. «Ойбай-ау, ол аты шулы бәленің мына шалдың баласы екені қалай есінен шығып кеткен? Ол деген былтырғы Желтоқсан көтерілісінде жастарды арандатқан бүлікшілердің басы емес пе. Кісі өлтірді деген дақпырты тағы бар. Өлім жазасына кесіліп, дүниежүзі шулаған

соң, Горбачевтің өзі кешірім жасап, жиырма жылға сотталған. Бәсе, Байғарин мен Өтешев жөн білетін жігіттер еді, құйрығында осындай бір қалжуыры болған соң аяқ баспай отыр екен ғой өлер жерін біліп. Әсіресе парторг Өтешев — екі шоқып, бір қарайтын аса сақ, тістей қатып қалған тәртіптің адамы. Жаңа етқызуымен телефон шалып жібермегені қандай абырой болған. Әйтпесе ол сығыр әркім өз басын ойлаған мына алмағайып сәтте қырағылық танытып, «саяси қылмыскердің үй ішіне қамқорлық жасандар деп бізді мәжбүрлеп жатыр» деп жоғарыға сигнал айдап жібермесіне кім кепіл!»
Хатшының әлгіндегі арыны басылып, желі шыққан резина ойыншықтай мыжырайып, көрер көзге шөгіп бара жатыр.
— Апыр-ай... апыр-ай, ә!.. — дей берді кипактап. — Осы уаққа дейін үй алмаған сіз де қызық екенсіз. Озат шабан болдыңыз, депутат болдыңыз...
— Бұлай болады деп кім ойлаған, қарағым. Үкімет өлтірмейді деп жүре беріппіз ғой.
Жанғали екі оттың ортасында отыр қылпылдап. Қарияны аяғанмен қорқынышы одан да зор. Желтоқсан бүлігінен бері жаңа басшылықтың беті тым қатты. Қонаевтың тұсында атқа қонған барлық буындағы басшылардың бәрін сол кісінің кадры, тілеулесі деген күдікпен қырық сылтау тауып, қызметтен ығыстырып жатыр біртіндеп. Міне, Челябині обкомында жай инспектор боп жүрген Шалушкин деген атсыз-затсыз біреуді екінші хатшы ғып әкеп, көкжелкесінен қыдытып қойды. Орынбасары болғанмен бастығынан

бетер менмен, өктем. Арғы жағында сенімі болмаса, ондай көкірек қайдан келіпті. Партиялық жұмысты жаңаша жандандыру керек деп, тұмсығын тықпайтын тесігі жоқ. Тіміскілеп іргесінен ор қазып жүрген шығар. Оның үстіне әлеуметтік мәселелер тікелей соның ғұзырында. Оның басынан қалай аттап кетпек? Ертең бір шикілікті сезіп қойса, «а-а, бірінші хатшы жолдас, сіздің саяси бет-бейнеңіз мәлім болды!» демей ме! Мұндайда «саптаяқтың сабынан қарауыл қарап сақтанбасаң, аяқастынан ұшынуың бек мүмкін...» Өз ойынан өзі үрейленіп, берекесі қашты.
— Қап, ақсақал-ай, бұрынырақ келгеніңізде ғой!.. — Қалай жалтарарын білмей пұшайман күймен қарашығы ойнақшып, шалдың бетін сипай шолған. Хатшының жүзіндегі құбылысты хаттай оқып, көңілі суып сала берген қария:
— Қазір не бопты? — деді үні қатқылданып.
— Турасын айтқанда, қазіргі жағдайда бұл мәселені шешу қиындау. Совхоздағы жігіттер де соны ескерген ғой...
— Е, бәрінің әнін бір болды. Өлмесен, өмірем қап дейсіндер ғой. Неменеге сырғақсисындар табын көк мұзға тиген қоспақтай бүгежектеп?
— Себебін өзіңіз де білесіз ғой. Бұл — жоғарының бақылауындағы саяси мәселе. Кейін бір орайы болар. Сәл дақпырт басылсын.
— Кейіндерің қашан? Мен өлген соң ба? Бала жастықпен бір білместік жасаған шығар. Біздің кінәміз не, сапқоздың отымен кіріп, күлімен шыққанымыз ба бар жазығымыз? Әрі-беріден соң, кісі өлтірсе несі бар? Талай қазақтың қаны төгіліп, намысы қорланып жатқанда, бір орыс кімнің шікірәсі екен?!
— Қойыңыз, ақсақал, бұл жерде ондай сөз айтпаңыз! — хатшының көлкілдеп балбыраған жалпақ беті лап қызарып, орнынан ұшып түрегеле жаздады. — Саяси сөзді қайтесіз!
— Қоймаймын! — деді, ашу қысқандағы әдетімен өне бойы қалшылдап. — Осы жерде айтпаған сөзді қай жерде айтатын? Естіндер ішімдегі қыжылымды, зарым мен запыранымды. Жамандығын айтпа, жақсы көр үкімет пен партияны дейсің. Қалай жақсы көрем мен сенің үкіметіңді. Жарылқағаны, коммунизмге апарғаны осы ма? Апарса, сендерді апарған шығар, мен биттеп-құрттап қойдың боғының үстінде жатырмын!
— Мені жамандасаңыз — жамандаңыз, боқтасаңыз да мейлі. Бірақ үкіметке тіл тигізбеніз, ақсақал!
— Үкімет сендер емегенде кім? Әлде басқа біреу ме? Көзіме көрсетіндерші көзін шұқып тұрып айтарымды айтайын. Неге менің мал құрлы қадырым жоқ? Мен қой бағатын қойшы ғана екенмін, қой соңында салпандаған көк шұнақ ит екенмін, адам емес екенмін. Әйтпесе отыз жыл қой баққанда, иттің ұясындай болса да, жапырайған бір жаман тамдық еңбегім сіңген шығар!
— Еңбегіңізге айтарымыз жоқ. Кілт-типан басқада боп тұр ғой. Бізді де түсініңіз, ақсақал.
— Мені кім түсінеді? Бәрінен саясат іздейсіндер. Екі балам оқусыз, бір үйлі жан құрттап-биттеп айдалада жатқанымыз саясат емес пе? Сәбетіңнің еңбек адамын жарылқағаны осы ма? Бауыздалып өлуден басқа не қалды маған, не қалды, айтшы кәне?!
Екі қолын жайып, өне бойы селкілдей аса бір сұрапыл сұспен орнынан кө-

теріле бергенде, үстелдің қарсы бетіндегі бастық астындағы былқылдақ креслоны құйрығымен серпе ол да ұшып тұды. Ақиған оң жақ көзі қанталап, бет-аузы жыбырлап түтіге қабарған мына қияңқы шал ашу үстінде шынымен-ақ өзіне пышақ салып жүрмесін деп зәре-иманы ұшып кетті.
— Шәке, ақылды адамсыз ғой сабыр етіңіз. Мен болмайды деп тұрғам жоқ. Бүгін болмаса да, орайына қарай көреміз...
— Маған сендердің ештеңелерін де керек емес енді! Мына көт сұртуге жарамайтын қызыл ала қағаздарыңның да керегі жоқ! — Үстелдің үстінде қатарлап жайылып жатқан «Құрмет грамоталарын» ортасынан бір-бір айырып, әуелете шашып жіберді. — Мә, өз боқтарыңды сүртіндер!
Қария оралымсыз зор денесімен төңкеріле бұрылып, бір аяғын сүйрете есікке қарай ауыр қозғалды.
Жанғалида жан қалмады. Лениндік партияның білдей бір аудандағы көзі, құлағы, жүрегі... Бірінші хатшының кабинетінде мемлекет наградасын жырту деген сұмдықтың сұмдығы емес пе! Қарсылық актісі. Саяси қылмыс... Соңғы уақытта «үндеместер» кейбір басшылардың кабинетіне тындайтын аппарат — «жучок» орнатып қояды екен дейтін сыбысты еститін. Кабинетінің бір жерінде кенедей жабысып сондай пәле тұрғандай мүлдем есі шықты, аяқ-қолы дірілдеп, өзіне ие бола алмай қалды. Бағанадан бергі осында айтылған сөздердің бәрін Шалушкин тындап отырғандай, тіпті қазір түк білмегенсіп, жылмиып осында кіріп келетіндей. Мына жайрап жатқан қағазды көрсе, не дейді?! Сасқалақтап еңкейе бергенде, жуан қарыны икемге келмей, құйрық жағы дар ете түсті. Шалбары жыртылды ма, әлде «мылтығы» түскір атылып кетті ме — оған қараған жоқ, тонқандап, еденде шашылған қағаз қикымдарын апыл-ғұпыл жинай бастады. Қос уысын толтырып әкеп, қоқыс себетіне салды. Беті қызара бөртеп тершіп, үлпершек майы аузына тығылып, еңтігіп тұр. «Қап, әкен... мына шалды-ай!..» деп қояды ішінен кіжініп. Тамағын қырнай қақырынып, қағаздың үстіне былш еткізіп бір түкірді. Көңіліндегі үрей сонда да соңынан қуалап қалар емес. «Мына қағазы түскірді еден жуушы қатын тіміскілеп қарап, біреуге бірдене деп жүрсе ше? «Үш әріптегілер» ондай қатындарды да пайдаланды ғой. Анау «Көктемнің он жеті сәті» деген кинода сондай пәлені көрсетті емес пе... Құрысын, үйге апарып өртеп жіберейін.» Еденге газет жайып, себеттің ішіндегісін қақырығымен қоса төңкеріп орады да, жуан сары портфеліне салды.
Іштегі сөзді анық ести алмаса да, құлағын қайшылап «апыр-ай, не деп жатыр екен!» деген құмарлықпен қатты-қатты шыққан дауысқа сары келіншек елендеп отырған үкі көзденіп. Аяғы ақсандап, аузы қисаландай қорбандарға қара шал көленкедей түнеріп шыға келгенде, үрейленіп орнынан ұшып тұрған. Ашық қалған есікке жақындай берді де, теріс қарап тоңқандаған бастығының жарты қарыс жырықтан ағарандаған құйрығын көріп, мырс ете жаздап, аузын алақанымен баса қойды. Есікті сыртынан сықырсыз жауып, бүйірін түрткілеген шайтаны ерік бермей екі иығы селкілдей жөнелсін кеп.



**Дүкен
МӘСІМХАНҰЛЫ**

Айтулы қазақ ақыны, әйгілі аудармашы, көрнекті шығыстанушы-ғалым Дүкен Мәсімханұлының аты-жөні бұл күнде еліміздің ішінде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де кеңінен танымал есім-сойға айнала бастады. Атап айтқанда, ақын жырлары әр жылдары көптеген шетелдерде жарық көрудің сыртында, 2025 жылы Түркия астанасы Анкара қаласында орналасқан «Spica Works» баспасынан «Dükен Mesimhanuli ve Şiir Dünyası» атты монография (авторлары: Орхан Сөйлемез, Өмер Фарук Атеш) жарық көрген болса, қытай әдебиетінен жасаған 5 томдық аударма еңбектері үшін биыл шілде айында ол ҚХР Жазушылар одағының «Friend of Chinese Literature» деп аталатын халықаралық әдеби сыйлығымен марапатталды. Жақында Аустралияның Сидней қаласынан тағы бір сүйіншілі үшбу хат келіп жетті. Ол хатта Дүкен Мәсімханұлына Халықаралық ақындар Пен клубы (Poets International Pen Club - PIPC) қазылар алқасының шешімімен клубтың ең басты марапаты «Golden Pen Award» («Алтын қалам» сыйлығы) берілгені хабарланған. Бұның бәрін біз ақынның ғана емес, тұтас қазақ әдебиетінің абыройы мен жетістігі десек, еш қателеспейміз. Осы орайда Дүкен Мәсімханұлын Қазақстан Жазушылар одағының атынан, сондай-ақ «Қазақ әдебиеті» газетінің қалың оқырмандарының атынан шын жүректен құттықтай отырып, бір топ өлеңін назарларыңызға ұсынуды құп көрдік.

Редакциядан

ЖЫР-ҚҰДІРЕТ

Көкейім жыр бұлағы бұратылған,
Аузымнан «аһ» десем-ақ жыр атылған.
Дарға-ай, тіршіліктің бәрі өлең ғой,
Шабьтты айырмағай тірі ақыннан.

Ол да өлең, күндес маған «өлсін» десе,
Ол да өлең, білмес надан «шөлсің» десе.
Мәңгілік жырларыммен,
Бақыттымын —
Оларға өлгенде де нөлсің десем.

Шың қандай, аспан қандай, Абай қандай,
Абай қашан тұрмаған арайланбай?!
Өлеңімнен бір буын артып кетсе,
Шошым Абай маған алайғандай!

Ақында да алтын бар, қалайы бар,
Аспаны бар, бойға шақ сарайы бар.
Жер-жаһанға жар салса жарасады,
Біздей халық — ақыны — Абайы бар.

Өнерде ірікпестен озған атын,
Өмірден өту керек маздап ақын.
XX ғасырдың дара шыңы,
Табынар пірім менің Мағжан ақын.

Арманды алдаса да үміт кей күн,
Сен де тұр, мен де тізгін ірікпеймін.
Мағжанның мақсатының мақамымен,
Мен-дағы Алаш деймін, Түрік деймін!

Өрт қандай, алау қандай, Қасым қандай,
Қасым қандай, көк тілген жасын қандай.
«Дауылдай өртке тиген өлеңіне»,
Етпеттеп бар дүние бас ұрғандай.

Өрт еді, дауыл еді Қасым ақын,
Бүгінде не жөнің бар жасыратын.
Амал не, адам аз ғой бұл қазақта,
Жақсының жақсылығын асыратын.

Тау қандай, Мұқағали ақын қандай,
Ай-күнді жүрегіне батырғандай.
Тұрасың ол дегенде неге іркіліп,
Әлі де ала алмаған ақың бардай...

Шың қандай, Мұқағали сөзі қандай,
Сынғандай көк аспан да төзім алмай.
Не деген жүрек еді жанар таудай,
Не деген шет-шегі жоқ сезім, Алла-ай!

Осынау берен тектес заманда өткір,
Жыр жазды Мұқағали «АДАМ!» деп кіл.
Жазылмас оның жаны жара болды,
О, жұртым, өзін салған жарам деп біл.

Мен ерсем, осылардың көшіне ерсем,
Мақтанам!

Мақтан етем осыны елге.
Алайда отауымды бөлек тігем,
Мен әсте танда туып, бесін өлмен.
Ұқсатпаймын, тігуі, жығуымен —
Парықталып тұрады қосым елден!

Бесін өлмен мен әсте туып таңда,
Ажалым алыстан ба, жуықтан ба?
Білмеймін.
Дауыл жүрек салқындамас,
Мүз бүркеп, таспен жауып суытсаң да.

Болса да қанша тозақ, азап өлең,
Не көрсем де өлеңді жаза көрем.
Жыр үшін жаратылған жүрек мынау,
Өзіме өлген күні маза берем.
Бұл не деген дерт еді ғажап, ерен!!!

Күрең беті албырап,
Күрең шетен балталап,
Күрең қиды жоңқалап,
Күрең пешті қыздырды.
Жалын атқан күрең пеш
күрең үйді шығғанды.
Күрең үйде қырланып,
Күрең жүзі нұрланып,
Жігіт отыр күрең қызға қызғанды.
Күрең жанның күрең ойын қыз білді...
Қыз білді де күрең шайын
жылдамдатып демдеді,
Күреңітіп батыс жақ, күн батуға дендеді.....

Түсінгендей төрде отырған батырын,
Күрең майшам сөне берді ақырын.
Күрең сезім алдында,
Дәрменсіз-ау ақылық...

Бір заманда кісінеді күрең жорға оқырып,
Күрең қызыл таң келеді күрең жонды
хош қылып...

ҚҰЛА АЙҒЫРДЫҢ ҮЙІРІ

Шәріптің әңгімесі

Дос-дұшпанды иісінен айырып,
Тік тұрады «алғы шепте» күн, ай, жыл!
Бір үйді қабағымен қайырып,
Қос құлағын қайшылайды құла айғыр.

Қиқулаған, иесі ме, ұры ма...
Қалт жібермей қадағалау міндеті.

Көкейім жыр

Көкжалдар да қарап алсын сұрына,
Құла айғырмен ойнамасын кімде-кім.

«Мал» болғанмен, қақпан, құрық баспайды,
Арқырап бір, атты адамға шабады.
Дойырыңнан, сойылыңнан саспайды,
Тұяқты да, азуды да салады...

Ұлыққа да, ұрыға да жан керек,
Шыбын жанын олжалайды амалдап.
Құла айғырды күнә болар «мал» демек,
Тірлігі оның малға қалай саналмақ?!

Көкжалдарың күндік жерден безеді,
Құла айғырдың көрінгенде қылаңы.
Құлын тұр ғой, қыл бермесін сезеді,
Сосын, басын өзге жаққа бұрады.

Ірілікті ұлық деп сүйеді ел,
Күтеді оны көбіне-көп еркектен.
Құлын мүсін байталдар мен биелер,
Құла айғырға адалдыққа серт еткен...

Әттең дейсің!
Әттең, қазақ жұртының,
Тамырынан айырылғаны сор екен.
Өзге түгіл, тек бір ғана жылқының,
Ер жігітке үйретері көп екен...

Бір ауылды қабағымен қайырған,
Туған елін бермейтұғын дауылға.
Қара қылды қақ екіге айырған,
Құла айғырдай бір жігіт жоқ ауылда.

.... Деп күрсінді Шәріп жездем толғанып.
Ұшатуғын қыран құстай қомданып.
Сосын, үнсіз Сүгірменен сырласты,
Домбырасын жәймен ғана қолға алып...

ЖІГІТ

Күж денесі қорғасыннан құйғандай,
Жүрегі бар ғалам түзел сыйғандай.
Ақылы бар түн-түнекті түргендей,
Айбаты бар алапатты тыйғандай.

Ар-ожданнның күзетшісі қабағы,
(Сол қабаққа ілінбесең жарады).
Намыс тұнған, иман сіңген екі бет,
Екі беттен қан да, нұр да тамады.

Ғадауатты кірпіктермен байлаған,
Сақшы дей бер қос жанарды жайнаған.
Адамдықтың ақ жолы мен арманы,
Қазан баста қашан көрсең қайнаған.

Тау — даланың, заманың сұлтаны,
Қам-қайғысы Отанын һәм ұрпағы.

Батыл.
Батыр.
Бірақ оны байлауға
Қыз шашының жетіп жатыр бір талы.

Барын бұлдап, жоғын айтып зарламай,
Отырады көкпен түскен қамбадай.
Сол ЕР ЖІГІТ қыздар түгіл,
бүгінде
Заманаға арман болып қалғаны-ай!

ТАУЛАРҒА ТАБЫНАМЫН

Белдеу-белдеу белең тау, белесі көп,
Өткен күннің белгісі, елесі жоқ,
Өздеріңдей қайсарлық, өрлікпенен,
Биігінде киіктей орғып келем.

Қырқа-қырқа қырат тау, қырқасын-ай,
Тау дегенде тұра ма жыр тасымай.
Шалқып келем төсінде, шауып келем,
Сенде жүрсем, қашады қауіп менен.

Жылға-жылға жылға тау, жырасы гүл,
Тау елінің байлығы, мұрасы жыр.
«Шабьт» атты шәмкөстеу құр атпенен,
Жырым-жырым жыраға құлап келем.

Қысаң-қысаң, қысаң тау, қысаң қорық,
Қысаңдардан қысылмай ұшам қонып.
Қаратауым аманда қайғыра алман,
Әлдилейді әмәнда айдын-арман.

Шодыр-шодыр шошақ тау шоқылары,
Шоқыларға, шыңдарға шоқынамын.
Шоқысызда тауларым әсем де емес,
Шыңым барда талғамым бәсеңдемес!

Асқақ-асқақ аспан тау асқарлары-ай,
Аймалаған шекесін аспандағы ай.
Аспан түлға кең халық ұрпағымын,
Асқар шыңда ақырған бір тағымын.

Көп-көгілдір, көгіш тау, көке белдер,
Кеуделерін төсеген төте желге.
Дауылдарда қайыспай тік тұруды,
Тауларымнан үйренгем, жұқтырғамын.

Тұма-тұма тауым-ай, бұлақ-бұлақ,
Бұлақ жатыр сайларда құлап-сұлап.
Тау суындай кіршіксіз таза көңіл,
Тау суындай жап-жапдақ қазақ едім.

Балбал-сынғас, үңгір тау, үңгірі жыр,
Үңгірінде бабамның күңгірі жүр.
Шежіре айтсаң кешеді жаным қайғы,
Сол қайғымен сорым да қалыңдайды.

Қара, Сары, Алатау, Шұбар тауым....,
Сендер менің сарқылмас жыр арқауым.
Мұңын тауға шағады тау баласы,
Бабасының жатқан соң тауда басы.

Тау туралы болғасын таудай таным,
Асқарды айтам, таусылы тауды айтамын.
Менің әнім — тау әні — Абай әні,
Қайталанар бұл әнім талай әлі...

Мен табынсам тауларға табынамын,
Мен шағынсам тауларға шағынамын.
Менің де «ығи түсіме тау кіреді»,
Әлмисақтан біз деген таудың елі,
Мұң-жырымды, тілімді тау біледі.

ХАН ТӘҢІРІ МОНОЛОГИ

немесе М.Әуезовтің жан сыры

Аңғал дала, ақымақ қыр,
ойсыз ойпат, ез дөңдер,
Тасырлардың табаны мен
табасына төзгендер.

Шың жоқ болса бір сәрі еді,
көкті тіреп мен тұрдым,
Күллі әлемді көзіммен де,
көкеймен де безбендер.

Мен асқарда тәтті арманды ащы
мұңмен сапырдым,

Мен аспанда далам үшін,
таулар үшін «аһ» ұрдым.

Мен Құдайдың сүйген құлы, мүмкін
тағы шығармын,
Өйткені мен Көктәңірге өзгелерден жақынмын.

Қамсыз дала, ақымақ қыр
басар түнде қорылға,
Сезбейді олар (сезген емес),
бақытын да, сорын да.
Мәңгі ұйқыға кетпесін деп, оянсын деп өлкемді,
Құба таңды шақырып ап,
алдилеймін жонымда.

Біздегі қыр — қымызды да,
жалпақ дала — гүлстан,
Көз тунады асты менен үстіндегі ырыстан.
Қызыл көздер іші күйіп, салмасын деп шеңгелін,
Қалқан бол деп қара түнді
қалқалаймын шығыстан.

Жаралғалы жантаймадым,
көз ілмедім, тынбадым,
Ғаламшардың ғазалы мен азалы
үнін тыңдадым.
Сай-сала мен ой-санаға өтпей қойды бір сөзім,
Айтарымды ашылып та,
түнеріп те ымдадым...

Сайын дала, сайларын-ақ назарымды аударды,
Қасіреттен мен сау қалсам,
биіктікпен сау қалдым,
Мен қаншама мұз бүркеніп,
жасын кешіп өртендім,
Төбелерді тау етем деп,
шың етем деп тауларды.

бұлағы бұратылған...

Мені құдай жаратқасын күзетші ғып Тұранға,
Көк тірегін ақ басымды исем ідім «Құранға».
Ірілік пен ұлылықты сақтайын деп өмірде,
Қарға, шымшық, көкек емес,
пана болдым қыранға.

Мен кеудеме қардан аппақ нар
бұлттарды шөктірдім,
Шөктірдім де, ар-намыстың
найзасы боп көк тілдім.
Жалғыз өзім кеуде төсеп талай
тасыр дауылға,
Етектегі орманымды күн көзіне өттірдім.

Кім болмайды, не жүрмейді
арасында нулардың,
Шашылмадым, тасымадым тіліне
еріп құлардың.
Көк табалап, жасын ұрып
жасытқанға жанымды,
Қара термен, қызыл қанмен
тұл даланы суғардым.

Мүмкін менің сәби шығар,
саяз шығар санам бек,
Мен масайсам, масайрадым
тауларым деп, далам деп...
Содан болар далаға емес, төбеге емес,
тауға емес,
Ең алдымен тіс батырды долы
дауыл маған кеп.

Солай, солай...ең алдымен,
дауыл мені табатын,
Аш бөрідей шулап келіп, қамалап бір қабатын.
Сондай сәтте мен алақтап
тау-далама қарасам,
Маң дала мен төбешіктер
жымың-жымың қағатын.

Сонда менің жүрегімнен қап-қара қан ағатын!

ОРМАНДАР КӨШІ

Түннің тұп-тура жарымында,
Он бесте толған айдың жарығында.
Қара орман күбірлесті.
«Көшейік бүгін» десті.
Осыны мақұлдасты,
Тау-таспен бақұлдасты...

«Тездеңдер! Үркер ауып кетті...» десіп,
Бір-біріне «жол болсын!» деп тілесіп.
Тау-тасына
Қара орман бір-ақ түнде кетті көшіп.

Қолдағанменен Тәңірі,
Табылғанменен сарығы,
Көшпелі қара орманның
Тауында қалды тамыры.

МЕН – ТӘҢІРТАУ МҰЗБАЛАҒЫ

Мен, Тәңіртау мұзбалағы — Дүкенмін,
Текті атадан жаралып,
Көкте күннен нар алып,
Анамнан адал сұт емдім.

Мен, Тәңіртау мұзбалағы — тірекпін,
Ақ таңыңдай пейілі,
Аптабыңдай мейірі,
Көрсетсең досқа құрметпін.

Мен, Тәңіртау мұзбалағы — түлекпін,
Шеңгелдері құрыштан,
Кемдігі жоқ қылыштан,
Сілтесең жауға білекпін.

Мен, Тәңіртау мұзбалағы —
қыранмын,
Қоздыратын қаныңды,
Тоз қылаңын жасауңды,
Шақыра қалсаң ұранмын.

Мен, Тәңіртау мұзбалағы —
текті құс,
Таңдап ілер шағымда,
Самғар қанат барында,
Жараспа маған тек тұрыс.

Мен, Тәңіртау мұзбалағы — қырағы,
Шабам десе тұлпары,
Ұшам десе сұңқары,
Елімнің мен бір пырағы.

Мен, Тәңіртау мұзбалағы — дарамын,
Күн мен айдың көзінде,
Өз аспаным өзімде,
Самғар бір кетіп барамын.

АЛТЫННЫҢ БУЫ

Махамбетше

Мен Дүкен деген ду едім,
Саф алтынның буы едім.
Маңайы думан, жаны жыр,
Қоғалы көлдің қуы едім.
Намыс пен оттан жаралған,
Қолыңа алсаң ту едім.
Темірден алмас алатын,
Мен семсердің суы едім.

Мен дудың кені, ду едім,
Алтынның ыстық буы едім.
Аңқасы кеуіп келгенге,
Саялы орман ну едім.
Тандыры кеуіп келгенге,
Тұмадан тұнық су едім.
Бал емес болса керегің,
Мен жер-көкте жоқ у едім.

Мен, мен едім, мен едім,
Алтынның буы — ем едім.
Аққу ұшып, қаз қонған,
Жағасы жайлау көл едім.
Төскейі сайран, жыын-той,
Көкорай шалғын бел едім.
Жағалыққа жарасан,
Жарасқан етек, жең едім.
Затым — қазақ, атым Дулат, ер едім.

Беу, мен ұлы едім халқымның,
Мен буы едім алтынның.
Қызғыштай қорып жерімді,
Өртеніп, жаным, шарқ ұрдым.
Шашылар кезде шашылмай,
Алқынбас кезде алқындым.
Басылар жерде басылмай,
Тартынбас жерде тартындым.

Мен алтынның буы мор едім,
Даламдай дархан, мол едім.
Арғы тегім сұрасан,
Нақысбектей зор еді.
Елім-жұртым барында,
Төбесі маған жол еді.

Күндестерім барында,
Айналам түгел ор еді.
Өнерімнің барында,
Мен бір емес, он едім.

Мен, Дүкен деген дүр едім,
Адамның есті ұлы едім.
Құлжадан шыққан көш басын,
Алматыға тіредім.
Егемен елдің төрінде
Ата-жұртта жүр едім.
Отаныммен жарасып,
Тотыдайын түледім.
Мен мынау жердің бетінде,
Бақытты жанның бірі едім.

Уа, мен Дүкен деген сері едім,
Арда емген тел едім.
Қазатын жан табылса
Мен ортаймас кен едім.
Таба алмасаң тілімді,
Алақұйын пері едім.
Қазақстаным аманда,
Мен кімдерден кем едім?!
Жаны ауырған адамға,
Мен, алтынның буы — ем едім!

ҚАРЛЫҒАШ ІЗДЕП КЕЛЕМІН

Жұп қарлығаш бар еді үйімізде,
«Әңгіме» айтып беретін жиі бізде.
Тосатынан жоқ болып бір сыңары,
Біреуінің күрт түсті күйі күзде.



Ұзынды күн ойлайма құрғақ қайғы,
Сайрамайды ол байғұс, тіл қатпайды.
Ара-тұра жем іздеп ұшқанда да,
Қалқымайды!
Дәрменсіз бұлғақтайды.

Жалғыздық-ай десеңші, жалғыздық-ай!
(Жаратпасын пенде ғып жалғыз Құдай!)
«Жығылғанға жұдырық», ол сорлыға,
Бір жағынан қол созды сары күз былай!

Айтып-айтпай суық та түсті міне,
Кетіп болды жыл құсы түстігіне.
Біздің сыңар қарлығаш кетпей қалды,
Кетпей қалды, күн кетті қысқа іліне.

«Кәрі құда» ысқырды, осқырынды,
Біздің сыңар қарлығаш тосты кімді?!
Тосын сұрау деменіз дос бұнымды,
Ойла өзіңнің махаббат, достығыңды!

Менің оны ойлауым зарға ұласты,
Зарға ұласты, зар мен мұң салғыласты.
Жылы бағып, жұмсақтан беріп жүріп,
Қыстан аман шығардым қарлығашты.

Орағанда жасыл тон байтақ елді,
Сағындырған жыл құсы қайта келді.
Бәрі-бәрі жұптасып, махаббаттың
Айтылмаған бір әнін айта келді.

Біздің сыңар қарлығаш елеңдеді,
Елеңдеді, сағыныш тереңдеді.
Қыстай тосқан сыңары тағы келмей,
Қызығына көктемнің кенелмеді.

Ол байғұстың қайғысы маған батып,
Ұйқы бермей жүр тіпті алаңдатып.

Оған енді бір сыңар табылмаса,
Қала ма деп қорқамын арам қатып...

Жаз да өтпеген болса да, күз де өтпеген,
Табылар деп, үмітпен іздеп келем.
Сыңары жоқ қарлығаш өлмесін деп,
Сыңар жүрген қарлығаш іздеп келем.
Бір сыңарға бір сыңар іздеп келем!!!

АҚШИМ МЕНІҢ — БАҚ СЫЙЫМ

Қайран да Ақши — ауылым,
Артымда қалған сауығым.
Аппақ ишлері ормандай,
Тал-теректері қорғандай,
Жаһанда жаннат жер едің,
Қыдыр да қалап қонғандай.
Думан мен тойдың кені едің,
Жәрменке күнде болғандай.
Ұлдары кілең мұзбалақ,
Шар болаттан жонғандай.
Арулары ақ тамақ —
Ай он бесте толғандай.

Уа, қайран да менің Ақшиім,
Мединем, Меккем, бақ сыйым.
Өмірге сенде келген ем,
Анамнан ақ сұт емген ем.
Тайымды ерттеп алқурен,
Тарлан ұлдарға ерген ем.
Қол бұлғап сонда Тәңіртау,
Қанатым бекем сермегем.
Ай мүсін қыздар жүрегін,
Балаң жырыммен тербегем.
Жарысса да жырменен,
Салысса да тілменен,
Ешкімге есе берме ем.
Шаңтастың мініп атына,
Бала диқан боп терлеп ем.
Өгіз шанамен бау тасып,
Түйетас, Ащылы... керлеп ем.

Сол кезде көңіл — қоймама
Сарқылмас байлық теңдеп ем.
Бабаларымдай толғанып,
Бала қырандай қомданып,
Арман тауларға өрлеп ем.
Жалғанда жердің бетінде,
Өзіңдей мекен кем де кем.
Сырқаттың бәрі мендегі
Сағыныш дерті сен деген...

Еһ, қайран да Ақши — ауылым,
Сайран да думан, сауығым.
Ары жақта қалған базарым,
Зар жақ та қылған ғазалым.
Арқалап мұнда мен жүрмін,
Сағыныш күйік азабын.
Тексіздер егін екті дейді,
Ауылдың бұзып мазарын.
Тайқы маңдай тағдыр-ай,
Бітпей де қойды-ау мазағың...

Е-е-е, қайтейін Ақшиім,
Басымнан ұшқан бақ, сыйым.
Мен Отанда жүргенмен,
Күлгенге еріп күлгенмен,
Аңқылдап шауып баратын,
Ауылы жоқ пақырмын.
Сабым алтын болғанмен,
Бауыры тесік бақырмын.
Жүректің түгі болғанмен,
Бес қарусыз батырмын.
Тамыры жоқ, діңі жоқ,
Тілі бар да, үні жоқ,
Аспаннан түскен ақынмын.
Мың бұлағы суалып,
Гүл-құрағы қуарып,
Аңқасы кепкен тақырмын.
Мен ауылы жоқ пақырмын...

Дереу Алматыға жолға шығудың қамын жасайын деп оқталдым да, тоқтадым. Мәңгілік мекеніне аттанған нағашы ағам Еркін Жаппасұлымен қоштасуым керек еді. Асығып-аптықпайыншы дедім. Ерағанның өзі үнемі: «Ақырын жүріп, анық басыңдар. Абдырап, сасқалақ-тамаңдар. Ақылмен қимылда. Сақтық керек» дегенді жиі ескертуші еді. Сол ойдан ба, әлде кенеттен келген қазаға сенгім келмеді ме, әйтеуір, түсініксіз бір тосқауылдың бөгегені анық.

Жаппас ақсақал мен Ажар әженің сегіз перзенті бар екен. Алты ұл, екі қыз. Сол кісілердің көзінде, өзінде болған соңғы тұяғы дүниеден көшіпті дегенді естігенде, тұтас бір дәуір өтіп кеткендей қоңырауымыз қисынды шығар. Сол сегізден тараған ұрпаққа бас-көз болып жүрген төрінде отырар тұлғасы, тіршілікте арқа сүйер ағасы, той-томалағында бата берер атасы еді. Енді олардың да жетімсіреп, жүдеп қалатыны жиен де болсам жүрегімді шым еткізеді.

Ерекен көбінде көңілді жүретін. Отырған ортасын күлкіге қарық қылар әзіл-қалжың, шымшыма сөзі әрдайым әзір-ді. Төңірегіне шуақ шашып, жасты да, кәріні де шаттыққа бөлегісі келіп тұратын. Желкесіне төгілген шашын сілкіп жіберіп, қашанда күлімсірей қарсы алатын. Студент кезімізде Жазушылар одағын жиі манайлаймыз. Ағамызға соғып, амандасып кету әдетке айналған. Әмбе бара тұра жолықпай кеткенінді аңдап қалса, ынғайсыз ғой. Жеткен бойда үшінші қабаттағы «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясына бұрылып, қағазына шұқшиған ағайға кол созамын.

— Ассалаумағалейкум!

— Уағалейкум! Е-е, батыр, қайдан жүрсің? Кел, төрлет!

— Сабактан шыққан едік. Өзіңізге амандаса кетейін деп.

— Иә, мамаң қалай, Эльдар оқуында ма?

— Иә, бәрі орынша. Шүкір, аға. Ал жақсы. Сау боп тұрыңыз.

— Өй-и, тоқтай тұр. Есікті жапшы, кәні.

Сөйтеді де, сейфін ашып, ақ паракқа бүктеліп, қатталған жап-жаңа ақша шығарып, арасынан суырып, екі мың теңге ұстатады. Құдай-ау, айналымға түсе қоймаған су жаңа купюра. Шытыр-шытыр етеді...

Қазір ойласам, мұндай әрекеті екі-үш мәрте қайталанды-ау. 2000 жылдардың басында әлгі — әжептәуір көп қаржы. Қасына ерте барған екі-үш досыңмен тоя тамақ ішуге молынан жетеді. Тіпті артылып та қалатын. Содан желкілдеп жөнелемін. Шығармашылық одақта әкеміздің үйінде жүргендей алшаң басамыз. Сол қастерлі мекеннің шырақшысындай Еркін нағашың отырса, әкеңнің де жақсы араласатын жолдастарын ұшыратсаң, еркінсімегенде қайтесің!

Төменгі қабаттағы бильярд үстелін айналып Қажытай Ілияс, Исраил Сапарбай көкелеріміз шар соғып жүреді. Одан төменіректе Жанарбек Әшімжан, Жарас Сәрсек, Бақыт Беделхан, Талғат

Ешен мен Дәурен Қуат, Алмат Исаділ ағаларымызды аңдаймыз. Аңдайдағы тепкішekten: «Еу, баһадүрлер, жақсы жазып жүрсіндер ме?» — деп Әмірхан Балқыбек ағамыз көтеріліп келе жатады. Жандарында жүріп түрлі әңгіме тыңдауға әуеспіз. Лузаға түскен шарды жүгіріп барып алып, ағалардың есебін түгендеп жүрудің өзі зор мәртебе. Қажыағандар көненің аңыздарын, Талғат ағаларымыз газеттегі тақырыптарын талқылайды. Одақ шаңырағының асты керемет пікір алаңы, әдеби әңгімелердің ордасы іспетті қыз-қыз қайнап

біткенше сабыр сақтауына тура келеді. Тыныш отырмасаң, сөгіс естуің мүмкін.

Бірде әкем алыс қалалардың біріне іссапарға кетіп, шешем екеуіміз «Таугүл» шағынауданындағы Еркін ағаның үйінде жүргенбіз. Көбіне жеңгеміз Қалдыкыз асқа шақырады. Ол кісі — Жетісайдың қызы. Палауы тіл үйіреді.


Ерекен жұмыстан келе салып маған назар аударды:

— Өй, батыр, шашың өсіп кетіпті ғой.

— Е, түк етпейді, әкем келген соң алып береді ғой.

— Әкенді күтіп жүресің бе енді?

СІЗ БІЗГЕ КЕРЕК ЕДІҢІЗ...



жатады. Еркін аға ойын маңына онша жуықтай бермейді. Бәлкім, бильярд ойнамайтындықтан шығар. Кейде түске таман Жұмабай Шаштайұлымен қатар түсіп, түскі асқа қарай аяндап бара жатқанын көреміз. Еркін ағамыздың бір қасиеті тап-тұйнақтай жүргенді ұнатады. Аяқ киімін тазалап, шалбарының қырын сындырып үгіктеп, жейдесінің жағасына беторамалын салып, сабынын саусағының ұшымен ұстап, қол жуатын да жүретін.

Бұл кісі әскер қатарынан оралған соң музыка мектебінде ән-күй пәнінен сабақ беріпті. Тіпті Ақсуаттағы үлкен үйдегі фотоальбомда армияда қолына баян аспабын ұстап түскен суреттеріне қарап, әскердегі мәдени шаралардың көрігін қыздырғанын байқаймыз. Музыкаға әуес адамның мұнтаздай болып жүруі бекер емес сияктанады. Осының өзі адамның ішкі тазалығын да айғақтайтын дүние секілді.

Тазалықты жаны сүйетін жанның тағы бірде шашымды алып бергені еске түседі. Токсаныншы жылдары шашымды ара-тұра әкем мен Болат есімді нағашы ағам алып беретін. Әкем шашты асықпай алады. Өзі журналист қана емес, кәсіби суретші адам. Бөлменің дәл ортасына отырғызып қояды. Жерге газет төсеп барып, іске кіріседі. Қайшымен біраз қысқартады да, арасында сурет салып жүрген кісідей, сонадайға барып бақылап тұратыны бар. Сосын, тағы кішкене қиып, темекісін тұтатады. Әбден алып

Кәне, кір ваннаға. Өзім алып бере қояйын.

— Жоқ, аға, қажеті емес! — деп тартыншақтадым.

Анам қуанып кетті. Ағасы ұлының шашын алып берем деп тұрғанда қуанбай қайтсін. Қарсыласпа дегендей ымдады. Басым салбырап, амалсыз жуыну бөлмесіне кірдім. Әкемдікі бер жағы екен. Еркін ағам асықпай шешіндірді. Іш киіммен ғана состиып тұрмын. Сосын, үстіме түгелдей газет орады. Еденге де қабаттап газет төседі. Содан отырғызып алып, ал кеп әурелесін. Әбден титықтап, шаршап кеттім. Тар ваннаға қамап алып, ұзақ қинады-ау. Ақыры қойшы, сол жерде шашымды жұқартып, үсті-басымды жуып бір-ақ шығарды.

Өзі керемет балажан кісі еді. Бара қалсаң, немерелерін айналып-толғанып, қолынан түсірмей аялайтынын көресің. Сатирик қаламгердің, жалпы, қолына қалам ұстаған жанның мейірімді болмауы мүмкін еместей көрінеді. Немерелерін ғана емес, бәрімізді еркелетуге бейіл. Төрге шығарып, жылы мен жұмсақты алдымызға тартып, асты-үстімізге түседі. Бір күні кешкісін әдеттегідей қонаққа бара қалдық. Күн салқын еді. Алматының ылғалы кез келген сапалы аяқ киімнен өтіп кетеді. Кірген бойда Еркін аға: «Кәні, шеш етігінді!» — десін. Ойда дәнеме жоқ, шешіп қолына ұстата салдым. Оны ваннаның ішіндегі ыстық батареяге жайып, ұлтарағын бөлек жайып бәйек болып жатыр. Екі аяғымды кезек-кезек уқалап, үстіме көрпе жауып отырғызып қойғаны жадымда сайрап тұрады. Ағасы Ахметқазының жиеніне деген ықыласы сондай болғанда өз немерелеріне деген пейілін елестетіп көріңіз енді...

Ағайын-туысқа камқорлығы бөлек жайт. Бауырларының бәрін оқуға жетелеп, жоғары білім алып, азамат болып қалыптасуына көп септігі тигенін үйдегі әңгімелерден байқайтынбыз. «Қымсынбашы, қылықтым» деп аталатын кітабы қолыма тие салысымен оқып шығып, әбден күлгенмін. Жездесі Рамазанның, жеңгелері Ләтипа мен Нұрзағидың образдарын танып, қалай шебер суреттеген деп таңғалғанмын. Кейіпкерлерінің дені айналасындағы адамдар. Сексенінші жылдардың аяғында Ақсуаттағы қара шаңыраққа көрнекті жазушы Оралхан Бөкейді ертіп апарғанын ауылдағылар әлі күнге жыр қылып айтады. Оралхан

аға тек коньяк ішеді екен. Төбеннен төне қарап сөз бастағанда керемет әсерленесің деп бейнелегенде, әттен, кішірек болып, сол жағдайды көре алмай қалғанымыз-ай деп өкінеміз...

Қанша көңілді жан еді дегенімізбен, Ерекеннің де кейде жабырқап жүретін сәтін байқадық. Мазасы қашып біреулерге кіжініп, ашуланғанын да көрдік. Ет пен сүйектен жаралған адам әлденге ренжімей тұра ала ма. Кейбір әділетсіздік те жанын жаралағандай. Өзіне етене жақын аға-бауырларынан, апайларынан айырылған сәттерінде де күйреп, тауы

шағылып, жалғызсырағанына куә болдық. Сонда да ағамыз бойын тіктеп, дүр сілкініп, алға қадам басатын.

— Қанша қайсар болсаң да, Жаппастың жеті ұрпағынан жалғыз тұяқ болып қалу оңай ма, бала?! — деп сұқ саусағын шошайтып тұрғандай елестеуші еді.

Жазда Семейде Ақанғали бауырының келіні кенеттен дүниеден өткенде де қатты күйзеліп келіп еді. Оның алдында ағасы Ахметханның ұлы Мұрат кете барды. Соның бәрі жүрегіне салмақ салмады дей алмас едім. Семейде бірталай сыр шертіп едіңіз. Екеуіміз оңаша отырғанда: «Ел мен жерге ғана емес, туысқа, тіпті достық пен махаббатқа байланысты сезімге адам адал болуы тиіс», — дегеніңіз есімде. «Кез келген жақын адамның қадірін тірісінде біле жүрген абзал», — дегенді жиі қайталағансыз...

Осыдан екі ай бұрын да Одаққа іздеп бардым. Маңдайдан иіскейтін ескі әдетіңізбен мойын создыңыз. Иіліп, маңдайымды ұсына бердім. Бірақ көңілсіздеу көріндіңіз. Көп сөйлесе алмадық. Сосын, немере ініңіз Қайраттың ұлы Қуаттың үйлену тойында төрде отырдыңыз. Бата беріп, тілек айттыңыз. Жүгіріп барып иығыңызға шапан жаптым. Өңіңіз сәл шаршаңқылау аңғарылғанымен, жуыр маңда арадан кете қалады-ау деген ой қаперіме келмеді. Алайда, амал не, қайран аға өзі отыз жылдай отымен кіріп, күлімен шыққан Одақтағы кабинетінде отырып, бақиға кете барыпты. Бейбіт Сарыбай, Ерлан Жүніс, Ырысбек Дәбей мен Тоқтарәлі Таңжарық, Дархан Бейсенбек достарым қатты қайғырды. Бір ғимаратта қызметтес, әріптес, аға-іні болып, тонның ішкі бауындай сол жігіттер өзіңізге жақын жүрді. Менің ғана емес, көптеген қаламгерлердің Ерағасына айналдыңыз.

Ақын ініңіз, жерлес бауырыңыз Серік Қалиев ағамыз көңіл айтып хабарласқан.

— Дәл сол қайтар күні күндіз сағат он бір шамасында телефонмен тілдестік. Әрнені айтып әзілдестік, — деген еді Серік аға.

«Аға, сіз екеуіміз Құдайдан басқа кімге керекпіз?!» — деген екен Секен. «Иә, иә, Құдайға ғана керекпіз ғой!» — депті Ерекен. Құдайға ғана емес, бізге де керек едіңіз ғой, аға! Бақұл болыңыз!

Магира ҚОЖАХМЕТОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Ғарифолла Құрманғалиевтің талантты шәкірті Жолдас Құспановтың үні алғаш естігеннен қайран қалдырып еді. «Жайық қызы» ансамблімен Алматыға келгенде, қонаққа шақырып, аядай пәтерімізде ән шырқағаны, бәріміздің бірге суретке түскеніміз есімде. Бұрын да Гурьев өңіріне барғанымда (қасымда курстас құрбым Сара Латиева бар) талай рет әндерін тыңдап, ішкі әлемімнің мұңы, өкініші ме, сол кездегі қандай да бір көрінісімен үндесе кетсе керек шамасы, біресе шал, біресе қызы боп, соншама шалқып толқығаным. Осыдан елу төрт жыл бұрын жазылған бұл жолдар күнделік беттерінде сақталыпты. Қағазға түскен әсердің бекер еместігін түсінгеніммен ешқандай нақты мәлімет жоқ ішінде. Өнердегі жолын жазуым керек деп, со күйі құнттамапшын.

Өткен жылы әлеуметтік желі арқылы туған інісі Бердеш Құспановпен танысып, өмір деректерін, фотоларын сұрағаным. Оның жақында жолдаған ағасының таспадағы әндерін тыңдап отырып, қызық ой келді: Қазақ радиосынан Жолдас Құспановтың (егер болса) қорда сақталған әндері аясында, ара-арасында осы жолдар мейлінше ақырын оқылса, қандай хабар болар еді! Жолдас Құспановтың «Нарын таңы» (№22, 28.05.2005) газетінде жарияланған «Асыл ағалар еді немесе «Әуен мен ырғақ» әні туралы» мақаласы да сол хабардың көркін кіргізер еді.

Назар аударайық:
«1965 жыл. Алматы зооветеринарлық институтында оқып жүрген кезім. Бірде ҚазМУ-де оқитын құрдасым, қазір облыстағы танымал журналистердің бірі Әлібек Қайыров келіп: «Жүр, Төлеген Айбергенов деген ақынмен танысып қайтайық. Жақында Шәмші Қалдаяқов екеуі біздің облыста, біздің ауданда, тіпті біздің совхозда болыпты», — деп мені ертті де кетті. Кештетіп келген бізді Төлеген ақын жақсы ілтипатпен қарсы алды. Біраз әңгімеден соң Төкеннен өлең оқуын сұрадық. Қамшы салдырған жоқ, қолын, ұзын сұқ саусағын сермеп тұрып, 1-2 өлеңін оқыды. Өлеңдерін жатқа оқитын еді ғой. Тіпті бірде, бір ақын өз өлеңін оқып тұрып жанылысып қалса керек, сонда Төкең ол туындысын аяғынан басына қарай оқып, ұялтыпты дегенді де естігеніміз бар.

Сөйтіп отырғанда Әлібек менің ән салатынымды айтып қоймауымен әрі Төкеннің «кіші жүзбін-жетірумын» дегеніне арқаланып, бастапқыда бір-екі ән салдым. Төкен де мәз болып, өлең оқыды.

Маған тағы ән салғызды, Коштасарда Төкең қоярда қоймай: «Ғарифолламен таныстырамын, таңертең ерте кел», — деп қалды.

«Тәйт деген қоянға не жорық», ертелетіп жеттім. Екеуіміз опера театрының арт жағынан Ғарекенді күттік. Бір кезде Ғарекен де келді, екеуі жақсылап амандасты.

Төкең мені Ғарекенге мақтап айтып жатыр. Соңында Ғарекен: «Саған ұнаса болды, сентябрьде сабаққа келсін», — деді.

Сөйтіп, Алматы эстрада-цирк студиясының оқушысы болдым да кеттім. Сабак 10-да басталады, көп уақыт ән үйренумен кетеді.

Арасында дауыс ырғағын қою (постановка голос) деген жарты сағатта профессор Бекен Жылысбаевтың, актерлік шеберлік сабағында Ыдырыс Ноғайбаевтың кластарынан тәлім аламыз. Осылайша, әнші-артист атанып, Целиноград облыстық филармониясынан бір-ақ шықтым.

Соңынан Алматыда мемлекеттік ән-би ансамблінде жұмыс істеген кезде де Ғарекенмен кездесіп тұрдым. Бұл күнде сол бір атақты әнші мен ардақты ақынның екеуі де жоқ. Олар мені өнер жолына осылай жетектеп еді.

Марқұм Төлеген ақын көзі тірісінде Ғарекенге арнап «Әуен мен ырғақ» аталатын өлеңдер топтамасын жазғаны да жырсүйер қауымның жадында жүрсе керек. Ғарекен өмірден өткен соң көңіліме бір әуен маза бермеді де, екі тамаша тұлғаға мен қойған ескерткіш болсын деп әлгі бір әуеннің

ЖОЛДАС ҚҰСПАНОВТЫҢ ӘНІ ӘСЕРЛІ АСҚАҚТАҒАН...

мәтініне Төлеген ақынның жоғарыда айтылған тамаша туындысынан төрт шумақ өлеңді таңдап алдым.

Бұл әнді өзі шырқады ма, белгісіз. Нотасы сақталыпты. Інісі Бердеш Құспанов «Әуен мен ырғақ» (өлеңі — Төлеген Айбергеновтікі, әуені — Жолдас Құспановтыкі) әнін жақында ғана Айғали деген жігіттің домбырамен үйге келіп орындаған бейнетаспасын және «Ағамыз бір медаль алмай өмірден өтті» деп, мәдениет саласында ұзақ уақыт жұмыс жасап, қазір Әжелер ансамблінің мүшесі, жеңгесі Талшынның медаль алған фотосын жіберіпті.

Жолдас Құспанов әр жылдары Целиноград (қазіргі Астана) филармониясында, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ән-би, Атырау облыстық «Жайық қызы» ансамбльдері құрамында гастрольдік сапармен Москва, Ленинград, Украина, Белоруссия, Молдавия қалаларында өнер көрсетті. Кейін ауылда жылжымалы, селолық клуб меңгерушісі, мәдениет үйінің директоры, Мақат, Новобогат ауданында мәдениет бөлімінің меңгерушісі лауазымдарын абыроймен атқарды. 2000 жылдан бастап Аққыстау халық театрының режиссері болып еңбек етті. 2009 жылы 61-ге қараған шағында дүниеден озды.

1971 жылы жазылған күнделік беттеріне назар аударайық.

Қарттың монолоғі:

Қарт селк ете түсті. Тосыннан шыққан ай-хайға бірден елігіп кетпей, неге екенін кім білсін, әйтеуір, жүрегі жиі-жиі соғып кетті. Бірер сәттің ішінде-ақ ол өзі мен әншінің еншісіне тиген уақыттын соншалықты қысқа екенін ұғып үлгерді. Былайда қарапайым ғана көрінген Жолдас ән айтқанда, мүлдем құлпырып шыға келгеніне өз-өзінен іштей таңғалумен болды.

Ән ес жиғызбастан белден асып барады. Сол сәттегі әншінің жүзін көрсен, шіркін! Бабындағы бүркіттей өне бойын асау күш буып самғайды-ай келіп... Қалықтап барып қанаттарын қолдана қалғанда, дүние бір өзінің аясында айналып тұрғандай ма, әлде бұл мына дүниенің құшағында аяланғандай ма, көз жеткеннің бәрі бір-бірін аймапай, майысып жүре береді. Мұндайда өз-өзіңді сабырлылықпен ұстап қалу да қиын.

Асқақ даусымен барша тіршілікті аспандатқан әнші құдіретінің жанында шарадай басын керемет әуездің мысына шыдамай есенгірей бересің. Жок, есінді жия алмайсың, аптыққан көңіліңе тыншу таппай, әрлі-берлі ырғалған кеңістік пе, әлде соның бәрін дір еткізген ән бе, қалай дегенмен де бір елегізу бар-ау. Қарт анадайда отырған қызына қарады. Сонда барып, ол әншінің де тыңдаушының да өзгеріп жүре бергенін байқады. Жалпы, ән аясында кім-кімнің де сүйкімді боп кететінін аңғарды.

«Шіркін-ай, егер барша тіршілікті осындай ән кернесе, ешкім ешкімді ренжітпес еді, жер-дүниені адамдардың бір-біріне деген ыстық ықыласының шуағы жылытып шыға келер еді, — деп ойлады қарт. — Өзіңнің пенде екеніңді сездіретін де, кәтігездіңді басатын да, былайғы шақта терен ұғына бермейтін өмірдің мән-сырын жүрегіне терең бойлататын да, тәубемізге түсіріп, иманымызды үйретін де осы ән ғой, әйтпесе не боп кететінімізді бір жаратқанның өзі білсін».

Қарт енді әнші жігіт Жолдастың жүзіне көз тікті. Жанары жалт-жұлт етіп, көзінде өзгеше от ойнағандай. Бойынан жастық оты жалындап, айналасына сиқыр күш боп дарып жатқан әуез жігіт көмейінен, әлде жігіт қолындағы домбырадан тарап жатыр ма, қалай дегенмен де бір-бірін жымдастыра толықтырып, ұйып қалған көпшіліктің ынтызарын өзіне ғана тоқтатқан.

Манағы сәтте тылсым тыныштықты жарып шыққандықтан даусы мынау өзін қоршаған айналамен бірден ұғыса алмай қалғанмен, енді бәрі-бәрі үндесе



қабысып, жарастық тауып жатыр. Сол жарастықтың төркінін іздеген қарт әннен басқаны ұмытқан жігіт пен оған мөлдірей қарап қалған көздерден адамдарды іштей ұғыстыратын құдіретті күш барын, соның негізі ән мен күйде жатқанын сезгендей-ді. Бәрінен де соны ешбір дабырасыз манайындағылардың көкейіне құйып жатқан әншіні айтсаңшы! Әніне сиынса да, өзіне сиынса да, әйтеуір, жүзінде өзге жұрттан алабөтен ерекшелік байқалғандай. «Бұл мен ойлағандай өз-өзіне мықтап сенгендіктен де емес шығар, — деп күбір етті қарт. — Мейлі, тіпті өз-өзіне сенсе несі бар, мұндайдан сескенуге болмайды ғой. Айналайын, балам-ай, болайын деп тұрған азамат екенсің. Өмірдің сән-салтанатын осыманша уақыт қызықтап келсем де өзіндей жас әнші іштей көп жайтты ұғындырады, толғантады-ау деп ойламаған едім».

Қарт көңіліне бір ғана ойды түйген — әншінің соншалықты асқақтатып, көрермендердің сүйіспеншілігіне бөлеген қазақтың сиқырлы сазға толы халық әуендері...

Ән қалықтап-қалықтап барып, отырған көпшіліктің көңілін аспандатып жүре берді. Қарттың өне бойы бұрын-соңды байқалмаған жеңілдіктің әсерінен қанаттанғандай, әлдеқандай сиқыр күштің жетегінде биіктеп бара жатқандай-ды. Ол тағы да әншіге қарады, бірақ әнші әнді шарықтата айналып тұр ма, әлде ән әншіні биіктете айналып тұр ма, айыра алмады. Қарт енді қызына қарады, о, ғажап, әуелеген әуен құшағына құлап барады...

Қыздың монолоғі:

...Ән! Сен! Бар-жоғы бес-алты сағат уақыт қана, бірақ осы азғантай ғана біздің еншімізге тиген бірер сағаттың қаншалықты маңызды екенін ешкім де сезбес-ау, тіпті өзіңіз де. Алғаш рет адамның көз алдында құлпырып кететінін көрдім. Өне бойынан қарапайым, ізгілік лебі есіп, жан дүниесінің нәзік терендігін еріксіз, үнсіз мойындайсың. Таланты мен білімі айғайсыз айқалталып тұрады.

Домбыраны күйіне келтіре бұрап, осы күнгі әндердің әуеніне салып біраз отырды да, «қандай ән айтамыз?» — деп айналасына қарады. Жұрттың бәр-бәрін бір өзінің әнін ғана тыңдағысы кеп тұрғанын сезсе де сезбегендей сынай байқатады. Әлден уақыттан ән кетті белден асып. Сол кездегі Жолдастың жүзін көрсен, шіркін?! Бабындағы бүркіттей өне бойын асау күш буып, ұшады-ай келіп... Қалықтап барып-барып, қанаттарын қолдана қалғанда, дүние бір өзінің аясында айналып тұрғандай ма, әлде бұл мына дүниенің құшағында аяланғандай ма, көз жеткеннің бәрі бір-бірін аймапай, майысып жүре береді. Сол сәтте өз-өзіңді сабырлылықпен ұстап қалу да қиын сияқты. Іштей ұшып кете жаздап па, біртүрлі жұмбақтыққа тап боласың. Жолдастың шырқаған әні биікке жетелегенде, сол күштің құдіретінен шарадай басың керемет әуездің мысына шыдамай

әуелеткен асқақтықтан есенгіреп барып, ес жиясың.

— Ақ көйлек, қара бешпет-о-о-о-о-о-о-оу, әдемі қыз-о-о-о-а-ау...

Жок, есінді жия алмайсың, жүрегің дір ете ме, әлде әрлі-берлі ырғалған кеңістік пе, әйтеуір, алып ұшқан масан көңілдің қайтып қана тыншу табарын білмей таңғалып әлденеге елегізі қаласың. Әншінің көзіне қарағанда ғана жанарында жалт-жұлт еткен ұшқындарды байқап, манадан бері өзінді қанаттандырған күштің қайнары сонау мөлдірліктен тарап жатқанын егтеп сезгендейсің. Қарай бергің келеді, бірақ ұшқын шашқан, айналасындағының бәр-бәрін сол отпен табындырып алған әнші жүзінен жүзінді тайдырып әкетесің. Қаймыққаның ба, ән аптабынан күйіп-жанып, бойындағы күш-қуатыңнан айырылғандайсың ба, бейжай бір шақ.

— Құрбыға сыр білмеген-о-о-оу мен не дейін-а-а-а-ай...

Өз-өзіңді тежей алмай, жо-жок, тежей алмай емес-ау, бойындағыны игере алмай дал боп жүргенде, дүниенің барша қызығынан адаланып, құлазып жүргенде... мен сені тағы кездестірдім, әніне ғашық болған азаматым. Неге екенін білмеймін (неге екенін білемін), мен шаршап жүргенмін, шөлдеп жүргенмін. Өмірдің соншалықты қызығы мен қуанышынан алыста-алыста қалғандай едім...

Шіркін-ай, мен, сірә, өзіне ұқсастың бәріне ғашық боп, ынтызар боп, сарғайған сағынышқа айналармын. Сондықтан да бұл жарық жалғаннан мәңгі бақи бақытсыз боп өтермін. Тек қана жалт етіп жоғалатын алтын сәттерді еске алумен, соны үнемі күтумен зарығармын. Ал өзіңнің көз алдымда ән салып отырғаның мен үшін қайтып айналып келмейтін жайт екенін ұқпассың ба. Тіпті сезбессің де, мейлі. Бұған өкінбеймін.

Дүние қалай-қалай ырғалады. Әлгінде ғана айналандың ірбіті болмай, сұрқайлықтың әлдеқандай салқындығынан өне бойым тоңазығандай. Міне, әп-сәтте көз алдымдағының бәр-бәрі ырғала майысып жүре бергені.

— Бір кезде желдей есіп-о-о-о-о-о-о-о-а-оу... тасып еді- о-о-оу...

Тепе-тендігімді ұстай алмай, қарадүрсін сарайым мұндай сәттің бұрын күәсі бола бермегендіктен бе, әйтеуір, өне бойымда болар-болмас діріл байқалады. Сол діріл тұла бойымды қалшылдатып барып, әлден уақытта тіпті желкемді көтере алмайтындай халге жеткізе көз алдымда анау қыранша қолданып шырқаған жігіттің таңғажайып дауысы, мөп-мөлдір, таза үні ғана:

— Салған ә-ә-ә-әнім әсерлі асқақта-а-а-а-аған...

Елу төрт жыл бұрынғы жазба — бұл. Әнімен таңғажайып әсерге бөлеген дарынды жігіттің өнердегі жолы басқаша болуы керек еді ғой деген өкініш оны танып білгендердің өзегін өртейтіні анық.

Жолдас Құспанов туралы кезінде менің жарияланбаған ессе, жазылмай қалған мақалам тәрізді оның өнердегі жолы да із-түзсіз кетпесе екен. Қолда барды жинап-теріп, бүгінгі ұрпаққа шырқаған әндерін тыңдатудың, есімін көше, мәдени ошақтарға беріп, туған жерінде ұлықтаудың қандай да бір амалын қарастырайық.

(Осы материалды дайындау барысында өтінішім бойынша дерек, мәліметтер, фотолар жіберген кейіпкеріміздің қызы — Алидаға, інісі — Бердешке рақмет айтамын).

— *Ей-й-й-й!* Көкірегінен әсем әннің көк мұхитын шайқаған,

Ей, Ғарекен! Қасиетті қазына

жыры байтақ ән.

Сенің сұлу жүрегіңді қалайша мен

айта алам,

Сендей саңлақ бұл өмірге келер ме

екен қайтадан.

Дидарласқан бұл күндері інің

тоқтап тұрмақ па,

Зерігер ме сенен адам сөйлесіп те,

тыңдап та.

Таңдайыңа ұя салған сенің мың

сан бұлбұлдың

Қонып жатыр-ау мың баққа

Бұл күнде сенің заңғар басыңды қар

шалған.

Бақытжан ҚАНАПИЯНОВ,
ақын, Абай атындағы
ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің елуінші томын баспаханаға тапсырып, көпжылдық баспа жобасын аяқтаған кезде Мұрат Әуезов: «Осы бір нәзік әйел затының бойында зор редакторлық күш-қуат, кәсіби шеберлік және баспа ісінің қыр-сырына қатысты мол тәжірибе қалай тоғысқан? – деді маған таңданыс білдіріп. Сосын сәл үндемей тұрды да: – Балжан Хабдина – великий редактор!» – деді.

Мен Балжан Хабдинамен ширек ғасырдан астам уақыт бұрын, 1998–1999 жылдары, яғни өткен ғасырдың соңында, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш Президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың алдағы жүз жылдық мерейтойына байланысты басылымдарын дайындап жатқан кезімде жақыннан таныстым. Міне, содан бері баспадан жарық көріп жатқан қазақ тіліндегі кітаптардың басылымдары үшін ешқашан уайым жеген емеспін, өйткені олар Балжан Хабдинаның қырағы редакторлық көзінің сүзгісінен өтетін.

Ол біздің «Жібек жолы» баспасының көпұлтты ұжымымен алғаш келген күннен бастап тез тіл табысып, жарасым тауып кетті және қазіргі уақытта еңбек демалысында болғанына қарамастан, бізбен және Алматының басқа да баспаларымен ынтымақтасып, достық қарым-қатынасты жалғастыруда.

Ал ол еңбек жолын 1978 жылы Қазақ университетінің журналистика факультетін бітіргеннен кейін Көкшетау қаласындағы облыстық газеттің тілшісі болып бастады. Содан соң Алматыдағы «Өнер» баспасына редактор болып ауысып, көп уақыт өтпей-ақ аға редакторлыққа көтерілді. Бұдан кейін баспагерлік жұмысын «Ғылым» ғылыми баспа орталығында жалғастырды.

Сол жылдары Қазақстанда өз дағдылары мен дәстүрлері бар жақсы баспагерлік-редакторлық мектеп қалыптасқанын ерекше атап өткен жөн. Балжан Хабдина өзінің сыни-талдамалық ақыл-ойы мен редакторлық іскерлігінің арқасында қолжазбаны болашақ кітап форматында дайындау және басып шығару мәселесінің мәні бойынша жылдар бойы авторлармен және олардың қолжазбаларымен жұмыс істеу тәжірибесін жинақтай отырып, жазушылар мен ақындар, ғылым мен өнердің белгілі бір саласының өкілдері және мамандары, көптеген кітап авторлары арасында лайықты құрметке ие болды. Олардың баспадан шыққан кітаптарының беттерінде «редакторы Балжан Хабдина» деген жазу басылымның сапа белгісіне айналды. Баспагерлер арасындағы республикалық «Жыл редакторы» атты кітап-әдеби байқау-

ларында жиі жеңіске жетіп жүрді. Осы жылдар ішінде бірнеше кітап құрастыруға тер төкті, көптеген шетелдік басылымдарды Абай тіліне аударды. Оның қаламынан балаларға арналған «Жезкиік» атты түпнұсқа кітап дүниеге келді. Оның тікелей қатысуымен және аударуымен «Қаныш елі» фотоальбомы, Жетісу мен Ал-

қазақ мәтіндерінің редакторы болған Балжан Хабдина үшін зор қуаныш болды. Мен оның нұрлы көздерінен бұл жобаның, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің елутомдық академиялық толық басылымының ұлы редакторы Балжан Хабдинаның өміріндегі басты басылым екенін ұқтым. Жылдар бойы Әуезов әлемімен тыныстаған ол

циялап қана қоймай, тақырыпты жете білу қабілетіне орай шығармашылық пен ғылым саласы өкілдері туралы толымды мақалалар мен эсселер, әдеби портреттер мен суреттемелер жазды. Оның редакторлығымен елімізге белгілі адамдардың, атап айтқанда, Досмұхамед Кішібеков, Алтай Сәрсенов, Зәки Ахметов, Өзбекәл Жәнібеков, Карл Байпақов, Тынымбай Нұрмағанбетов, Қойшығара Салғарин, Ұзақбай Доспанбетов, Уахит Шәлекенов, Мұрат Әуезов, Кәкімбек Салықов, Медеу Сәрсекеев, Сарбас Ақтаев, Оралбек Қожанов және басқа да көптеген адамдардың кітаптары жарық көрді.

Ол сонымен қатар бірнеше кітаптар құрастырып шығарды. Атап айтқанда, ұлы ақын Абайдың екітомдық шығармалар жинағы, Қазақстандағы өткен ғасырда орын алған үлкен нәубет – ашаршылық туралы «Қызылдар қырғыны» (З.Қыстаубаевпен бірге) жинағы, Саттар Ерубаетовтың шығармалар жинағы, Балуан Шолақтың шығармалар жинағы, «Өнер» баспасынан әр жылдары жарық көрген көптеген ән жинақтары, Мұрат Әуезовтің «Ділім» кітабы, елімізге белгілі педагог М.Қанапиянов туралы «Ұстаз», педагог Х.Әміров туралы «Ұстаз. Азамат. Қайраткер» кітаптары, «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген белгілі жазушы Д.Исабековтің өмірі мен шығармашылығына арналған кітап, «Қазақстан-Беларусь» әдеби альманағы, т.б. басылымдардың құрастырушысы болды.

Б. Хабдинаның тәржімесімен «Шикүла» баспасынан бірнеше әдістемелік оқу құралдары, Алматы қаласының тарихы туралы кітап-альбомдар, көрнекті археолог К.Байпақовтың ғылыми еңбектері, белгілі дәрігер А.Байгенжиннің «Коронавирус» кітабы, менің «Төретұмсық» повестіхикаятым жарық көрді. Ал жақында ол менің Мұрат Әуезов туралы «По ту стороны Луны» («Айдың арғы беті») кітабымды аударуды аяқтады.

Көп жылғы баспагерлік еңбегі лайықты бағаланып, Б.Хабдина «ҚР баспа және полиграфия ісінің қайраткері» құрметті атағына ие болды. Сондай-ақ «Кітап мәдениетіне қосқан үлесі үшін» медалімен, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Қазақ баспа ісінің дамуына зор еңбек сіңіріп келе жатқан Б. Хабдина – өз ісінің шебері, ол өз міндетіне асқан жауапкершілікпен және адалдықпен қарап, қандай шаруаны болсын жеріне жеткізе орындайды. Баспагерлік қызметімде тағдыр мені осындай ізгі жанмен жолықтырғанын өзімнің бақытым деп білемін.

Балжан Елубайқызы жақында туған аймағында ел құрметіне бөленген ата-бабасы жайында «Тамыры терең әулет» деген танымды кітап жазды, енді міне, өзінің шығармашылық ғұмырынан беретін есебі сынды «Қаламым түзген әлемнен» атты мақалалар, сұхбаттар, аудармалар жинағын оқырман назарына ұсынып отыр. Осы тамаша жинақ ойшыл қаламгеріміз Мұрат Мұхтарұлы Әуезов «великий редактор» деп бағалаған замандасымызды кім-кімге де толық танытатынына сенімім зор.

БІЛІМДІ ДЕ БІЛІКТІ РЕДАКТОР



Суретте: Балжан Хабдина

матының тарихына арналған көптеген альбом-кітаптар жарық көрді, редакторлығымен қазақ детективінің негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың бестомдық шығармаларының толық жинағы шықты.

Мен өзімнің баспагерлік тағдырымда бір кездері Балжан Елубайқызы Хабдина сияқты адаммен танысқаным және оның баспамыздың көптеген кітаптарында «Жібек жолы» брендінің жанында «Редактор Балжан Хабдина» деген аты-жөні қатар тұратынына ризамын.

Мұхтар Әуезовтің елутомдық еңбектерінің толық жинағын осы томдарды дайындаумен айналысқан М.О.Әуезов мұражай-үйінің директоры Диар Қонаев бастаған қызметкерлерімен бірге шығарғанымыз есімде. Осы көпжылдық жобаны бастаған баспа банкротқа ұшырауына байланысты жабылып, бірақ дінгек-палуа арқылы елудің он бір томын шығарып үлгергендіктен, біздің «Жібек жолы» баспасы алдағы томдарды шығару бойынша тендерде жеңіске жетті. Бас редактор Балжан Хабдинаның бастапқы томдардың көркемдік сапасына көңілі толмайтынын сезіндім. Біріншіден, біз бірінші томнан емес, он екінші томнан бастадық, екіншіден, кейінгі томдардың дизайны мен безендірілуіне тәуелді болдық, ал бастапқы томдар нашар дизайнмен шыққан-ды.

Бағымызға орай директивалық органдардың (Министрлік пен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының) шешімі бойынша бізге бірінші томнан бастап елуінші томға дейін толық қайта шығару бойынша тендерге қатысу ұсынылды. Бұл, ең алдымен, осы басылымның түпнұсқа

өмірінің осы кезеңін тағдыр тартқан үлкен сый, «екінші университетім» деп біледі.

Осы орайда мына бір жайтты ерекше бөліп айтқым келеді. Балжан көлік апатына ұшырап, қолына ота жасатуға ауруханаға түскенде де өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Ол кезде біз М.Әуезовтің елутомдығының екінші басылымын баспаға дайындап жатқанбыз. Оны шығаруға Министрлік тарапынан екі ай ғана уақыт берілді. Сонда өз ісіне әбден берілген жанкешті редактор отадан шыққан келесі күні оң қолын дөкемен таңып алып, аурухана палатасында Мұханның кезекті томдарын дайындаумен айналысты және бір айта кететін жайт, еліміздегі белгілі баспалар оны жалақысы жоғары қызметке жұмысқа шақырған кезде өзі бастаған ісін – Мұханның мұраларын жарыққа шығаруды орта жолдан тастап кете алмай, бұл ұсыныстардан бас тартты. Сөйтіп, сөз зергерінің ұлы мұрасына адалдық танытты.

Мұхтар Әуезовке сіңірген тағы бір елеулі еңбегі – біздің баспадан шыққан «Абай жолы» роман-эпопеясының жаңа аудармасына көрнекті қаламгер Герольд Бельгермен бірге арнайы кеңесші-консультант болды. Төрттомдық эпопеяны қазақша нұсқасымен салыстыра отырып, сын-ескертпелерін айтты, жекелеген қазақы ұғымдарға түсініктеме берді. Аударманың мән-мазмұны мен ұлттық реңкінің түпнұсқадағы қалпында сақталуына тигізген септігі үшін ресейлік аудармашы Анатолий Ким оған ерекше ризашылық білдіріп, алғысын айтты. Ол сондай-ақ Мұхтар Әуезовтің ата-тегі туралы күрделі еңбекті жарыққа шығаруда аянбай тер төкті.

Жалпы алғанда, редакторлық – жауапкершілігі, қиындығы, бейнеті мол жұмыс. Ол сауаттылықпен қатар жоғары эрудиция, ізденіс, ыждағаттылық пен тиянақтылықты талап етеді. Автордың жазғанына сын көзбен қарап, оны өңдеп-жөндеу үшін редактордың өзінің де оған жете-қабыл өресі мен білімі болуы шарт. Ал редакторлық шеберлік пен біліктілік жылдар бойы ерінбей-жалықпай жинаған тәжірибемен, үлкен ізденіспен келеді. Бұл қасиеттердің бәрі де Балжанның бойында бар.

Балжан Хабдина Қазақстанның классиктері мен замандастарының бірнеше жүздеген кітаптарын редак-

Астана қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен «Әлеуметтік және этносаралық қақтығыстарды реттеудегі медиацияның рөлі» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай Достық үйінде өткен конференция әлеуметтік және этносаралық қақтығыстардың алдын алу мен шешудің тиімді тетіктерін анықтауды, медиация институты негізінде диалог мәдениетін дамытуды әрі қоғамдық келісімді нығайтуды басты мақсат тұтты.

«Достық үйінде құрамына этномәдени бірлестіктердің кәсіби және қоғамдық медиаторлары кіретін Этномедиация орталығы жұмыс істейді. Қазақстан халқы Ассамблеясының медиаторлары қоғамда тұрақты сенім мен өзара түсіністік ахуалын қалыптастыруға ықпал ете отырып, этносаралық келісімді нығайту, әлеуметтік шиеленістердің алдын алу жолында жүйелі және нәтижелі жұмыс жүргізуде», — деді елордалық Қазақстан халқы Ассамблеясы этномедиация орталығының үйлестірушісі Роза Бекішева бірқатар жүзеге асқан шаруалармен таныстырып.



БІТІМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІ – ТАТУЛЫҚ НЕГІЗІ

мәселелерін талқылады. Конференция халықаралық деңгейде тәжірибе алмасу алаңы ретінде жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі медиацияның өзектілігін көрсетті.

ҚХА республикалық этномедиация кеңесінің төрағасы Шерзод Пулатов өз баяндамасында медиация құқықтық, мәдени және психологиялық тәсілдерді біріктіретінін және әлеуметтік шиеленісті болдырмауға көмектесетінін жеткізді. «Бүгінде біз медиацияны маңызды бағыттар-

кіндік береді», — деді ол.

Ауқымды жиында Қазақстанның этносаралық келісім үлгісі халықаралық деңгейде ерекше атап өтілді. Қазақстан халқы Ассамблеясының моделі толеранттылық пен инклюзивті диалог қағидаттарына негізделген, бейбіт өмір сүру мен жанжалдарды болдырмаудың тиімді құралы ретінде бағаланды.

Конференция қорытындысы бойынша мемлекеттік және қоғамдық деңгейлерде әлеуметтік және этносаралық жанжалдардың алдын алудың және шешудің негізгі құралы ретінде медиация институтын нығайту; Жоғары оқу орындарында медиаторларды даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, медиация және бітімгершілік саласындағы тәжірибелер мен ғылыми зерттеулермен алмасу үшін тұғырнама құру; Қоғамдық медиаторлардың мәртебесін нығайту және олардың жанжалдардың алдын алуға қатысуын кеңейту мақсатында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; Онлайн-медиация және қақтығыс тәуекелдеріне ерте мониторинг жүргізу үшін цифрлық және инновациялық құралдарды ілгерілету; Диалог пен зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жөніндегі ақпараттық-ағарту жұмысын күшейту; Жастар мен отбасы институттарын қоғамдық келісімді нығайту және бейбітшілік құндылықтарын ілгерілету процестеріне тартуға жәрдемдесу сынды ұсыныстар қабылданды.

Конференция қатысушыларының пікірінше, Қазақстан тәжірибесі бітімгершілік пен медиацияның жаңа жаһандық тәсілдерін қалыптастыруға негіз бола алады.

Әзірлеген
М.РАЙЫМБЕКОВА

ЖОЛДАСБЕКОВ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР

(Басы 6-7-бетте)

Мердігерлер ылажсыз көнді. Шынымды айтсам, мен де Өмекеннің бұл тәуекелін іштей құптамаған едім. Білемін қылмыскерлердің араларында небір қыш қалаушылар, бетон құюшылар, сылақшылар, электр дәнекерлеушілер, әрлеу жұмыстарын игергендер бар. Жаман айтпай жақсы жоқ. Оларға сенім артып, капелімде сәтсіздікке ұшырасаң бар еңбегің зая кетті дей бер. Заң сенің атак, даңқыңа қарамайды. Қылмыстық жауапкершілікке тартылып, қатаң жазалануың да ғажап емес. Ал Өмекең ақыл-парасатымен соларға да сыйлы болды. Токсан сайын күндік норманы орындап жүргендерін «Мақтау грамотасымен» марапаттап, кесімді мерзімдерін қысқартуға септігін тигізді.

Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы Болат Арыстанәлиев:

— Жаңа ғимарат құрылысының алғашқы қазығын Жолдасбеков маған қаққызды. Мұндай құрметті қалай ұмытарсың. Шынайы мейіріммен, жанашыр қамқорлығымен жан дүниемізді өзіне баурап алды. Ол құрылыс нысандарын ұдайы аралаған сайын құрылысшылардың хал-жағдайын сұрайды. Жыл сайын біразымызды кәсіподақ есебінен «Қарғалы» секілді демалыс орындарына жолдамамен жіберіп жатқаны. Ол кісінің құрылысшыға деген ілтипаты ұшан-теңіз. Өзім уақыт өте кәсібім жағынан сатылап өсіп, прораб, учаске бастығы қызметтерін атқардым. Атак-абыройдан кенде емеспін. Сол жастардың арасынан бертінде қаншама құрылыс инженерлері шықты. «ҚазГУград» қалашығы — менің жастығымның куәсі. Бұл мен үшін мақтаныш, — дейді.

— Шынында, Өмірбектің жұмыс істеу тәсілі елден ерекше еді. Әсіресе университет құрылысында айқын көрініп тұрды, — дейді ОК-тің Ғылым және білім бөлімінің бұрынғы меңгерушісі Сәдуақас Темірбеков, — жаңаша ойлап, істі жаңаша ұйымдастыратын. Не нәрсеге де батыл барушы еді. Оны біреулер түсініп, біреулер түсінбейді.

Сәті келген оңаша сәтте жанашырлық сөз айттым.

— Өмірбек, Өмеке, адам мүмкіндігі шектеулі. Шамадан артық жүк денсаулыққа әсер етеді. Енді өзінді де аясаңшы. Саған қарап отырған отбасың, бала-шағаң бар ғой, — дегенімде, ол:

— Сәке, қазір өз жағдайымды ойлап аянып қалатын кез емес. Оның да реті келер, — деп жайдары күлімсіреген еді жарықтық.

Кенет ойына әлдене түскендей басын әнтек көтеріп жымиы да:

— Қалашықтағы оқытушы ғалымдар мен студенттердің көпқабатты жайларын айтсайшы! Бұдан он жыл бұрын мұндай жағдай студенттер мен оқытушылардың өңі түгілі түсіне де кірмеуші еді. Оқу корпустары ше?! Университет барлық әлеуметтік және ғылыми талаптар жағынан Одақ көлемінде Мәскеу, Ленинградтан кейінгі үшінші орынды иемденді, — деді қонырқай үнмен.

Өмірбек Жолдасбековтің университет құрылысы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жан ұшыра жүгіріп жүргені кім үшін? Ұлтына жаны ашымаса, ұлтының болашағын ойламаса соншалық жанын қинар ма еді. Ойдан жүйрік не бар. Оның университет құрылысындағы сол күн-түн қатқан жанкешті еңбегі, сонау ғасырлар қойнауында көмескіленіп қалған Көк Түрік мемлекетінің ел қорғаған батырлары Білге қаған мен Күлтегіннің тасқа қашалған бүгінгі ұрпаққа аманат жазбалары ойға оралтады.

«...Күндіз-түні отырмадым,

Қара терімді ағыздым,

Күш-қутымды бердім.

...Түркі халқы үшін,

Түн ұйықтамадым.

Күндіз отырмадым».

Күлтегін мен Тоныкөк жаугершілік заманда түркі халқы үшін шайқасып, елдікті қорғады. Ал Өмірбек Жолдасбеков бергі бейбіт заманда ұлттың бүгінгі мен болашағы үшін жан аянып қалған жоқ. Ол сол уақытта-ақ жаһандану үрдісін алдын ала сезген секілді. Сол кезде ұлттық құндылықтардың жойылып кетпеуі үшін, ұлттық білім-ғылымның материалдық базасы болып табылатын университет қалашығының құрылысына жанын салғаны содан да болар. Мұны да күрестің ерлікке толы жанкешті ісі емес деп кім айтар. Басқаларға қайдам, маған Өмірбек Жолдасбеков бүгінгі күннің Күлтегіні мен Тоныкөгі секілді көрінеді де тұрады.



Жиынға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Болгария және басқа елдердің мемлекеттік органдарының, халықаралық ұйымдардың, сараптамалық қоғамдастық пен ғылыми институттардың өкілдері қатысты. Конференцияны Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Құсайынова Ләззат Сейітказықызы ашып берді. Ол өз сөзінде қаладағы этносаралық тұрақтылықты сақтау, медиацияны дамыту және қоғамдық келісімді нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, Ассамблеяның қоғамдағы диалог пен өзара түсіністік мәдениетін қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтті.

Спикерлер медиация институтының дамуы, әлеуметтік шиеленістерді бейбіт жолмен шешу тәжірибесі және елдер арасындағы ынтымақтастық

дың бірі ретінде дамытып жатырмыз. Медиация адамдар арасындағы өзара түсіністікті дамытып, келісімге келуге, жанжалдарды шешуге қатысты дүниелерді үйлестіреді. Негізгі мақсат — медиация және татуластыру рәсімдері институтын дамыту. Татуластыру тәжірибесінің өзі біздің қоғам үшін жаңалық емес екенін атап өткім келеді. Біздің тарихымызда аға ұрпақ әрқашан бейбіт жолмен шешудің әдістерін қолданды, көршілер, отбасылар немесе қоғамдастық арасында келіспеушіліктер туындаған кезде, бәрі құрметті адамдардың, ақсақалдардың қатысуымен шешілді. Мұндай конференцияларды өткізу біздің дұрыс бағытта келе жатқанымызды дәлелдейді. Мұндай дөңгелек үстелдер тәжірибе алмасуға, жаңа тәсілдерді табуға және қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға мүм-

Жуырда қала әкімінің өкімімен Шымкент қалалық Білім басқармасының басшысы лауазымына Қуаныш Ғалымжанұлы Ысқақов тағайындалды. Басқарма басшысының қатысуымен көптеген жобалар қолға алынып, шаһардағы білім жүйесінде тың жоспарлар жүзеге асуда.

Шымкенттегі №140 жалпы орта білім беретін мектепте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған негізгі бағыттарды түсіндіру және оны білім беру саласында кеңінен насихаттау мақсатында жиын өтті. Іс-шараға Шымкент қалалық Білім басқармасына қарасты білім беру ұйымдарынан 100-ге жуық педагог қатысты. Басқосуда ұстаздар Президент Жолдауында айқындалған білім сапасын арттыру, мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіру, оқушының тұлғалық қабілетін жан-жақты қалыптастыру мәселелерін талқылады.

«Педагог – ұлттың болашағын қалыптастыратын тұлға. Біз жаңашылдыққа бейімделіп, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заманауи біліммен қаруланған саналы ұрпақ тәрбиелеуге күш салуымыз қажет. Бұл басқосу – бір күндік шара емес, алдағы жұмыстарға серпін беретін жаңа қадам», – деді Шымкент қалалық Білім басқармасы Әдістемелік орталығының әдіскері Жарқынай Арысбаева.

Жиында «Мектеп инфрақұрылымын дамыту – сапалы білімнің кепілі» тақырыбы кеңінен талқыланып, педагогтер тәжірибе алмасып, өзекті мәселелер бойынша пікір білдірді. Қорқыт ата атындағы №22 жалпы орта білім беретін мектептің жас маманы Жалғасбек Тәліпбай семинардың маңыздылығын атап өтті: «Бұл жиында біз IT саласындағы цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану, мектепті басқарудың жаңа үлгілері жөнінде мол ақпарат алдық. Осындай іс-шаралар мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеріп, жаңа идеяларға жол ашады», – дейді ол.



Осындай шаралар ұстаздардың біліктілігін арттырып қана қоймай, білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне ықпал етпек. Алдағы уақытта Шымкент қалалық Білім басқармасы тарапынан педагогтерді кәсіби қолдау мақсатында «Кәсіби диалог», «Зерттеуші мектеп», «Педагогикалық дуэт», «Менторлық мектеп» атты жобалар аясында жоспарлы іс-шаралар

жалғасын табатын болады.

Сонымен қатар Абай аудандық әкімі аппаратының ұйымдастыруымен Шымкент қаласында отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған «Әкеге хат» жобасы сәтті жүзеге асырылды.

Жобаның басты мақсаты – әке мен бала арасындағы сүйіспеншілік пен сенімді нығайту, әкеге деген құрмет

форматта жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Бұл жоба ұлт болашағы саналатын жастардың бойына отбасылық құндылықтарды сіңіріп, ізгілік пен құрмет рухын қалыптастыруға бағытталған тағылымды бастама болды.

Жұмысшы мамандықтар жылы жоспарына сәйкес Шымкент қаласындағы Индустриалды-техникалық колледж

БІЛІМ САПАСЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА



пен ізетті арттыру. Сонымен қатар бұл бастама балалардың шығармашылық қабілетін дамытып, өз сезімдері мен ойларын еркін әрі әсерлі жеткізуге мүмкіндік берді.

Байқауға ауданның 8 – 11 сынып оқушылары арасынан 108 жас қатысып, өз әкелеріне арналған жүрекжарды хаттарын шығармашылық тұрғыда ұсынды. Олардың әр туындысы әкенің отбасындағы рөлін, еңбегі мен камқорлығын бағалауға, алғыс пен ризашылық сезімін оятуға арналды.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды: бас жүлде – ноутбук

студенттері үшін «Дублёр күні» іс-шарасы ұйымдастырылғаны да білім саласындағы басты жұмыстардың бірі. Іс-шара «Asia Trafo» ЖШС өндірістік базасында өтті. Студенттерді нақты өндірістік орта, заманауи технологиялық процесс және кәсіпорынның жұмыс мәдениетімен таныстыруды мақсат тұтқан жиынға 3W07140101 – Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь мамандығының студенттері (өндірістік оқыту шебері Лачилова Оксана Витальевна) мен 3W07150301 – Токарь мамандығының студенттері (өндірістік оқыту шебері Шарипбаев Валихан Толқынұлы) қатысты. Басқосуды ұйымдастыруға жауапты колледж директорының кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары Абдуллаев Нурболат Асылбекұлы.

Asia Trafo – Орталық Азиядағы ең ірі күштік трансформаторлар шығаратын зауыт. Кәсіпорын заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіліп, халықаралық стандарттарға сай өнім өндіреді. Компания оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс істеп, болашақ жұмысшы мамандарды даярлауға белсенді атсалысуда.

Бұған дейінгі ақпараттар легіне де көз жүгіртсек, Шымкент қалалық Білім басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Қуаныш Ысқақов қаладағы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған 12 жаңа білім ордасының директорларымен кездескен болатын. Басқосуда оқушылардың білім сапасын көтеру, ыстық тамақпен және оқулықтармен камту, сондай-ақ қосымша білім беру ісін дамыту бағыттары сөз болды. Қу-

аныш Ысқақов саланың өзекті мәселелерін тыңдап, мектеп басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысының білім беру жүйесіне жаңа технологиялық шешімдер мен жасанды интеллектті енгізу туралы тапсырмасына сәйкес, «Келешек мектептері» жобасы аясындағы мектептерде «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінің мазмұнына

жасанды интеллект тақырыптарын енгізу жұмыстары басталған болатын.

Қазіргі уақытта жасанды интеллект элементтері бар цифрлық шешімдерді білім беру процесіне тәжірибелік тұрғыда енгізу сынақтан өткізілуде. Сабақтар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылады: бастауыш сыныптарда түсіндіру ойын және көрнекілік әдістері арқылы жүргізілсе, жоғары сыныптарда оқушылар чат-боттар құру, деректерді талдау және этикалық жағдайларды шешу сияқты жобалық тапсырмаларды орындайды. Мұндай тәсіл сыни ойлауды, цифрлық сауаттылықты және технологияларға саналы көзқарасты дамытуға бағытталған.

Аталған шешімдер еліміздің бірнеше мектебінде пилоттық негізде қолданысқа енгізілуде. Бүгінде жасанды интеллектпен жұмыс істеуге арналған заманауи цифрлық құралдар мен әдістер сынақтан өтіп жатыр. Білім беру ортасына кезең-кезеңімен Roqed AI, Aqyl, Google Workspace for Education және жасанды интеллект негізіндегі Kahoot сияқты шешімдер енгізілуде. Бұл құралдар оқушылар мен мұғалімдер үшін сенімді көмекшіге айналуға мүмкіндік береді. Олардың қолданылуы білім беруді көрнекі, интерактивті және әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген сипатта болуына мүмкіндік береді. Жасанды интеллект элементтері бар технологиялар цифрлық дағдыларды дамытуға, мұғалімдерді оқыту үдерісін ұйымдастыруда қолдауға және оқушылардың заманауи білім беру тәсілдеріне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ Қуаныш Ысқақов жуырда қала тұрғындарын қабылдап, олардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады.

Қоғамдық қабылдау барысында білім саласына қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Кездесуде қамқоршылық және қорғаншылық саласындағы түйткілдерге ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар «Балдырған» журналының Алматы қаласындағы өкілі Шымкент мектептерінде балаларға арналған басылымды насихаттау жөнінде өз ұсынысын жеткізді. Ал №39 мектептің директоры білім ордасына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін көтеріп, тиісті ұсыныс білдірді. Қуаныш Ысқақов барлық айтылған өтініштер мен ұсыныстарды назарға алып, әр мәселе бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелерге нақты тапсырмалар берілетінін атап өтті.

ДеШымкент қалалық білім басқармасы

Ғалым ДОСКЕН

Белгілі әдебиет сыншысы, режиссер әрі сценарист, филолог Ғалым Доскен 66 жасында дүниеден озды. Ол 1960 жылы 19 шілдеде өмірге келген. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын тамамдаған. Алғашқы еңбек жолын республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде тілшілік қызметтен бастаған. 2001–2002 жылдары «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы жабық акционерлік қоғамы басқарма төрағасының бірінші орынбасары, 2002–2006 жылдары «Қазақстан» РТРК» АҚ-ның президенті, 2007 жылдан бастап «Ел» продюсерлік орталығының көркемдік жетекшісі қызметтерін атқарды.

«Сәулені күту», «Ұлы дала астаналары», «Маңғыстау қабірлерінің түсі», «Жоғалған жарық хроникасы» және т.б. деректі фильмдердің, «Тоғыз құйрықты ақ түлкі», «Сықырлы флейта», «Билейтін құс» кітаптарының, «Жезтырнақ» балеті либреттосының, аудармалардың авторы.

Қазақ руханияты мен журналистикасының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ерен тұлғаның жарқын болмысы халқының жүрегінде сақталады.

«Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясы



ШЫНАЙЫ ӘРІ ЖАҒАШЫЛ ЕДІ

Ғалым Доскен Қазақстанның теле және радио корпорациясын абыроймен басқарды. Ұлағатты ұстаз болды. Қаншама шәкірт тәрбиеледі. Қазақ журналистикасының, отандық медианың, төл руханияттың дамуына өлшеусіз үлес қосты. Кейінгі жылдары кино саласында өнімді еңбек етті. Ахмет Байтұрсынұлына арналған кинотуындысын бірге қарағанымыз есімде. Ол ешкімге ұқсамады. Болмысы бөлек, танымы терең, шынайы әрі жаңашыл еді. Көзқарасы да өзгеше болатын. Сол өзгермеген күйінде өмірден өтті. Марқұмның иманы саламат болсын!

Ерлан ҚАРИН,

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТТІ

Қазақ мәдениетінің көрнекті өкілі, терең білімді әдебиетші, дарынды режиссер Ғалым Доскен ағамыз өмірден өтті. Ардақты ағамыздың отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыра көңіл айтамын!

Ғалым ағамыз еліміздің мәдениеті мен әдебиетінің, телевизия саласының дамуына айрықша зор үлес қосқан ұлтжанды азамат еді. Мен ағамызбен көп жылдар бойы етене-жакын араласып, рухани аға тұтып, үлгі-өнегесін көрдім. Әкеммен атас болғасын да «қызым» деп еркелетіп, ақыл-кеңесін аямайтын. Әрдайым кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін адами биік қасиеттерімен, акеділ көңілімен, даладай дархан пейілімен айналасына сыйлы, қадірлі жан болатын.

Көптеген жобаларды бірге жүзеге асырған кездерде кәсіби біліктілігі мен терең талғамына куә болдық. Ұлттық арнаны басқарған жылдары білікті медиа

менеджер ретінде қазақ телевизиясына соны леп, ерекше өзгеріс алып келді. Қазіргі елге белгілі көптеген журналист Ғалым Доскеннің тәлімі мен тағылымын алғанын мақтан тұтады.

Өткен жылы аурып жүргеніне қарамастан, Ахмет Байтұрсынұлы туралы «Соңғы үкім» атты фильм түсіріп, өмірінің соңына дейін ұлт руханияты үшін қалтқысыз қызмет етті. Ғалым ағамыздың ел игілігі жолында жасаған қажырлы қызметі, өнегелі өмір жолы мен жарқын бейнесі көпшіліктің жадында мәңгі сақталады деп сенемін.

Ағамыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

Алла тағала артында қалған ұрпақтарына амандық, ұзақ ғұмыр берсін. Жаратқан шапағатына алсын!

Аида БАЛЛАЕВА,

ҚР Мәдениет және ақпарат министрі

ЖАРҚЫН ЖҮЗДІ, КӨҢІЛІ КӨКТЕМ ҒАЛЕКЕ-АЙ!

Іні-дос Ғалымның келместің кемесіне ерте мінгеніне өкініштен «Қап, эттеген-ай!» деп отырғанымыз... Ғалеке, өзіңмен аз уақыт болса да «Қазақ әдебиеті» газетінде бірге еңбек еттік. Аз уақыттың ішінде саз да саликалы материалдар жариялап, әдебиетші хәм журналистер қауымына тез танылды. Жалынды жастығың мен адуынды алғырттығыңды байқаған сол кездегі Комсомол комитеті қызметке ала қойды. Одан журналистикаға ден қойып, «Қазақстан пионері» газетіне бас редактор болып орналастың да, келген бойда газет атын «Ұлан» деп өзгертіп білермендігінді таныттың. Уақыт өткен сайын газет саналы да саликалы болып шыға бастады. Мені де газетіңе қызметке шақырдың. Жауапты хатшы болу үшін коммунистік партия мүшесі болу керек екен, мен ол жарықтықта жоқпын. Бекітер кезде комсомолдың басшысының орынбасары Иманғали Тасмағанбетовке: «Көп өткізбей партияға

өтеді», — деп уәде беріп мені бекіттіріп жібергеніңнің өзі ерлік еді... Кейде түс мезгілінде «Зерде» журналының бастығы Есенғали Раушанов екеуім менің оңаша бөлмеде шай ішіп отырып әңгімені әріден бастап, әрін кіргізуші едіңдер... Ал курстастар Таласбек Әсемқұлов пен Тұрсынжан Шапай — үшеуіңнің басың қосылғандағы ғажап әңгімелеріңді естіп көңілім жадырап, санам сан тарапқа шалықтаушы еді... Қайтейік, бәрі өте шықты...

Сенің қазақ мәдениетіне қосқан үлесіңді көпшілік біледі. Соңғы кездегі «Жас Алаш» газетінде жарияланған сұхбатыңды оқып айызымыз қанған еді... Бірге біраз қызметтес болғандықтан білетінім, Ғалекең қашан, қандай жағдайда кезіксең де, көңілі көктем жарқын жүзіңнен айнымаушы едің... Бұл үлкен азаматтығыңның белгісі ретінде көз алдымызда мәңгі сақталады. Жатқан жерің жайлы болсын, іні-дос Ғалеке...

Берік САДЫП

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі ақын, Жазушылар одағының мүшесі Төрегелді Тұяқбайға ағасы

Егенберді РАХМАНБЕРДІҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің ұжымы ақын, белгілі журналист

Еділ АСЫЛБЕКОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.


Мырзатай БОЛАТ

Белгілі ақын, сыншы, сазгер Мырзатай Үйсінбайұлы 78 жасында өмірден озды. Ол 1947 жылдың 12 қарашасында Маңғыстау ауданының Тұщықұдық ауылында туған. Еңбек жолын «Жетібаймұнайгазбарлау» экспедициясында мұнайшы-оператор болып бастап, 1966 жылы Жетібайдағы жұмысшы-жастардың кешкі мектебін бітірген. 1971 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология (қазақ тілі мен әдебиеті) бөлімін тамамдаған.

1971 – 1985 жылдары Жетібайдағы №8 орта мектепте мұғалімдік қызмет атқарған. 1977 жылы өз пәні бойынша облыстық педагогикалық оқулардың бас жүлдегері болған. М.Болат 1986 – 1991 жылдары Қарағия аудандық «Түлеген түбек» газетінде редактордың орынбасары, 1999 жылы облыстық «Хабар» газетінде редактор, 2000 – 2003 жылдары республикалық «Үш қиян» газетінде Бас редактор болды.

1994 – 2003 жылдарда Қарағия аудандық мәслихатының қатарынан екі шақырылымына депутат болып сайланып, белсенді қоғамдық қызмет атқарған. М.Болаттың өлеңдері әр жылдарда республикалық газет-журналдарда жарық көріп, ақындардың «Қарлығаш», «Жыр-моншақ» жинақтарына, мектеп оқушыларына арналған «Маңғыстау әдебиеті» атты хрестоматияға енген. Ақынның поэзиясын Өтежан Нұрғалиев, Қадыр Мырзалиев секілді қазақтың көрнекті ақындары жоғары бағалаған. М.Болаттың Алматыдағы «Бабамұра – М» баспасынан «Бір арман», «Оқшау сөз», «Бостан сөз» атты өлеңдер, әдеби сындар, публицистикалар жинағы жарық көрген. Сазгерлік қырымен де танылған Мырзатай Болаттың «Маңғыстау» атты әні, «Ыңғайтөкпе», «Қара жорға», «Домалатпай» деген күйлері бар. Қазақ руханиятының дамуына зор үлес қосқан қаламгердің жарқын болмысы халқының жүрегінде сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы



МАХАББАТ ИЕСІ, АҚЫН АТТАНДЫ АЛЫСҚА...

Бүгін «Ұстазыңыз Мырзатай Болат дүниеден көшті!» деген жайсыз хабар келгенде, бірден ойыма осыдан 24 жыл бұрын, яки 2001 жылдың 11 тамызында Шынжыр қыстағында жазылған, ұстазыма арнаған «Өлең жазуды үйрету сабағы. Естелік» деген өлеңім оралды. Шынында, апыл-тапыл басқан ақындық қадамыма қуанған жан екеу болса, біреуі Мырзатай ағам еді. Жаны қанша нәзік болса да дүмділердің әлсізге қылған қылдай қиянатын көрсе, болаттай бекіп қалушы еді. 2000 жылдың тамызында Ақтауда «Үш қиян» атты республикалық газет аштық та, редакторлығына Мырзатай ағаны шақырдық. Ол бір өлке руханияты тың тыныс ашқан дүбірлі күндер еді. Мырзекең де соны серпін алып қалам-қаруын қапысыз сілтеген, қалам-қанатын қамсыз сермеген кезең-тің. Аспан-жердің арасында өзінен басқа жан жоқтай батпансыған, талай тапсынған «тәңірлер» мен тепсінген әмірлерді тәубаға келтірген табандарында жер бар екенін, қарауларында ел бар екенін еске түсірген дәуімшар-дәурен, ағымсалкеруен күндер есте.

Ел мен жер тағдыры, ұлттың кеткен есесін түгендеу жолында басымыздан қандай күрестер өтті, неден үміттендік, неден

жиіркендік, нені жеңдік, кімнен жеңілдік сол кезеңдердің жылнамасы хаттаулы тұрғаны ғана медет... Мырзатай аға содан соң өзінің Жетібайына біржола орнықты. Ол орнығу, алайда өзіне залалға шыққан жоқ. Осынау жылдар ішінде көптен суып кеткен жыр ауылына қайта оралды. Аудармамен айналысты. Ән-күйлер шығарды. Әлденеше кітабы жарық көрді. Амал қанша, оның енді ашылған екінші тынысын 60 жастан аса бергенде қапыда ұрған дерт тұншықтырды. Ол көп жылдар сол аурумен арпалысты. Жылда Ұлыстың ұлы күнінен соң көрісіп барушы едім. Баяғыша болмаса да әдебиеттің келешегі, ұлт-ұрпақтың көрешегі хақында риясыз сұхбаттасушы ек.

Өкініштің құндағы өмір ғой бұл: енді, міне, қараша қаздар қаңқылдап қайтып бара жатқан жүдеу күздің жұбау түнінде менің Мырзатай ағам да ғаршының ғайып қайығының ескегіне жармасыпты...

Тірлікте тартқан азабын алдыңнан ғажап болып шыққай, пенделерден көрген азарын алдыңнан жұмақ болып тұтқай!

Бақұл бол, ұлағат иесі ұстаз, шарапат иесі аға, махаббат иесі ақын!

Светқали НҰРЖАН

ӨМІРДЕН ӨЛЕҢ ӨТТІ...

Сан қырлы талант иесі Мырзатай Үйсінбайұлы Болат досым жалған дүниенің соңғы парағын жауып, о дүние деп аталатын өлкеге аттанып кете барды. Құдай-ау кеше ғана еді, хабарлассам деп Мырзатайды ойлап отырғаным. Сол кезде «Мырзатайға уақыт болыпты» деген суық хабар жетіп, төбемнен мұздай су құйып жібергендей абдырап қалдым. Адамның ішкі жан дүниесі жақын жанына болар оқиғаны тылсым тілмен білдіре ме екен?

Маңғыстаудың Бозашы түбегінен бауырымызды көтеріп, өмірге қатар қадам басқан достар едік. Ол – тойнағы бөлек талант иесі. Шығармашылығы сан қырлы сипатта өріс алды. Ол ақын, журналист, педагог, сыншы, аудармашы, сазгер ретінде аймаққа аты кеңінен танылды. Қадыр Мырза Әлі, Өтежан Нұрғалиев, Сайын Мұратбеков сынды классик ақын-жазушылар Мырзатай өлеңдеріне жоғары баға берді. Оның әдебиет пен өнер тақырыбында жазған өткір сындары мен публицистикалық макалалары, өзін-қалжыңдары қаншама. Мырзатайдың «Бостан сөз», «Күретабыр», «Тұрсынғали Көшенұлы», «Бейтаныс әйелдің хаты», «Бір арман», «Оқшау сөз», «Дүние-жарық» (таңдамалы шығармалары) атты кітаптары, «Қостанай мен Маңғыстау», «Бекарыстан-Зердебай» поэмалары жарық

көрді. Ол өз шығармашылығымен қатар, аудармашылықпен де айналысты. Г.Гейне, Н.Некрасов өлеңдерін, С.Цвейгтің «Жеті новелласын» қазақ тілінде сөйлетті. Жігітке жеті өнер де аз деген, сондай-ақ ақын көңілден қанат қаққан «Маңғыстау» әні, «Ыңғайтөкпе», «Қаражорға», «Домалатпай» күйлері өнер ұжымдарының репертуарынан түскен емес.

Ол инсульт алып ауырып жатқанда көңілін аулап, «Қайрау» деген өлең жазып едім. Сонда маған:

Бұйрықсыз кезек күтпей өлемін бе?

Аланың өлшеулісін көремін де.

Медет дос азлімен күлдірді ғой,

Қайратты «Қайрау» деген өлеңінде! –

деп мәз болған-ды...

Мәшһүр Жүсіптің «Адам қайтыс болған күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» деген сөзі ойыма оралып отыр. Досым Мырзатай, сен барша оқырманыңның ой-санасында, жүрегіңдесің, ұмытылмайсың. Сені білетін жандарға, отбасыңа, зайыбың Айманға, балаларыңа қайғыра отырып көңіл айтамын. Ештеңені күлбілтелемей ашық айтатын мәрт мінезді досым, адалдық пен ақиқат айнымас серігің еді, рухың пейіш төрінде шалқысын, жаның жәннатта болсын!

Медет ДҮЙСЕНОВ,

ақын,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі



**Тілеуғазы
БЕЙСЕМБЕК,**

халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Баласын ерте заманда
Медресеге ел беріпті.
Тапшы кезде маманға,
Жас мұғалім келіпті.
Білімді екен жан-жақты,
Білгірі сансыз саланың.
Білімімен шам жақты,
Көкірегіне баланың.
Балалардың талпынған
Зердесіне ой салды.

Алғыс алды халкынан
Мінезімен байсалды.
Білдірді ел ырзалық,
Құрметтеді ата-ана.
Үлкендерді ырза ғып,
Алып жүрді бата да.
Білім деген айдында
Еркін жүзген балықтай.
Балалардың алдында
Үйретуден жалықпай,
Сезіп өзін бақытты,
Шытпапты бір қабағын.
Білгірлікпен оқытты
Жағырапия сабағын.
Алгебра есебін
Түсіндірген жайып кең.
Ұғынбадым десе кім,
Айтып берген байыппен.

Ойға терең бойлауды,
Талап еткен баладан.
Пәлсапалық ойлауды
Ниетімен қалаған.
Он саусағы күйге епті,
Думандатты той күні.
Балаларға үйретті
Шахматты, дойбыны.
Бал арадай гүліңнің
Бал шырынын сімірген,
Шәкірттері білімнің
Нәрін бойға сіңірген.
Медресеге баратын
Кедей-кепшік баласы.
Нақты білім алатын,
Көп білуге таласып.
Осы топта алайда
Ханның ұлы бар еді.
Үйренген кең сарайға,
Мектеп оған тар еді.
Оқытуға сарайда
Жетеді Хан құзыры.
Әлде әке қалай ма,
Түзелгенін бұзығы.
Көрсін дей ме көзімен
Кедейлердің тұрмысын.

Көрсін дей ме өзімен
Салыстырып құрбысын.
Босқа өтті әр күні,
Түсінбеді ұл бірақ.
Күннен күнге тәртібі
Бара жатты құлдырап.
Ұлдарды өзі қатарлы
Кем санап, өзін зор тұтты.
Әйгілі ханның қаһарлы
Ұлымын деп қорқытты.
Ұстазының сөзін де
Құлағына аспады.

Биік санап өзін де,
Әкесімен жасқады.
Мінезі де оңбады,
Айтқанынан қайтпады.

Мынау болды сондағы
Ұстазына айтқаны:
«Мақсатыңыз өтелмей,
Қыршын кетер жаныңыз.
Маған дауыс көтермей,
Жөн ғой ойланғаныңыз».
«Сізге қанша айтамыз,

Ханның айтқан сөздері
Бәлкім, шок боп маздады.
Шарасынан көздері
Шығып кете жаздады.
Байғұс ұстаз шошыды:
«Сізді қалай алдаймын?
Кешіріңіз, осыны
Мен орындай алмаймын».
Білмей қалай басуды,
Толқып тұрған көңілін.

Шығып кетті сыныптан.
Іс болды бір ғажайып,
Ұстаздың асып беделі,
Тәртіп бұзу азайып,
Ұстаздың болды дегені.

Хан ұлы ашпай қабағын,
Ойланды: «ханға зекіді,

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Бөлек біздің жолымыз.
«Екі» қойып байқаңыз,
Төртеу болса қолыңыз.
Аласарып өріңіз,
Домаласын тасыңыз.
Әкеме айтып көріңіз,



Екеу болса басыңыз».
Бала сөзін қоймады,
Ұстаз білді талғамын.
Көрейін деп ойлады
Тағдыр басқа салғанын.
Кім түсінер бұл халін,
Басқа амалы қалды ма?
Шыдай алмай мұғалім,
Барды ханның алдына.
«Алдыңызда құлыңыз,
Кешіріңіз, тақсыр хан.
Оқымайды ұлыңыз,
Сабағымды тапсырған».
Бар ғой сіздей панасы,
Ерке демей не деймін.
Кем де емес санасы,
Баласынан кедейдің.
Білімге деген арыны
Салқындаса не шара.
Жетіп тұрып қарымы,
Талпынбаса бишара.
Қамқорлық пен туғалы
Көргені тек сый-атақ.
Ал мінезі туралы
Айту тіпті ұят-ақ».

Ызалы ұстаз күйінген,
Сөздері ащы өрілді.
Қабағы ханның түйілген,
Қаһарлы болып көрінді.
Хан тұрғанда тағынан,
Қолында асатаяғы,
Адасып ұстаз бағынан,
Дірілдеп кетті аяғы.
Хан қасына келді де,
Еріндері жыбырлап,
Құлағына бірдеңе
Айтып жатты сыбырлап.

Хан айтыпты ашулы:
«Қымбат болса өмірің,
Мені тында енді, сен,
Мен сөзінді бөлмедім.
Хан болатын, сен білсең,
Мұрагерім — ол менің».
«Мейірімді, саналы
Болса менің бағыма,
Оның да бағы жанады,
Отырғызам тағыма».
«Топас боп, алмай тілімді,
Мазағына талайдың
Қалмауы үшін білімді
Хан болғанын қалаймын.
Тани алмай жақынды,
Қарғысын да талайдың
Алмауы үшін ақылды
Хан болғанын қалаймын».
Ұстаз сонда түсінді,
«Мақұл» депті мойындап.
«Орындай алсам ісімді»,
Күдік тұрды ойында.
Айту қиын бұл халін,
Тірі шықты, ал бірақ,
Хан-сарайдан мұғалім
Қайтты басы салбырап.
Бір күдікті ойынан
Десе дағы қуайын.
Үрей кетпей бойынан,
Шырмап алды уайым.
Түнде ілінбей кірпігі,
Ұйқысы түнеп қабақта
Жүргенде, хан бір күні
Кіріп келді сабаққа.
Ханды айтса болғаны,
Дүрсілдейтін жүрегі.
Осы күнді толғанып,
Көптен күтіп жүр еді.



Жүзіне салмай кірбің із,
Сөзді айтты хан тапсырған:
«Рұқсатсыз неге кірдіңіз?
Шығыңыз, кәні, тақсыр хан!»
Осыны айтып, жігіттің
Жүзін алау шарпыды.
Көрінді шеті үміттің,
Ханның сөзі арқылы.
Айтты ма хан есіркеп,
Болар, бәлкім, шын ұққан.
Хан иіліп, «кешір» деп,

Оқымасам сабағын,
Қоя салар «екіні».
Сүмірейіп «екі» алсан,
Хан алдында тұрасын.
Білімсізге қатал хан
Қалдырмайды мұрасын».
Содан былай бәрі де,
Хан ұлы да өзгерді.
Мән беріп білім нәріне,
Оқимын деп сөз берді.
Орнады тәртіп, ептеп те
Көтерілді үлгерім.
Балалар осы мектепте
Өткізді жарқын күндерін...
Тәлім берген қыс-жазы,
Ұстазындай жан бар ма?
Шәкірт түгіл ұстазды
Құрметтеген хандар да.
Ұстазың болса дарынды,
Ол — мәуелі сая-бақ.
Балалар, ұстаздарыңды
Қадірлендер аялап.
Жақсы болса, ол — сенің
Ақылшың да, досың да.
Болашаққа мол сенім,
Ізгілік те осында.
Ұқсайтыны бар тіпті
Пейілі аппақ дәкеге.
Ұстанған қатаң тәртіпті,
Бола алады әке де.
Білімді кім өшірер,
Сіңіп қалған санаңа.
Еркелетіп өсірер,
Бола алады ана да.
Құмарт білім нәріне,
Ерте деме, кеш деме.
Түсіндіріп бәріне,
Дәметпейді ештеңе.
Еңбегі үшін талайғы,

Ұнатпайды сыйды кім?!
Ол құрметті қалайды,
Керек емес сыйлығың.
Қылығыңа сүйініп,
Соған көңілі толады:
Көрген жерде иіліп,
Сәлем берсең болады.
Таза сақта арынды,
Ар бар жерде — иман бар.
Балалар, ұстаздарыңды
Құрметтендер, сыйландар!

Редакторлар
кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП
Бас редактордың
орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының
мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІКҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және
руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер
орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рыскүл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӘЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары
Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН
Жамбыл облысы
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА
Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӘЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші:
Жүніс ОМАР

**РЕДАКЦИЯНЫҢ
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**
8 (727) 272-88-17
e-mail:
kazakh_adebiety25@mail.ru
Мекенжайымыз:
050009, Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй, 3-қабат.

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер галамтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г күәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Офсеттік басылым. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.